*АЙТПАҒЫМ !!! Ей, бауыр! Ей, қазақ! Ей, жарыққа жете алмай, іңірге сүрінген адамзат! Біліммен ғана емес, жүрекпен де өмір сүр! Баланың бетін ашпас бұрын – жанын аш! Кітап оқытпас бұрын – көңіл оқыт! Диплом бермес бұрын – тәрбие бер! Өз болмысыңды жаттың өлшемімен емес, ата-баба аманатымен өлше.. Тірі жүріп, тас жүрек болма! Жарықта жүріп, түнекке айналма! Сенің түп-тамырыңда – махаббат бар! Мейірім бар! Жаратқанның нұры бар! Соған қайта орал! Жаныңды, санаңды, ұрпағыңды рухпен тірілт! Себебі бұл өмір – сынақ. Сынақтан адам болып өте алмасаң – барлығы бекер..*

Айгүл Құрманбектің «Сүйретілген сіңір, тұмшаланған іңір» атты публицистикалық мәтінінің дискурсаралық құрылымы мен мәтінаралық байланыстарын талдау мынаны анықтауға мүмкіндік берді:

1) дискурсаралық байланыстың жоғарыда аталған үш түрінің де – жанрлық, стильдік және фреймдік (концептуалдық) – тоғысуы орын алғанын көреміз. Оларға жеке тоқталып, тарқатсақ: жанрлық дискурсаралық байланыс мына бірліктерден аңғарылады: көсемсөз жанрын танытатын бірліктер: *бәлкім, қайтадан тәрбиеден бастауымыз керек шығар*, бұл автордың үні мен азаматтық позициясын танытады, *Әл-Фараби айтып кеткен ұлы шындық...*тіркесімен берілген дәйексөз ғылым мен білім концептісіне қатысты айтылып, ғылыми жанрға тән дәйектеуін білдірсе, *Жүрекке тас байланды, Қайда барамыз?* деген сөйлемдер эссе не медитативті жанрға тән метафора, риторикалық сұрақ, ой ағысын көрсетеді. Сондай-ақ *Ей, қазақ!*, *Жаныңды рухпен тірілт*! апеллятивтік сөйлемдері ұран не үндеу жанрына сәйкес келеді. Жанрлық дискурсаралық байланыс мәтінді жанрлық жағынан көпқабатты етіп, публицистикалық ойды көркем-рефлексиялық бағытта тереңдете түседі.*Стильдік дискурсаралық байланысты* мына бірліктер танытады: белсенді авторлық ұстанымын, пікірін, экспрессиясын көсемсөз стиліне тән *Бәлкім, бәрін қатырып тастаған білім емес, жүрекке жылу сыйлайтын тәрбие керек шығар* сөйлемі, *Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы* дәйексөзі ғылыми стильді, *Көңіл суық. Көз – мұз, жарықта жүріп, түнекке айналма* сөйлемдері көркем әдебиет стилін, *Жаратқанның нұры бар, Сынақтан адам болып өте алмасаң – барлығы бекер* рухани-метафизикалық лексика діни мазмұндағы ойды білдіріп тұр. Мұндай стильдік дискурсаралық байланыс автордың моральдық-философиялық идеяларын оқырманға эмоционалды әрі танымдық деңгейде жеткізуге қызмет етіп тұр. Фреймдік (концептуалдық) дискурсаралық байланыс: Фрейм – танымдық сызба (когнитивтік схема), ал фреймдік дискурсаралық байланыс – әртүрлі идеологиялық немесе мәдени танымдық (когнитивтік) модельдердің тоғысуы. Айгүл Құрманбектің мәтінінде мынандай фреймдер қиылысады: заманауи білім, академиялық жетістік концептілік мазмұнын танытатын білім фреймі*грант, диплом, шетелдік сертификат* бірліктерінен, ұлттық мораль мен этика мазмұны таңбаланған тәрбие фреймі*Тәрбиесіз берілген білім, тәрбие бер!* бірліктерінен, дін, махаббат, жарық, жанды мазмұндайтын рухани фрейм*Адам – жарықтың перзенті, Жаратқанның нұры* бірлігінен, қазақи болмыс, ата-баба аманатын мазмұндайтын ұлттық фрейм*Ей, қазақ!, Ата-баба аманатымен өлше!* бірліктерінен көрініс тапқан. Бұл концептуалдық фреймдер мәтінде мәдени, дүниетанымдық және философиялық мазмұнды күшейтіп ұлттық дискурстың өзегін құрайды.Бұл дискурсаралық байланыс мәтінді тек публицистикалық шығарма ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық-рухани дискурстың күрделі танымдық (когнитивтік) конструкциясы ретінде де ұғуға мүмкіндік береді.

2) Аталған мәтінде мәтінаралық байланыс бірнеше деңгейде көрінеді: дәйексөзбен көрінетін мәтінаралық байланыс:*Әл-Фараби айтып кеткен ұлы шындық: "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы"*. Бұл – классикалық философиялық мәтінмен байланыс. Жасырын (имплицитті) мәтінаралық байланыс:*Адам – жарықтың перзенті,*

*Жүрекке тас байланды.* Бұл метафоралар Абайдың «толық адам» ілімімен, Шәкәрімнің ариман философиясымен үндес. *Діни мәтіндермен байланысты кодтар*: *Жаратқан, нұр, сынақ, түнек* сияқты сөздер – исламдық мәтіндердің поэтикасын еске салады (Құран тілінде – «нұр», «зұлмат» т.б.).

3) мәтінаралық және дискурсаралық байланысты түзуге қызмет ететін бірліктер болады, оларды былайша топтап беруді жөн санадық: *дәйексөз* (Тәрбиесіз берілген білім...), қоғамдық құлдырауды бейнелеуде қолданылған *антитеза* (Жарық – түнек, Көңіл – суық, көз – мұз), оқырманмен эмоционалды байланыс орнату мақсатындағы *риторикалық сұрақтар* (Қайда барамыз?, Қай бетке бұрыламыз?), тыңдаушының назарын аудартатын *апеллятивтік сөйлемдер* (Ей, бауыр!, Ей, қазақ), логикалық-ритмдік құрылым тудыру мақсатындағы *қайталау* мен *параллель құрылымдар* (Себебі біз… Себебі біз…)

Мәтінаралық және дискурсаралық байланыстар мәтіннің әсерлілігін арттырып, оқырманның танымдық белсенділігін күшейтеді.

Қорыта айтсақ, мәтінаралық және дискурсаралық байланысты талдау заманауи тілтанымның философиясы деуге болады. Бұл байланыстарды талдау арқылы мәтіннің тілдік құрылымда таңбаланған мағынасынан танымдық (терең қабатты) құрылымдағы мәдени, когнитивтік, идеологиялық мағыналарға жетуге болады. Бұл, әсіресе қазақ мәтіндерін, оның ішінде ұлттық болмыс, тәрбие, рухани құндылықтар тақырыбындағы мәтіндерді зерттеуде айрықша маңызға ие. Мәтіннің құрылымдық, прагматикалық және мағыналық жүйесін күрделі деңгейде сипаттауға, әлеуметтік дискурстардың өзара әрекеттесуін, мәтіннің әлеуметтік мәнмәтінде қалай жұмыс істейтінін анықтауға,автор мен оқырманның әлем туралы түсініктерін салыстырып, фреймдер мен концептілердің тоғысын зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ мәтінтануы мен дискурс теориясын жаңа деңгейге көтеруге негіз болады.

**Әдебиет**

1 Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. Москва: «Алконост», 1994. – 175 с.

2 Kristeva J. Desire in Language: A Semiotic Approach to Literature and Art. New York: Columbia Univ. Press, 1980. - 305 pp

3 Fairclough N. Discourse and Social Change.Cambridge: Polity, 1992. - 259 pp.

4 Агибаева С. Поэзия и проза в структуре романа: проблема интертекста: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс..– Алматы, 2002. - 157 б.

5 Шарипова Г. Поэтика интертекста в русско-казахском пространстве литературы XIX-XX вв.: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс..– Алматы, 2010. - 163 б.

6 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферaты. 10.02.02 мамандығы бойынша– Алматы, 2009. - 52 б.

7 Әділова А. Интертекстуалдылық: пікірлер қайшылығы//Известия НАН РК. Серия филологическая, 2006. № 5. 50-53-бб.

8 Гордиевский А. Интертекстуальность и интердискурсивность – к вопросу о разграничении понятий// Вестник Тюменского государственного университета. № 4, 2006 С. 228-233

**С.С.ИСАКОВА**
*филология ғылымдарының докторы, профессор*
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,Ақтөбе, Қазақстан*

## ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Мәдениет пен тілдің бір-біріне әсерін, тілдегі мәдениеттің көрінісін түсіндіру қажеттілігі лингвомәдениеттану сияқты ғылымның пайда болуына әкелді. Лингвомәдениеттану тілді мәдени құбылыс ретінде зерттейді [1, 27]. Тіл ерекше ұлттық менталитеттің көрінісі ретінде қызмет етеді. Мәдени-тарихи аспект тіл білімінің барлық салаларында бар, өйткені тіл білімі тілді қарастырады, бұл өз кезегінде мәдениетті жүзеге асырудың нәтижесі және сонымен бірге құралы болып табылады.

Әзіл-оспақ дискурсы саяси, әлеуметтік, сән, мәдени және т.б. адамдардың өмірінің барлық ағымдары мен өзгерістерін көрсетеді. Сонымен қатар әзіл-оспақ дискурсының мәтіндерінде тілдік құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын дүниенің тілдік бейнесімен тікелей байланысты көрінетін нақты лингвомәдени ерекшеліктерді табуға болады. А. Вежбицкаяның пікірінше, дүниенің тілдік бейнесі – бұл сөйлеушінің ой-санасында туындайтын және тілде көрсетіп, шындықты тұжырымдаудың белгілі бір тәсілі [2, 209]. Дискурсты лингвомәдени аспектіні жүзеге асыру құралы ретінде зерттеу мәдениет пен тілдің ортақ және ерекше структуралық ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Тіл және мәдениет категориялары әртүрлі семиотикалық жүйеге жатса да, мәдениет құрылымдық жағынан тілге ұқсас болып келеді. Әзіл-оспақ дискурсы тілдік тұлғаның сөйлеу және танымдық іс-әрекетіндегі қоршаған шындықпен байланыс үдерісі.

Қазіргі таңда әзіл-оспақ әртүрлі саланың, оның ішінде психология, семиотика және лингвистиканың зерттеу тақырыбына айналды. З. Фрейдтің айтуынша, әзіл-оспақты психологиялық күйзелісті азайту үшін қолдануға болады. Психолог зерттеушілерді әзіл-оспақтың тілі мен техникасы емес, оның адам өмірінде қандай рөл атқаратындығы қызықтырады. Дж. Дорфлес әзіл-оспақ белгілі бір коммуникативті жағдайда белгі мен оның референті арасындағы қатынасты өзгерту кезінде әрекет ететін хабардың белгілі бір түрі деп болжайды. А.Б. Раскин әзіл-оспақты бағалау және оған күле білу қабілеті әмбебап адамдық қасиет екенін, ал адамның әзілге жауап беруі олардың осы қабілетті әртүрлі дәрежеде жүзеге асыруының нәтижесі екенін көрсетеді. Әзіл адамға ғана тән қасиет. Ол адамды психологиялық тұрғыдан күйзелістен шығару және көңіл көтеру үшін қызмет етеді. Әзіл-оспақ адамдардың айналасындағы көптеген белгілерде де кездеседі және тіл адамзат мәдениетіндегі ең үлкен таңбалар жүйесі болып табылады, сондықтан әзіл әр мәдениетке тән, өйткені әзіл-оспақты түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушы белгілі бір деңгейде байланысқа түсуі керек. Әзіл мәнмәтінге байланысты және мәнмәтін түрлі мәдениетке байланысты болады.

Әзілге анықтама беру және «біз неге күлеміз?» деген сұраққа жауап беру әзіл-оспақтың субъективті ерекшеліктеріне байланысты мүмкін емес. Адамдар әртүрлі нәрселерге күледі және кейде әзіл оның шығу тегіне байланысты басқаша қабылдануы мүмкін. Күлкілі деп саналатын нәрсе әртүрлі мәнмәтінде кекесінді түрде түсіндірілуі мүмкін. Мәдени орта әзіл-оспақты анықтауда ең ықпалды мәнмәтін. Қарапайым сөзбен айтқанда, әзіл адамдарды күлдіретін нәрсе немесе адамның күлкілі нәрсені тану қабілеті ретінде анықталады. Күлкі тудыратын кез келген нәрсені әзіл деп санауға болады. Әзіл – кең, көбінесе субъективті түрде қарастырылатын зерттеу тақырыбы. Психология, лингвистика, антропология және медицина сияқты салалардағы көптеген әзіл теорияларына қарамастан, әзілдің қалай жұмыс істейтінін анықтау әлі де мүмкін емес.

Әзіл-оспақ адам өмірінің көптеген салаларын қамтиды. Себебі әзіл – ғаламдық, жалпыадамзаттық құбылыс, тіпті ұлттық құбылыс. Қазіргі ғылыми білімде зерттеушілердің нақты лингвомәдениеттердің әзіл-оспақ ерекшеліктерін және оны тілде нақты жүзеге асыруды зерттеуге деген қызығушылығы артып келеді. Көптеген зерттеушілер әзілдің

ұлттық ерекшеліктерін атап өтіп, трагедиялар мен драмалар жалпыадамзаттық мағынаға ие екенін атап өтті. А.Н. Луктың айтуынша әзілде халықтың тарихи тәжірибесін бейнелейтін ұлттық сипат көрінеді. «Кез келген тілдегі әзіл басқа тілге әрең жеткізілетін ұлттық колоритті сақтайды», - деп жазады ол. Ғалым «Әзіл-оспақтың ұлттық ерекшелігі ұлттық мінездің құрамдас бөлігі ретінде этнопсихологтардың назарына лайық» деп санайды [3, 27]. В.Я. Пропп «Француз күлкісі көркемдікпен, тапқырлықпен (Анатоль Франс), неміс күлкісі – біршама ауырлықпен (Гауптман комедиялары), ағылшын күлкісі – кейде аққөңіл, кейде зәрлі мазағымен (Диккенс, Бернард Шоу), орыс күлкісі – ащы және өткірлігімен (Грибоедов, Гоголь, Салтыков-Щедрин) ерекшеленеді», – деп жазады [4, 18-19]. А.А. Проскуринаның еңбектерін талдай отырып, күлкінің мәні барлық ғасырларда бірдей болып, бірақ «күлкі мәдениетіндегі» белгілі бір белгілердің басым болуы күлкідегі дәуірдің ұлттық ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткізуге болады [5, 17]. Ал В.И. Карасик әзілдің ұлттық ерекшеліктері халықтың мінез-құлқының мәдени доминанттарына байланысты екенін атап көрсетеді. В.И. Карасик әзілді мәдени концептілердің қатарына жатқызады: «мәдени концепт бола отырып, әзіл өмірдің негізгі белгілерімен байланысты құндылық сипаттамаларына ие» [6, 156]. Әдебиеттанушы В.Г. Белинский былай деп жазды: «Әр халықтың құпиясы оның киімі мен асханасында емес, былайша айтқанда, заттарды түсіну тәсілінде» [7, 294]. Бұдан біз белгілі бір лингвомәдени қауымдастық өкілінің дүниені тану ерекшелігінің тілден көрініс табатындығын көреміз.

И.В. Вержинская лингвомәдени аппаратқа «ұлттық әзілдің лингвистикалық үлгісі» немесе «әзілдің лингвистикалық бейнесі» ұғымын енгізуді ұсынады, оның көмегімен тілдік құралдарды (метафоралар, салыстырулар, гипербола және т. б.) жүзеге асыру арқылы әртүрлі ұлттардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрінетін шындықтың күлкілі өзектілігін түсінуге болады. «Әр ұлт уақыт өте келе өмірлік тарихи тәжірибеден туындаған өзінің ерекше әзіл-оспақ формасын алады», – дейді И.В. Вержинская [8, 107]. Шындықты түсінудің ерекше тәсілі бола отырып, әзіл-оспақ мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде түсініксіз болуы мүмкін этностың дүниетанымын көрсетеді. Бұл бағытта Н.Н. Поддубная әзілдің «құпия қызметін» атап өтеді, мұнда түсіну үшін қажетті ақпараттың болмауына қатысты байланыс сәтсіздікке ұшырайды. «Егер адресатқа әзіл-оспақ хабарламасындағы ақпарат белгісіз болса, қарым-қатынаста кедергі болады, «өз» және «бейтаныс адамдар», «бастамашылар» арасындағы шекара белгіленеді [9, 27]. Ағылшынға күлкілі болып көрінетін нәрсе французды таң қалдыруы мүмкін, ал французды қызықтыратын нәрсе орыс халқының өкіліне біртүрлі болып көрінуі мүмкін.

Әзіл-оспақ лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу пәні ретінде көп өлшемді, қарқынды дамып келе жатқан және ұлттық-мәдени тұрғыдан анықталған құбылыс. Адамның және қоғамның өзара байланысы мәдениетті қалыптастырады, бұл мәдениет тілде көрінеді. Мәдениет көрсеткіші және ойлау үдерісінің актуализаторы ретінде әрекет ететін әзіл бұл үрдісте маңызды рөл атқарады [8].

Тіл мен мәдениеттің өзара ықпалы, бұл өзара әрекеттесудегі әзілдің рөлі мәселесі көптеген лингвист ғалымдардың назарын өзіне аударды. Атап айтсар болсақ, ғалымдар А.А. Зализняк, Л.П. Иванова, В.И. Карасик, М.М. Бахтин, В.И. Жельвис, Н.М. Числова, Т. Коэн, М.А. Кулинич, О.А. Леонтович, Д.С. Лихачев т.б. ғылыми еңбектері әзілді зерттеудің лингвистикалық және мәдени аспектісіне арналған. Түрлі мәдениеттердің ұлттық әзілі белсенді түрде зерттеліп келеді. Мәселен, Е.Е. Жук «Британдық және американдық әзілдің лингвомәдени ерекшеліктері (П.Г. Вудхауз бен И.О. Генри еңбектерінің негізінде)» [10] атты еңбегінде лингвомәдениеттану тұрғысындағы көзқарас шеңберінде британдық және американдық әзілге салыстырмалы сипаттама беріп, ұлттық ерекше дәстүрлер этникалық әзілдің қалыптасуына ықпал етеді деген қорытынды жасайды. Мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан Н.М. Числова «Әзіл-оспақ мәдениетаралық коммуникациядағы қуанышты білдіру құралы ретінде» [11] атты еңбегінде әзіл жіктемесі мәселесін көтереді. Орыс және неміс әзіл-оспақтарын зерттеу кеңінен таралған, бұл үрдісті лингвистика және мәдениеттану бойынша ғылыми еңбектерден көруге болады. Олардың қатарында Е.Я.

Шмелева және А.Д. Шмелевтің «Орыс әзілдеріндегі тіларалық каламбурлар» (2011) еңбегі, сондай-ақ Е.В. Романованың «Неміс әзілі: лингвистикалық және мәдени аспектілер» (2014) еңбегі бар. Е.Н.Абдразакова «Орыс, болгар және ағылшын әзілдерінің салыстырмалы когнитивтік және лингвомәдени талдауы» [12] зерттеуінде әзілді когнитивтік және лингвомәдениеттанулық тәсілдер тұрғысынан зерттейді.

А.А. Зализняк әзілді жалпыға бірдей маңызды еуропалық құндылықтарды көрсететін мәдени ұғымдардың бірі ретінде жіктейді [13]. Әзіл-оспақта ұлттық мінез-құлық қасиеттері барынша айқын, сыйымды формулалық образдар мен жағдаяттарда көрінеді. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үрдісінде аймақтық комикс түрлері ерекше және көбінесе жетекші рөл атқарады [14]. М.А. Кулиничтің пікірінше, әзіл «әмбебап адами және сонымен бірге терең ұлттық құбылыс. Әлемнің әртүрлі бөліктерінде олардың қалай және не туралы әзілдесуінде дүниенің күлкілі бейнесінің жалпы заңдылықтары көрінеді, бірақ бұл жалпылық ұлттық мінез-құлық, мәдени дәстүр, әлеуметтік-тұрмыстық сипаттамалармен анықталатын нақты формаларда жүзеге асырылады» [15]. М.А. Кулинич этникалық әзіл сияқты бір ұлт өкілдерінің екінші ұлт өкілдері туралы айтатын әзіл-оспақ, күлдіргі әңгімелер, тапқырлық, жұмбақтардың жиынтығы болып табылатын «әзіл-оспақ әмбебаптығын» да енгізеді. Этникалық әзілдің ерекшелігі ұлттық мінез-құлық, қоғамдық құрылыс ерекшеліктерімен анықталады және ең алдымен әзіл мәтіндерінің тақырыптарынан көрінеді.

Әзіл барлық мәдениеттердің құндылықтарына әсер етеді және әрбір мәдениет үшін құндылықтар иерархиясы бірегей болғандықтан, бұл жағдай шетелдік әзілді түсінуді айтарлықтай қиындатады. Әзілдің табиғаты – адамның өзіне белгілі затқа күлуі. Осыған сүйене отырып, шет тіліндегі әзілді түсіну үшін белгілі бір ұлт дүниесінің құндылық бейнесі туралы білімі қажет. Біртұтас мәдениет аясында оның күлкілі болып көрінуі тарихи-мәдени тұрғыдан тән. Бірақ бір ұлт үшін бұл «күлкілі» басқа мәдениет өкілдері үшін мүлдем түсініксіз болуы мүмкін. Осылайша, ана тілінен басқа тілдік және мәдени қауымдастықтың әзіл-оспақ мәтінінің мәнін түсіну үшін белгілі бір мәдениеттегі коммуникативті мінез-құлық стереотиптерін қабылдауға деген көзқарас қажет [8].

Адам өмірінің бір бөлшегі ретінде әзіл-оспаққа негізделген күлкі жүреді. Осы ретте, қандай да бір елдің өзіне тән мәдениеті мен тілі секілді әрбір елдің ұлттық сипатын көрсететін әзіл-оспақтары болады. Күлкі негізінен жеке ұлттық және жалпыадамзаттық құбылыс болып табылады. Соның бірі – қазақ халқының әзілдері. Олар лингвистикалық сипаты жағынан өзіндік ерекшелікке ие. Әзіл-оспақ лингвомәдени зерттеу нысаны ретінде көптеген зерттеушілердің назарын өзіне аударды. Әр халықтың өзіндік өмірлік құндылықтары, дәстүрлері және ойлау тәсілі бар. Мәселен, қазақ халқының әзіл-оспағына негіз болатын жағдаяттар өзге де түркі халықтарына ортақ болғанымен, өзге ұлт өкілдеріне түсініксіз болуы мүмкін. Себебі әр ұлттың танымы мен өзіндік ерекшеліктерін білмей, олардың әзіл-оспақтарын түсіну қиын болады. Әртүрлі халықтың әзіл-оспағын ұғыну үшін сол халықтың өмір сүру салтымен, ерекшелігімен таныс болуы шарт. Сол себепті әр ұлтқа тән әзіл-оспақ кешенді түрде лингвомәдени, прагматика, семантика, танымдық және тағы да басқа аспектілері тұрғысынан зерттелуі тиіс.

Қазақы әзілдің тамыры қазақ көшпенді болған ғасырларда жатыр. Халықтың қасіретті тарихына қарамастан, қазақ фольклорында қиын жағдайдан күлімсіреп, ойнақы шығып кететін жайдары кейіпкерлер – Алдар Көсе, Жиренше шешен, Ер Төстік, т.б бар. XX ғасырдағы ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс, ядролық сынақтар сынды мәселелер адамның күлкісін тудырмайды. Дегенмен, халқымыз қанша сынақтардан өтсе де, олардың әзіл-оспақ сезімі жоғалмаған. Тарихшылар қазақ даласында әзіл мен сықақ үлкен рөл атқарғанын айтады. Көшпелілер уақытының көп бөлігін жолда өткізіп, малдарын бір жайылымнан екінші жайлауға көшіретіндіктен, олардың бас қосып, ақыл-ойларын шыңдауға мүмкіндік алатын жалғыз жері әртүрлі мерекелер – ең алдымен, үйлену тойлары және өз тауарын саудалайтын жәрмеңкелер. Қу деп аталатын әзілкештер мейрамдарда халықтың көңілін көтеретін болған. Олар түрлі әзілдер, әзіл-оспақ әндері мен көріністер көрсететін болған.

Мысалы, беташар тойында қызды жаңа туыстарымен таныстыруда олардың әдеттерін ойнақы түрде пародиялап, қалыңдықтың сыйлықтарын «бопсалайтын» болған. Сонымен қатар, ақындар мен жыраулар ақсүйектер, соның ішінде хандар қатысқан айтыстарда үнемі өнер көрсеткен. Ең батыл, турашыл, азаматтық саналы ақындар қоғамдық-саяси тақырыптарды қозғай алған.

Қазақы әзіл-оспақтың лингвомәдени сипаты ғылыми зерттеулерде әлі де болса толық қарастырылмаған. Г.Н. Смағұлова, Г.А.Әмірақынова «Қазақ әзілдерінің тақырыптық ерекшеліктері» атты мақаласында әзілге қатысты мәтіндерді саралай келе, оларды келесідей топтарға бөліп қарастырады:

– салт-дәстүрге;
– әлеуметтік жағдайға;
– білім-ғылымға;
– адамдардың жас ерекшеліктеріне қатысты;
– туысқандық, отбасылық байланыс;
– өзге ұлттар арасындағы достық;
– достар арасындағы әзілдер [16, 235].

Осы тақырыптардан бөлек қазақ халқында жиі кездесетін әзіл-оспақтың бірнеше түрі бар. Олар нағашы мен жиен, балдыз бен жезде, жеңге мен қайны және құрдастар арасындағы әзіл-оспақтар. Бұл әзіл-оспақтарды салт-дәстүрге, әлеуметтік жағдайға, оқу-білімге, адамдардың жас ерекшеліктеріне, туысқандық, отбасылық қарым-қатынасқа және ұлттар арасындағы достық әзілдер деп жіктеуге болады. Олардың ішінде жиі кездесетін түрі – қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты және отбасы мүшелері мен құрдастар арасындағы әзіл-қалжыңдар. Ұлттар арасындағы достық әзіл-қалжыңдар да жиі айтылады. Мәселен, өзбек жазушысы Ғафур Ғұлам өзінің әріптес досы Сәбит Мұқановтың сөз тапқыштығын сынау үшін, бірде:

– Сәбе, осы Аралдың суы қанша шелек болады? – деп сұрапты.

Сонда Сәбең іркілместен:

– Е-е, Аралдың суы ма, Аралдың суы тура өзіңдей шелекпен бір-ақ шелек болады, – деген екен.

Адамдар кей кезде қайғылы оқиғаларға күлкі арқылы жауап береді. Бұл әзілдегі Арал теңізі – Қазақстандағы көгілдір су айдыны еді. Дегенмен антропогендік факторлардың салдарынан Арал теңізі қазіргі таңда тартылып, Арал теңізі өңірі экологиялық апатқа ұшыраған.

Отбасылық және құрдастар арасында орын алатын әзіл әдетте күнделікті тұрмыс-тіршілікке, мінезге т.б. байланысты болса, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты әзілдер саяси әзілдерге дейінгі қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды деп айтуға болады. Өйткені, отбасы мүшелері мен достар бас қосуларда бір-бірімен әзілдесе отырып, саясат, қоғамда болып жатқан жағдайларға қатысты мәселе қозғауы мүмкін. Осы орайда, әзіл-оспақты тудырудың бірнеше түрі бар. Мәселен, тұспалдап айту, астарлап жеткізу, метафораларды қолдану. Әзілдеу барысында адамдар бір-бірінің түр-әлпеті мен дене бітімін келемеждемейді. Дегенмен достар, құрдастар, сыныптастар арасында мұндай әзілдер орын алып тұрады. Әдетте ауылда қазақы ортада өскен адамдар қалаға келгенде орыс тілінде сөйлеу барысында күлкілі жағадаяттарға тап болады. Мәселен, бірде орыс пен қазақ көрші тұрыпты. Қонақшыл қазақ орыс тілін білмесе де орыс көршісін қонаққа шақырыпты. Қазақ пен орыс бір-бірлерінің тілін білмей, орыс тамақ алуға ұялып отырады. Қазақ ұялмай жей бер деудің орнына «еш, еш, как тебе не стыдно» депті. Орыс одан сайын ұялып қалады. Қазақ қонақжайлылығын көрсету үшін қой союды ұйғарады. Қазақ орысша қалай айтарын білмей, «я тебя как баран разрежу» депті. Мұны естіген орыс одан сайын шошып, қашып кетеді. Қазақ арлы-берлі өткенде үйге келіп тұр деудің орнына «туда сюда пройдеш все равно поймаю» депті. Осы әзіл әңгімеде қазақтың қонақ күту дәстүрі (қонақжайлылық, сыйлы қонаққа мал сою, қонақ күту т.б.) анық көрінеді. Қазақ мәдениетіндегі қонақ күту дәстүрі ата-бабамыздан келе жатқан мәдени құндылықтардың бірі.

Бірде ақын Мұқағали Мақатаев Ақтөбеге барады. Сол кезде Ақтөбе облыстық газетінде жұмыс жасайтын ақын Мұхтар Құрманалинге барса, бөлмесінде жоқ екен. Қабылдау бөліміндегі жас қызметкерден Мұхтардың қайда екендігін сұрайды. Ол оның редакторға кеткендігін айтып, сәл күтуін өтінеді. Күтіп отырған Мұқағали Мұхтар мен Мұқағалидің қысқартуының Мұқа болатындығын қайта-қайта айта беріпті. Жас қызметкер жай отырмай, Мұқаңның көп болғанмен, Мұхтардың жалғыз екендігін айтады. Сол кезде Мұқағали жас баланың атының кім екендігін сұрайды. Есімі Құрал екен. Сол сәтте бөлмеге басқа бір жігіт кіреді. Ол жігіт Мақатаевты танып, сәлем береді. Мұқағали сәлемдесіп отырған адамның кім екендігін сұрайды. Болат Теміров екен. Мұны естіген Мұқағали редакцияларына құрал-сайман, темір-терсек жинап алғандығын айтады.

Берілген әзіл-оспақ мысалдарынан сол ұлттың мәдени құндылықтары айқын көрінетінін байқауға болады. Мәселен, қазақ есімдерінің мән-мағынасында терең ой жатқандығын Құрал, Болат, Темір т.б. есімдерден көреміз. Құрал есімі әзіл әңгімеде сөз болғандай құрал-сайман емес, көбейе бер, құрала бер, өсіп-өне бер, жапырағың жайылсын, өмірің ұзақ болсын дегенді білдірсе, Болат, Темір есімдері қайратты, күшті бол, мінезің ауыр, сөзің салмақты, салиқалы жігіт болып өс, мінезің болаттай берік, темірдей қатты болсын деген мағыналарды меңзеп тұр. Бұдан қазақ халқының дүниеге келген сәбиіне есім беру дәстүрінің де қалыптасқан өзіндік ұстанымдары бар екені анықталады. Осы әзіл мәнмәтінінен қазақтың сөйлеу әдебіне тән ұлттық ерекшелікті де көруге болады. Қазақ халқының сөйлеу қарым-қатынасында үлкенге құрмет, кішіге ізет ерте кезден қалыптасқан. Кішіні еркелетіп, жақын тартып бауырым, інішек деп ізет көрсетсе, үлкендерге, беделді, сыйлы аға буынға -еке, -аға, -ке, -а, сияқты жалғаулар қосу арқылы: Нүреке, Дәке, Мәке, Сәке, Тәке, Бәке, Нұраға, Мұқа, Бауке – деп құрмет білдіретіні белгілі.

Қазақ әзілінің лингвомәдени сипаты құрдастар арасындағы әзілдерден де анық көрінеді. Қазақ мәдениетінде жас шамасы қарайлас адамдар арасында қалжыңдасу бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Құрдастар әзілге ашуланбаған.

Әзіл концептілерден құралған концептуалдық категория. Солардың бірі – сан алуан тілдік құралдардың көмегімен тілде ерекше белгілермен кодталған ұлттық әзіл. Ұлттық әзіл мәдени тұрғыдан анықталады. Әзіл, тіл, тарих және мәдениет ұлттың күлдіргі лингвомәдени кодын білдіреді. Ұлттық әзіл елдер мен аймақтардың аумақтық шекараларына, сондай-ақ адамның ұлтына байланысты. Адамның әзілді қабылдауы, оның психикалық келбеті адамның туып өскен жеріне, яғни ұлттық-мәдени дәстүрге байланысты. Сонымен қатар, ұлттық тіл – дербес көркемдік құрал. Ұлттық әзіл-оспақтың тілдік формада өрнектелген ерекшеліктері айрықша. Мәселені зерттеушілердің көпшілігі әзіл-оспақ – адамды ұлттың бір бөлігі ретінде тануға мүмкіндік беретін ұлттық мінездің іргелі құрамдас бөліктерінің бірі екенін мойындайды.

Қазақы әзіл жеке адам әлемінен бөлек, әлемнің ұлттық бейнесін көрсетеді деп айтуға толық негіз бар. Әрбір адам өмірді өзінше танып-біліп, өзіне ғана тән ерекшеліктер мен айырмашылықтарға ие болады. Ұлттық сипатқа ие діл мен тіл мәдениет пен тұрмыста көрініс табады. Әлеуметтік маңызға ие әзіл-оспақ алғашында жеңіл күлкі сипатында пайда болып, кейін қоғамда орын алған түрлі оқиғаларға байланысты айтылды.

Әзіл-оспақ мәдени құндылықтарды көрсетеді және топішілік ұйымшылдыққа ықпал ете отырып, мәдени құндылық болып табылады. Әзіл арқылы топішілік сәйкестендірудің ерекше жағдайы ұлттық әзіл болып табылады, онымен біз белгілі бір мәдениет өкілдерінің көпшілігіне түсінікті және ортақ болатын әзілді айтамыз.

Қорытындылай келе, әзіл-оспақты ұлт мәдениетінің айнасы деп айтуға болады, өйткені әрбір ұлттың әзілінен оның дүниетанымын, ділін, дінін, мінез-құлықтарын, мәдени құндылықтарын айқын көруге болады. Әзіл-оспақ – сөйлеу қарым-қатынасының ерекше түрі ретіндегі тілдік және мәдени құбылыс. Кез келген ұлттың әзіл-оспағы дүниенің мәдени бейнесінің бір бөлігі болып саналады, сол ұлттың мәдениеті мен өмірге деген көзқарастарын бейнелейді. Әзіл-оспақтан халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік қатынастарын, психологиялық ерекшеліктері көрініс табады. Әзіл-оспақ ұлттың

құндылықтар жүйесін, адамгершілік қасиеттері мен түсініктерін және мінез-құлық нормаларын айқындайды.

**Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН AP19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
2. Вежбицкая А. Язык, культура, познание. – М.: Русские словари, 1996. – 416 с.
3. Лук А.Н. О чувстве юмора и остроумии.–М., 1968. – С. 27-28.
4. Пропп В.Я. Проблемы комизма и смеха. Ритуальный смех в фольклоре (по поводу сказки о Несмеяне). –М.: Лабиринт, 1999.–288 с.
5. Проскурина А.А. Прецедентные тексты в англоязычном юмористическом дискурсе: автореф. дис. … канд. филол. наук.: 10.02.04 – Германские языки. – Самара, 2004. – 24 с.
6. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
7. Белинский В.Г. Разделение поэзии на роды и виды // Собрание соч. в 9 т. Т. 3. – М.: Худож. лит., 1978. – С. 294-412. Белинский В.Г. Разделение поэзии на роды и виды // Собрание соч. в 9 т. Т. 3. – М.: Худож. лит., 1978. – С. 294-412.
8. Вержинская И.В. Понятие «юмор» в лингвокультурологическом аспекте // Наука и современность. Серия: Языкознание. – Новосибирск: Центр развития научного сотрудничества, 2012. – № 19-2. – С. 105-108.
9. Поддубная Н.Н. Приемы и средства создания комического эффекта в шванке российских немцев: дис. … канд. филол. наук.: 10.02.04 – Германские языки. – Барнаул, 2012. – 170 с.
10. Жук Е.Е. Лингвокультурная специфика вербализации комического в языке произведений О. Генри и П.Г. Вудхауза. дис. … канд. филол. наук: 10.02.19. – М., 2016. – 218 с.
11. Числова Н.М. «Юмор» как средство выражения радости в межкультурном общении [Электронный ресурс]. – URL: https://article/n/yumor-kak-sredstvo-vyrazheniya-radosti-v-mezhkulturnom-obschenii. – 2003. – 35 с.
12. Абдразакова Е.Н. Сопоставительный когнитивный и лингвокультурологический анализ русских, болгарских и английских анекдотов: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук: 10.02.20. – Тюмень, 2007. – 28 с.
13. Зализняк А.А. Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы) // Логический анализ языка: языковые механизмы комизма / под науч. ред. Н.Д. Арутюнова. – Москва: Изд-во Индрик, 2007. – С. 554–557.
14. Козлова С.М. Региональные типы комического характера и национальный юмор: к постановке вопроса // Региональный русский ландшафт в русской перспективе: сборник научных статей. – Тюмень, 2008. – С. 59-65.
15. Кулинич М.А. Лингвокультурология юмора (на материале английского языка): монография. – Самара: Изд-во Самарск. гос. пед. ун-та, 1999. – 264 с.
16. Смағұлова Г.Н., Әмірақынова Г.А. Қазақ әзілдерінің тақырыптық ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – № 1. – Б. 234-239.

**З.М.БИРЖАНОВА**
*Қызылсу орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*
*Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қазақстан*

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДИСКУРСТЫҚ МАРКЕРЛЕР: ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Қазіргі тіл білімінде дискурстық маркерлер — сөйлеушінің ойы мен пікірін құрылымдауда, мәтіннің логикалық байланысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын тілдік бірліктер ретінде қарастырылады. Олар коммуникативтік процестегі сөйлеушінің қатысуын, мәтіннің құрылымдық бөлімдерін бөлуді, ойлардың өзара байланысын және эмоциялық бояуын білдіреді. Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің құрылымы мен қызметін жан-жақты зерттеу тілдің прагматикалық аспектілерін терең түсінуге, сондай-ақ тіл мәдениетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл мақалада қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің негізгі типтері, олардың құрылымы мен коммуникативтік қызметтері талданып, олардың сөйлеу мен жазба дискурстағы маңызы көрсетіледі.

1. Дискурстық маркер ұғымы және оның маңызы

Дискурстық маркерлер (қазақша «дискурстық көрсеткіштер») — сөйлеу барысында қолданылатын, негізгі ойды толықтырып, байланыстыратын, мәтіннің құрылымдық және прагматикалық ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін тілдік элементтер. Олар мәтіндегі логикалық байланыстарды айқындап, тыңдаушының немесе оқырманның ақпаратты қабылдауын жеңілдетеді.

Тіл білімінде дискурстық маркерлердің рөлі соңғы онжылдықтарда айқын байқалды. Олар сөз тіркестері, қосымшалар, зат есімдер, және басқа да морфологиялық формада көрінуі мүмкін. Мысалы, «демек», «яғни», «сондықтан», «бірақ», «әлбетте» сынды сөздер қазақ тілінде кең таралған маркерлерге жатады.

2. Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің құрылымы

Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің құрылымы олардың морфологиялық құрамына және синтаксистік функциясына байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

*2.1. Бір сөзді маркерлер*

Бұл топқа көбінесе модальды, шырайлық және жалғаулық қызмет атқаратын бір сөздер кіреді. Мысалы, «яғни», «демек», «бірақ», «осылайша», «әлі» секілді сөздер сөйлеу құрылымында логикалық қатынасты білдіреді.

*2.2. Фразеологиялық маркерлер*

Фразеологиялық маркерлер — тұрақты сөз тіркестері, олар дискурста белгілі бір қызмет атқарады. Мысалы, «ашық айтқанда», «шын мәнінде», «өз сөзіммен айтсам», «қысқасы» деген тіркестер коммуникативтік мақсатта қолданылады.

*2.3. Жекелеген грамматикалық формадағы маркерлер*

Бұл топқа сөйлемдегі жеке грамматикалық құрылымдар кіреді, мысалы, шылаулар мен қатысымдар: «де», «па», «ма», «қандай» және басқалары. Олар сөйлеудің құрылымын реттеп, қатынасты анықтайды.

3. Дискурстық маркерлердің қызметтері

Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлер коммуникативтік функциясына қарай бірнеше қызмет түрлеріне бөлінеді:

*3.1. Логикалық байланыс қызметі*

Маркерлер мәтіндегі ойлардың, сөйлемдердің арасында логикалық байланыс орнатады. Мысалы, «бірақ» қарсы пікір білдірсе, «сонымен қатар» қосымша ақпаратты жалғайды. Бұл қызмет дискурстың мазмұнын түсінікті әрі құрылымды етеді.

*3.2. Талдау және қорытынды қызметі*

Маркерлер талдау жасау, қорытынды шығару мақсатында қолданылады. «Демек», «яғни», «қорытындылай келе» сынды маркерлер ақпаратты топтастырып, негізгі ойды қорытындылайды.

*3.3. Прагматикалық қызметі*

Дискурстық маркерлер сөйлеушінің эмоциялық қатынасын, көзқарасын білдіруге септігін тигізеді. «Әлбетте», «шындығында» маркерлер сөйлеушінің сенімділігін немесе күмәнін жеткізеді.

*3.4. Қатынас реттеу қызметі*

Маркерлер коммуникация процесінде тыңдаушының назарын аудару, сұрақ қою немесе келісу мақсатында қолданылады. Мысалы, «дұрыс па?», «қалай?» сияқты маркерлер диалогты басқаруға ықпал етеді.

4. Дискурстық маркерлердің сөйлеу және жазба тіліндегі рөлі

Дискурстық маркерлер сөйлеу мен жазба тілінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Олар мәтіннің логикалық құрылымын айқындап, ақпараттың қабылдануын жеңілдетеді. Қазақ тілінде маркерлердің қолданылуы ауызша сөйлеуде жиі байқалады, әсіресе күнделікті қарым-қатынаста, бірақ олар әдеби және ғылыми мәтіндерде де маңызды.

Жазба тілінде дискурстық маркерлердің қызметі — мәтінді қисынды әрі түсінікті ету. Олар ойлардың байланысын көрсетіп, автордың ниетін жеткізуге көмектеседі. Мысалы, ғылыми мақалаларда «біріншіден», «екіншіден», «сонымен қатар» сынды маркерлер өте жиі қолданылады.

5. Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің қазіргі даму тенденциялары

Қазіргі заманда тілдің прагматикалық аспектілері, оның ішінде дискурстық маркерлердің рөлі артып келеді. Әлеуметтік желілер мен онлайн коммуникацияның дамуы дискурстық маркерлердің жаңа түрлерінің пайда болуына ықпал етуде. Интернет-сленг, жаңаша тілдік формалар қазақ тілінің дискурстық кеңістігінде өз орындарын тауып жатыр.

Сонымен қатар, тілдік нормалардың өзгеруі дискурстық маркерлердің қолданылуына әсер етеді. Кейбір маркерлердің мағынасы тарылып, немесе кеңейіп, олардың қызметі жаңаша интерпретацияланады.

Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлер — тілдің құрылымдық және прагматикалық негізін құрайтын маңызды элементтер. Олар мәтін мен сөйлеудің логикалық байланысын қамтамасыз етіп, коммуникативтік процесті тиімді етеді. Дискурстық маркерлердің құрылымы көпқырлы және олардың қызметтері кең ауқымды, бұл тілдің өміршеңдігі мен икемділігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлерді зерттеу тіл білімінің дамуына, тіл мәдениетін сақтау мен дамытуға үлкен үлес қосады. Болашақта олардың функциялары мен типологиясын одан әрі зерттеу қажет.

**Әдебиет**


1. Ахметова, А. Ж. (2018). Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің типологиясы. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Баймұханова, С. М. (2020). Тілдік маркерлер және олардың коммуникативтік қызметі. Қазақ тілі және әдебиеті, №3, 45–57.
3. Қасенова, Г. Т. (2019). Қазақ тіліндегі прагматикалық маркерлер. Астана: Ғылым.
4. Молдабек, А. (2021). Дискурс және тілдік көрсеткіштер. Алматы: Ғылым.
5. Нұркенова, Б. (2022). Интернет коммуникациядағы дискурстық маркерлер. Вестник филологии, №2, 33–44.

**Г.Ж.ЕСЕНОВА**
*«48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

# ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИСКУРС ТАЛДАУЫ: ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Қазіргі тіл білімі саласында дискурс талдауы маңызды зерттеу объектілерінің бірі болып отыр. Дискурс — тілдің нақты қолдану жағдайындағы коммуникативтік әрекет ретінде қарастырылады және оның құрылымдық, прагматикалық, семантикалық аспектілері жан-жақты зерттеледі. Қазақ тіл білімінде дискурс талдауына деген қызығушылық соңғы жылдары айтарлықтай артты, себебі бұл сала тілдің әлеуметтік функцияларын, мәтіндік құрылымын, тілдік қатынастардың ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі дискурс талдауының негізгі әдістері мен бағыттары қарастырылады.

1. Дискурс және оның зерттеу маңызы

Дискурс — бұл тілдік бірліктердің нақты әлеуметтік және коммуникативтік контексте қолданылуы. Ол тек мәтін емес, сонымен қатар сөйлеушілердің ниеті, әлеуметтік рөлдері мен қатынастарын қамтиды. Қазақ тіл білімінде дискурс зерттеу тілдің қолданылуындағы шынайы жағдайларды түсінуге және тілдік құбылыстарды жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

2. Қазақ тіл білімінде дискурс талдауының негізгі әдістері

*2.1. Мәтіндік (текстуальды) талдау*

Мәтіндік талдау дискурстың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Бұл әдіс мәтіннің макро және микротұтастығын, логикалық байланыстарын, тақырыптық дамуын қарастырады. Қазақ тіліндегі мәтіндік талдау грамматикалық, лексикалық, стилистикалық құралдарды, сондай-ақ дискурстық маркерлерді зерттеуге негізделеді.

*2.2. Прагматикалық талдау*

Прагматикалық талдау дискурстағы қатысушылардың коммуникативтік мақсатын, ниетін және контекстті ескереді. Бұл әдіс арқылы қазақ тіліндегі сөйлеу актілері, импликатуралар, прагматикалық функциялар талданады. Сондай-ақ, тілдік мінез-құлықтың әлеуметтік және мәдени аспектілері қарастырылады.

*2.3. Құрылымдық-функционалдық талдау*

Бұл әдіс дискурстың құрылымдық элементтерін — сөйлемдер, абзацтар, маркерлер мен қатынастық элементтерді зерттейді. Қазақ тіліндегі құрылымдық талдау дискурстың логикалық және коммуникативтік құрылымын айқындауға мүмкіндік береді.

*2.4. Когнитивтік талдау*

Когнитивтік талдау дискурстың сөйлеушінің танымдық процестерімен байланысын қарастырады. Бұл әдіс дискурстағы мағыналардың құрылуы, метафоралық және семиотикалық аспектілерін зерттейді. Қазақ тіл білімінде когнитивтік әдістер тілдік сана мен мәдениет арасындағы өзара байланысты ашуға көмектеседі.

3. Дискурс талдау бағыттары қазақ тіл білімінде

*3.1. Әлеуметтік-дискурстық зерттеулер*

Бұл бағыт тілдің әлеуметтік функцияларын, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар арасындағы тілдік қатынастарды зерттейді. Қазақ тіл білімінде әлеуметтік-дискурстық зерттеулер тіл саясаты, көптілдік жағдай, этностық және мәдени ерекшеліктерге назар аударады.

*3.2. Мәдени-дискурстық зерттеулер*

Мәдени-дискурстық талдау тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастырады. Қазақ тіліндегі ұлттық ерекшеліктер, дәстүрлер мен құндылықтар дискурс арқылы көрінеді.

Бұл бағыт мәдени кодтар мен символикалық мәндердің дискурстық көрінісін зерттеуге бағытталған.

*3.3. Медиа-дискурс талдауы*

Медиа-дискурс қазақ тілінің ақпараттық және жарнамалық коммуникациядағы қолданылуын зерттейді. Әлеуметтік желілер, БАҚ мәтіндері мен интернет-коммуникация қазақ тіліндегі дискурс ерекшеліктерін жаңа қырынан ашады.

*3.4. Педагогикалық дискурс зерттеулері*

Педагогикалық дискурс зерттеулері білім беру саласындағы тілдік өзара әрекеттерге, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт тіл үйрету әдістемесін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

4. Дискурс талдау әдістерінің практикалық маңызы

Қазақ тіліндегі дискурс талдау әдістері тілдік құбылыстарды жүйелі түрде зерттеп, тіл саясатын дамытуға, тілдік нормаларды бекітуге, сонымен қатар тілдік ресурстарды тиімді пайдалану стратегияларын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дискурс талдау білім беру, журналистика, аударма және тілдік технология салаларында қолданылады.

Қазақ тіл біліміндегі дискурс талдауы — көпқырлы және кешенді зерттеу саласы. Оның әдістері мен бағыттары тілдің нақты қолданылу ерекшеліктерін ашуға, тілдік және әлеуметтік процестерді түсінуге ықпал етеді. Болашақта қазақ тіліндегі дискурс зерттеулері жаңа технологиялар мен интердисциплинарлық тәсілдерді қолдана отырып, одан әрі дамитын болады.

**Әдебиет**


1. Ахметова, А. Ж. (2020). Қазақ тіліндегі дискурс зерттеулері: әдістер мен бағыттар. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Баймұханова, С. М. (2021). Прагматикалық талдау және қазақ тіліндегі дискурс. Қазақ тілі және әдебиеті, №2, 34–48.
3. Жұматай, С. Т. (2019). Медиа-дискурс және қазақ тілі. Астана: Ғылым.
4. Қасенова, Г. Т. (2018). Когнитивтік дискурс талдауы. Алматы: Ғылым.
5. Нұркенова, Б. (2022). Педагогикалық дискурс: теория және тәжірибе. Вестник филологии, №3, 50–65.



**А.А. ЕСМАГАНБЕТОВА, Ж.А. ТАУШАНБАЕВА**

*№9 ОМГ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, магистрлер*

*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*


## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі кезде тіл ғылымы тек сөз тіркестері мен грамматикалық ережелерді талдаумен шектелмей, коммуникация мен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі аспектілерін қамтитын кең ауқымды зерттеулер жүргізілуде. Бұл салада маңызды орын алатын тақырыптардың бірі — дискурс мәселелері. Бүгінгі таңда тіл білімінің барлық салаларының ішінде осы дискурс мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр. Тіл мен қоғам арасындағы өзара байланыс, мәтіндер мен сөйлеулердің маңызы, коммуникациялық актілер мен олардың әлеуметтік контексттері бүгінгі күні лингвистикалық зерттеулердің басты тақырыбына айналды. Қазақ тіл білімінде де дискурс мәселелері соңғы бірнеше жылда кеңінен зерттеліп, маңызды ғылыми сала ретінде қалыптасты. Бұл өзектілік, ең алдымен, тілдің қоғамдық өмірдегі рөлі мен қазақ тілінің қоғамдағы маңыздылығын арттыру қажеттілігімен байланысты.

Дискурс тек мәтін немесе сөйлеу емес, ол адамның ойлау жүйесін, қоғамдағы тілдік қатынастарды, мәдени құндылықтарды, саясатты және әлеуметтанулық процестерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ тіл біліміндегі дискурс мәселелерін зерттеу қазіргі тіл

саясаты, тілдің ұлттық мұра ретіндегі рөлі және оның әлеуметтік функциялары тұрғысынан аса маңызды. Қазіргі қазақ тіл білімінде дискурс мәселелері белсенді түрде зерттеліп жатқанымен, оның болашағы мен даму бағыттары әлі де толық зерттелмеген.

Дискурс теориясы – тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі. Тіл мен қоғам арасындағы байланыс, тілдік коммуникацияның әлеуметтік рөлі, мәтіндер мен сөйлеулердің құрылымы мен мәні осы теорияның негізгі зерттеу нысандары болып табылады. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі дискурс мәселелері өткен ғасырдың соңында ғана өзекті бола бастады. Осы уақытқа дейін дискурс көбінесе текстологиялық және прагматикалық тұрғыдан зерттелсе, қазіргі уақытта дискурсты когнитивтік, социолингвистикалық, мәдениеттанушылық, психолингвистикалық аспектілерден қарастыру белсенді түрде дамуда.

Дискурс — бұл тек бір сөздер мен сөйлемдердің жиынтығы емес, ол тілдік коммуникацияның үлкен контексінде қарастырылатын құбылыс. Дискурс әлеуметтік, мәдени, саяси, когнитивтік тұрғыдан тілдің қоғамдық қызметін зерттейді. Мәтін мен дискурстың айырмашылығы – мәтін белгілі бір құрылымға ие болса, дискурс әлеуметтік қатынастар мен тілдік қолданудың нақты жағдайларын қамтиды.

Қазақ тіл білімінде дискурс алғаш рет ғылыми айналымға XX ғасырдың соңында енгізілді. Ол кезде дискурс негізінен мәтін теориясының бір бөлігі ретінде қарастырылып келді. Алайда, уақыт өте келе, қазақ тілінде дискурстың әлеуметтік, прагматикалық және когнитивтік аспектілері зерттеле бастады. Тіл білімінің бұл бағыты қазіргі таңда тілдің қоғамдағы рөлін, оның мәдени-әлеуметтік маңыздылығын түсінуге ықпал етуде. Қазіргі уақытта бұл сала бойынша көптеген ғылыми зерттеулер мен монографиялар жазылып, ғылыми дискурс талдауларының әдістемелері қалыптасып келеді. Дегенмен, қазақ тілінде дискурс мәселелері әлі толыққанды зерттелмеген және оны қазіргі заманға сай жаңа әдістермен зерттеу қажеттілігі бар.

Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғаннан кейін, оның қоғамдағы рөлі айтарлықтай өзгерді. Қазіргі кезде қазақ тілінің барлық салаларда, әсіресе саяси, білім беру және медиасалада қолданылуының жаңа формалары мен әдістері пайда болды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі дискурс мәселелері мемлекеттік тілдің қоғамдағы статусын нығайтуға және оның қолданылу ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мәселен, телеарналардағы, әлеуметтік желілердегі және ресми құжаттардағы тілдік қолдану үдерістерін зерттеу қазақ тілінің қоғамда қандай орын алатынын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі дискурс мәселелерін зерттеу бірнеше негізгі бағытқа бөлінеді. Олар:

**Медиадискурс.** Бүгінде ақпараттық кеңістікте тілдің қолданылу ауқымы айтарлықтай кеңейіп, БАҚ, әлеуметтік желілер, блогтар, телеарналар мен радиостанциялар арқылы халықпен қарым-қатынас жасаудың жаңа формалары қалыптасты. Медиадискурс тілдің әлеуметтік құрылымын, саясатты, идеологияны және мәдениетті көрсететін маңызды зерттеу саласына айналды. Қазіргі қазақ медиасындағы дискурстың ерекшеліктері, оның қоғамға әсері және қазақ тілінің медиада қолданылуы зерттеудің басты бағыттарының біріне айналды.

**Саяси дискурс.** Қазақ тілінің саяси дискурстағы рөлі маңызды мәселелердің бірін құрайды. Тіл мен саясаттың өзара байланысы және тілдік манипуляцияның қоғамдық өмірдегі маңызы ерекше. Қазақ тіліндегі саяси дискурстың қазіргі жай-күйі, оның қоғамдағы билік құрылымдары мен саясатқа қатысы зерттеу тақырыбы ретінде өзектілігін сақтап отыр.

**Этнолингвистикалық дискурс.** Қазақ тілінің ұлттық ерекшеліктерін, мәдени мұрасын және этникалық идентификациясын сақтауда этнолингвистикалық дискурстың маңызы зор. Бұл бағытта тілдік дәстүрлер мен ұғымдардың қоғамдағы маңызы, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтар зерттеледі. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі этнолингвистикалық дискурстың қазіргі жағдайы мен оның тілдік өзгерістерге әсері маңызды мәселелер қатарында.

**Когнитивті дискурс.** Когнитивтік ғылым мен тіл білімінің қиылысында туған когнитивті дискурс бағыты қазақ тілінің танымдық ерекшеліктерін зерттейді. Бұл бағытта адамның дүниетанымы мен тілінің байланысы, түсінік пен метафоралардың дискурстағы орны қарастырылады. Қазіргі қазақ тіліндегі когнитивтік дискурсты зерттеу тілді ойлау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі дискурс мәселелерінің болашағы әртүрлі жаңа әдістер мен зерттеу тәсілдерінің енгізілуімен байланысты. Мәселен, қазіргі уақытта мәтіннің прагматикалық талдауы, социолингвистикалық контексте дискурстың зерттелуі, медиа-дискурс және саяси дискурс бағыттары айтарлықтай дамып келеді.

Интернет пен әлеуметтік медиа алаңдары арқылы тілдің қолданылуы өзгеріп отыр. Мысалы, интернет дискурсы, мемдер, блогтар мен әлеуметтік желілердегі пікірлер жаңа зерттеу объектілері ретінде қарастырылуда. Цифрлық кеңістіктегі тілдік қарым-қатынасқа байланысты жаңа зерттеу әдістері мен құралдарын енгізу қажет. Бұл салада тілдік манипуляция, мемдар, жасанды интеллект арқылы жасалған контентті зерттеу қажеттілігі артуда.

Қазіргі кезде қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі рөлі артып келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі статусын нығайту мақсатында қабылданған тілдік реформалар мен тіл саясатының нәтижелерін зерттеу де маңызды бағыт болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдің қоғамдық өмірде қандай өзгерістерге ұшырағанын, оның қоғамдағы әлеуметтік және саяси ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

Тіл мен мәдениет арасындағы тығыз байланыс, ұлттық идентификация мен тілдік жады мәселелері де маңызды зерттеу тақырыптарына айналды. Қазақ тіліндегі дискурс ұлттық мәдениетті, құндылықтарды сақтаудың және дамыту жолдарының бір бөлшегі ретінде қарастырылуда. Бұл салада этнолингвистикалық және мәдениетаралық талдаулар жүргізіледі.

Тіл біліміндегі дискурс мәселелерінің болашағына келер болсақ, аталған мәселе болашақта бірнеше маңызды бағыттарда көрініс табады. Бұл бағыттарда жаңа зерттеу әдістері мен көзқарастардың енгізілуі қажеттілігі айқын көрінеді.

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен әлеуметтік медиа платформаларының кеңінен таралуы тілдің қолданылу аясын кеңейтті. Интернет, әлеуметтік желілер және блогосфера дискурстың жаңа түрлерін қалыптастырды. Бұл контексте цифрлық дискурс зерттеу бағыты маңызды бола бастады. Онлайн коммуникацияның ерекшеліктері, мысалы, интернет мемдері, әлеуметтік медиа посттарындағы тілдік манипуляциялар мен пікірталастар, өз алдына жаңа ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Жаңа медиа контекстіндегі дискурсты зерттеу тіл мен қоғамның арасындағы қарым-қатынасты түсінуге ықпал етеді. Сондай-ақ, жаңа технологиялар мен коммуникация құралдарының дамуы дискурс теориясын жаңа деңгейге көтереді.

Қазіргі кезде дискурс тілдің әлеуметтік функциясын зерттеуде маңызды рөл атқаратын құралға айналды. Әлеуметтік дискурс зерттеулерінде тілдің қоғамдағы әлеуметтік құрылымдармен байланысы, адамдар арасындағы билік қатынастары, идеология мен тілдік манипуляция мәселелері қарастырылады. Тілдің идеологиялық құрал ретінде қолданылуы, оның қоғамдағы таптық, этникалық және саяси айырмашылықтарды көрсетуі, дискурстық анализдің жаңа әдістерін талап етеді.

Бұл тұрғыда, социолингвистикалық дискурс әлеуметтік институттар мен тілдік қондырғылардың қоғамдағы рөлін зерттейді. Ал, саяси дискурс белгілі бір әлеуметтік таптар мен билік иелерінің мақсаттарын жүзеге асырудағы рөлін зерттеу үшін маңызды.

Дискурсты зерттеу барысында интердисциплинарлық тәсілдер мен жаңа әдістерді енгізу қажеттілігі туындайды. Когнитивті лингвистика, нейролингвистика, антропология, психология сияқты салалар дискурсты зерттеуге жаңа көзқарастар мен әдістемелер ұсынады.

Мысалы, когнитивтік дискурс зерттеуде адамның ойлау процесі мен тілдің өзара байланысы тереңірек зерттелуде. Сонымен қатар, автоматтандырылған дискурстық талдау

мен жасанды интеллект негізінде жүргізілетін зерттеулер бұл салаға жаңа мүмкіндіктер әкеліп отыр. Болашақта дискурсты тек мәтіндер мен сөздер деңгейінде емес, сонымен қатар үлкен мәліметтерді талдау арқылы түсіну маңызды болмақ.

Қазақ тіліндегі дискурс мәселелері әлі толыққанды зерттелмеген сала болып табылады. Қазіргі кезде қазақ тіліндегі мәдени дискурс, саяси дискурс, медиадискурс және тұжырымдамалық дискурс секілді бағыттар зерттеліп жатыр. Алайда, қазақ тіліндегі дискурстың мәдени және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, оның әлеуметтік контексте қалай қолданылып жатқанын зерттеу жұмыстары одан әрі тереңдетілуі тиіс.

Қазақ тіліндегі медиадискурс, әсіресе теледидар мен интернет алаңдарындағы қазақ тілінде жүргізілетін пікірталастар мен саясаттағы рөлі туралы зерттеулер болашақта маңызды болып қалады. Тілді ұлттық тұтастық пен мәдениет үшін құрал ретінде қарастырып, оның қоғамдағы орны мен рөлін анықтау дискурстық зерттеулердің басты бағыты болуы керек.

Қазіргі кезде тіл біліміндегі дискурс мәселелерінің болашағы өте кең әрі әртүрлі бағыттарға бағытталған. Цифрлық дәуірдің талаптары мен әлеуметтік өзгерістер тіл мен қоғам арасындағы байланыстарды жаңа түрде қарастыруды қажет етеді. Қазіргі тіл біліміндегі дискурс теориясы жаңа әдістер мен зерттеу тәсілдерін енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, дискурстың әлеуметтік, саяси және мәдени контекстерде терең зерттелуі, оның қоғам мен тіл арасындағы өзара қарым-қатынасты түсіну үшін маңызды рөл атқарады.

Болашақта дискурс мәселелерін зерттеу тілді тек коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени, әлеуметтік, саяси құрылымдарын зерттейтін маңызды фактор ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Тіл біліміндегі дискурс мәселелерін жан-жақты зерттеу қоғамның тілдік саясатын нығайтуға, ұлттық мәдениетті сақтауға және тілдің болашақта дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай кетсек, қазіргі қазақ тіл біліміндегі дискурс мәселелері өте өзекті және көпқырлы. Оның болашағы заман талабына сай жаңа зерттеу әдістерінің енгізілуімен тығыз байланысты. Цифрлық технологиялар мен медиа кеңістігінің дамуы, тіл мен саясаттың, мәдениеттің өзара байланысы дискурсты зерттеудің жаңа бағыттарын қалыптастырады. Қазіргі және болашақтағы дискурс мәселелерін зерттеу қазақ тілінің қоғамдағы рөлін терең түсінуге, тілдік мәдениетті сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді.

**Әдебиет**


1. Сыздық Р. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: «Ғылым», 2004.
2. Иманбекова А.Қ. Қазақ тіліндегі мәтін және дискурс: теоретикалық және практикалық мәселелер. Алматы: Қазақ университеті, 2017
3. Шамова Б. Медиадискурс және оның әлеуметтік-функционалды рөлі. Алматы: ҚазМемҚызПУ баспасы, 2016
4. Сауранбаева М. Қазақ тіліндегі прагматикалық дискурс. Алматы: «Ана тілі», 2013.
5. Мұқаметқали Ж. Қазақ тіліндегі саяси дискурс және тілдік манипуляция. Алматы: «Білім» (2019).
6. Ташенова Ж.Т. (2018). Этнолингвистика және қазақ тілінің дискурстық құрылымы. Алматы: «Арыс» баспасы.
7. Жанұзақова Ж. (2015). Тіл мен мәдениет: қазақ тіліндегі этнолингвистикалық дискурс. Алматы: «Шағатай» баспасы.

**М.Т. КУШТАЕВА**
*филология ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы*
*Ақтөбе өңірлік университетінің доценті,*
*Қазақстан, Ақтөбе*

# ЭТНОНИМДЕРДІҢ МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН КОГНИТИВТІ НЕГІЗДЕРІ

Кез келген халықтың алыс замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары — сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен замандардан жеткен мұралары бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры да.

Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттілігі арта түспек. Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, ойдың оралымдылығы мен тілдің құнарын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең арғысы талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады. Демек, "мәдениет дегеніміз адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терісінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтиды" [1.14]. Әрине, "мәдениет" атауының мәні кең. Материалдық, рухани мәдениет деп екіге бөлудің өзінде де шарттылық бар. Осы тұрғыда базалық материалдық мәдениетті танытатын атауларды (солардың бірі «шаңырақ»лексемасы) концепті түрінде тану керек. Әсіресе, ұлттың ұлттық ерекшелігін, таным-түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды (атауларды) "мәдени концепті" ретінде когнитивті тұрғыда қарау қажет. Сондықтан да "мәдени концепті" когнитивті лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр.

Когнитивті лингвистика, метафораның когнитивті теориясы — ғаламның тілдік бейнесінің концепциялар тұрғысынан тіл-білімді жүйелеу мен құрудың құралы. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және (немесе) ассоциациялық өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді. Біз бұдан "мәдени концепті" деп танылатын лексеманың концепт құрудағы өзінің лексиконы, синонимдік қатары, ассоциациялық байланысы бар және семантикалық өрісі кең атауларды концепт ретінде танимыз.

"Концепт" терминінің теориялық негіздері Д.С.Лихачев, Н.Д.Арутюнова,Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева,В.Айрапетян, В.В.Колесов, В.А.Маслова, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкаяның еңбектерінде әр қырынан қарастырылады. Н.Д. Арутюнова мәдени концептілер туралы былай дейді: "... каждое из этих слов обладает своими законами, сочетаемости, своимлексиконом,фразеологией, риторикой и шаблонами, своей областью референции, и поэтому, описывая и анализируя "язык" каждого культурного концепта, мы открываем доступ к соответствующему понятию" [2.3].

Концепт сөздердің терминдік мағынасы - әр ғылым саласында әр түрлі. Адам күнделікті өмірде *тағдыр, шындық, парыз, абырой, бостандық, еркіндік* т.б. сөздерді қолданса да, олардың мағынасын анық түсіндіре алмауы мүмкін. Ол сөздердің беретін ұғым-түсінігін түсіндіру адамның тілді білу тәжірибесіне қарай әр түрлі болады.

Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Рухани-мәдени сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау - жаңа үстеме мән-мағынаның

ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі.

Әсіресе, тірек концептілер (тірек сөздер) — мәдениеттің бір элементі, сонымен қатар оны түсінудің де кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдерін тану арқылы, біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Тірек концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз. Р.С.Сүгірбекова: "В этом смысле термин "концепт" уместен и представляется довольно удачным: в одном термине концентрируется и принцип анализа слова с точки зрения его культурной значимости, и принцип анализа культуры посредством изучения ее наиболее существенных понятий [3.12],- дейді.

Алайда, осы жерде "мәдени концепт" деп қандай сөздерді танимыз деген сұрақ тууы мүмкін. Н.Д.Арутюнованың ойынша, "мәдени концепт" - философиялық, этикалық ұқсас терминдер. Бұл сөздер таңбалайтын ұғымдарды философиялық, этикалық ғылыми зерттеулер қарастырады. Сөйтсе де, ол сөздер кез келген тілдің актив сөздік қорына кіреді, яғни сол тіл өкілінің әрқайсысына түсінікті мағынада қолданылады [4.117-129].

Осы мәселе төңірегінде В.А.Маслова мәдени ақпарат тілдің номинативті бірліктері арқылы төрт тәсілмен: "мәдени семалар", "мәдени ая", "мәдени концептілер", "мәдени коннотациямен" берілетінін айтады. Мәдени концептінің кілті /ключевыми концептами культуры тек жеке тілдік тұлға емес, сонымен қатар лингвомәденитаным тұрғысынан жалпы қоғамдағы эксизтенционалды (англ.existential "имеющий (выражающий) значение бытия) мағыналы әлем бейнесінің өзегі болып табылатын тілдік бірліктерді айтады және мәдениеттің негізгі концептісіне *ар, тағдыр, күнә, заң, бостандық* т.б. дерексіз атауларды жатқызады [5.14].

Д.С.Лихачевттің анықгауы бойынша, концептілер адамның санасында белгілі бір мағынаға сілтеме ретінде және адамзаттың жалпы тілдік тәжірибесіне поэтикалық, прозалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи т.б. нұсқаушы ретінде туындайды [6.6].

А.Я.Гуревич мәдени концептілерді: "кеңістік", мәдени универсалды /әмбебаб/ (универсальными категориями культуры) деп аталатын философиялық категория *(мезгіл, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс)* және "мәдени категориялар" (культурные категория) деп аталатын әлеуметтік категориялар *(бостандық, құқ, әділеттік, еңбек, байлық, жекеменшік т.б.)* деп екі топқа бөледі. В.А.Маслова бұдан үшінші бір топ "ұлттық мәдени категорияларды" (категории националбной культуры) бөліп шығарған дұрыс деп көрсетеді [5.51]. Мысалы, қазактар үшін *қонақжайлық, батырлық, ерлік, ұйымшылдық, еңбекқорлық* т.б. ұғымдар мәдени концептінің ұлттық мәдени категорияларына жатады. Концептілік өріске қатысатын, яғни құрамында «шаңырақ» лексемасы бар тілдік орамдар қатысты тірек ұғымдар - осы аталған мәдени концептілердің категориялары ретінде танылады. Бұл орайда қазақ халқының ертеден келе жатқан материалдық мәдениетін айғақтайтын, яғни халықтың материалдық мәдениетін танытатын атау ретінде және бірнеше концептінің құрылымдық элементі ретінде «шаңырақ» лексемасы мәдени концептіге жатады. Осы тұрғыда мәдени концептілер категорияларына қатысатын құрамында «шаңырақ» лексемасы бар тұрақты сөз орамдарында, яғни тірек немесе түйінді ұғым негізінде этностың мәдени, рухани болмысы бейнеленеді. Сонымен бірге концептілерге талдау жасағанда әр тілде мәдени-ерекше /культурно-специфичных концептов/ концептілер басым болады. Біз «шаңырақты» мәдени-ерекше концептіге жатқызамыз. Өйткені *шаңырақ* – ұлттың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын маңызды категориялардың бірі.Осыдан тілімізде «*қасиетті қара шаңырақ*»*", «ақ шаңырақ», «қара шаңырақ»,* сиякты т.б. тұракты тіркестер туындап,әр тіркес мәдени концептілік өріске қатыса алады деген сөздің Мұндағы «*шаңырақтың*» киіз үйдің төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені де белгілі. *Шаңырақ* «*үй, отбасы*» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «*Шаңырағың биік болсын*!» деп бата береді. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз. *Шаңырақ – киіз үй мен көк әлемнің арасын қосып тұратын қасиетті ұғым.*

Қазақ шаңырағында әуелі әке, сосын ана осы отбасының ұстазы болмақ. Ата-анасы отбасында имандылыққа тәрбиелесе, ол бала тіл алғыш, адал, үлкен-кішіге қамқор болып өседі. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі сыйлауынан, қадірлеуінен, әсіресе, баланың қартайған әке-шешелеріне қамқор болуынан көрінеді. Үлкен балалары отау тігіп, бөлек шыққанда ең кенже ұл (кіші ұлы) әкесімен бірге қалады. *Қара шаңырақ, үлкен үй* деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып қағатын, көне салт бүгінгі Қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған. Әке-шешені асырау кенже ұлдың міндеті. Әкесі бар кезінде де немесе ол қайтыс болғаннан кейін де осы үй «*қара шаңырақ*» деп аталады. Бұл «*үлкен үй*» деген мағынаны білдіреді. Егер «*қара шаңырақ*» батыр, би, әулие, молда, сыйлы кісілердің үйі болса, онда сол ауылдың адамдары алыс сапарға шықса немесе алыстан адам келсе сол үйден ырым қылып дәм татады.

Әсіресе, "шаңырақ" атауы отбасы, жас отау, отбасы иесі т.б. әлеуметтік мәнділігі жоғары ұғымдарды білдіретін концепт жасауға құрылымдық элемент ретінде қатысады. Алайда, басқа атауларды концептіге жатқызбасқа деген ой туары сөзсіз. Бұл тұрғыда "шаңырақ" лексемасы — бірнеше концептінің құрылымдық элементі ретінде қатысатын әлуеті (потенциалы) өте күшті лингвомәдени бірлік. Өйткені тілімізде "шаңырақ» лексемасына қатысты сөздер, символдар, перифразалар, тұракты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мәтін деңгейіндегі прецеденттер (аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, жұмбактар, ертегілер) мол. Бұл жоғарыда айтып кеткендей аталмыш лексема қазақ халқының дәстүрлі мәдени шаруашылығының болғанын айғақтайды.

Концепт сөздерді анықтау принциптері кей кездері субъективті түрде жүргізілуде. Мысалы, "Тілдің логикалық анализі" мәселесімен айналысушы топтың өкілдері көптеген концепт сөздерді "философиялық ғылыми категориялар" және "практикалық философия ұғымдарын беруші сөздер" деп шектеуге тырысады. Концепт сөздерге бұлай қарау оларды бірнеше ондаған сөздерге ғана сыйдырады. Ал тілдегі қаншама мың сөздер, соның ішінде дерексіз ұғымдағы сөздер, сол ондаған концептінің аясына сыя бермейді.

А.Н.Мороховский дерексіз лексиканы мәдени сөздерге, ғылыми терминдерге және идеологиялық сөздерге қарама-қарсы қояды. Автордың ойынша, бұл үш топтағы сөздердің семантикасын бөлу себебі, біріншіден, атқаратын қызметінің, екіншіден, пайда болу тәсілдерінің, үшіншіден, беретін ұғымдарының әр түрлілігіне байланысты. Ғылыми терминдерді жеке тұлғалар жасайды, олардың алға қоятын міндеті - жаңа идеялар мен концептілерге ат қою, олар ғылыми түсінікті қамтиды. Мәдени сөздерді әлеумет жасайды, олардың міндеті - тілдегі кейбір түсініктерді, ұғымдарды сол әлеуметте бар концептілерді орнықтыру, олар рухани сананы, түсінікті қамтиды. Идеологиялық сөздерді жекелеген тұлғалар дүниеге әкеледі, әлеумет оны қабылдайды. Олардың міндеті - үгіт-насихат, тапсырма және иллюзиялық түсінікті, яғни болмысты әсерлеп түсіндіруді қамтиды [6.55]. А.Н.Мороховскийдің көзқарасы бойынша, мәдени сөздердің терминдерден айырмашылығы мынада: терминдер бір тілден екінші тілге оңай ұғынылады, ал мәдени сөздерді екінші бір тілге дәл аударып беру үлкен қиындықтар туғызады, себебі олардың әрқайсысында сол ұлт мәдениеті, менталитеті бейнеленеді.

Біздіңше, дерексіз сөздердің өзі де концепт (мәдени сөздер) бола алады. Өйткені олардың мағынасы да қандай да бір рухани мәдени ұғымды береді. Сондай-ақ сөздердің "мәдениленуі" рухани немесе дерексіз категориялардың негізінде ғана емес, сонымен бірге әдет-ғұрыпты сипаттайтын, адамның жекелеген қасиеттерін білдіретін сөздердің (тұрмыс, мінез-құлық, кедейлік, батырлық т.б.), тіпті нақты іс-әрекеттердің (ән салу, суға жүзу, аңға шығу, балық аулау, егін салу) негізінде де жүзеге асады. Жекелеген халық үшін бұл сөздер жалпы мәдени мағынаға ие бола алады. Өйткені олар қандай да бір мәдени ерекшелікті білдіреді

Мәдени концепт сөздердің аясы нақты, жинақтаушы заттық лексиканың есебінен кеңейе алады. Мысалы, "үй", "отбасы", "соғыс", "қару", "қайың", "тары" т.б. көптеген өсімдік пен жануарлардың, тұрмыстық заттар мен құбылыстардың атаулары жекелеген ұлттың өзіндік менталитетіне байланысты ерекше концептілік мән алуы ықтимал. Сөйтіп, заттар мен құбылыстарды таңбалаушы тілдік бірліктер мәдени компоненттерімен ерекшеленеді. Мысалы, американдықтар үшін жүгері сыйлы қонаққа даярланатын тағам болса, орыс халықтары үшін картоп — күнкөріс көзінің бірі. Орыстар үшін картоп — бақшалық дақыл ғана емес, мәдени мазмұнға ие атау.

Сөздердің мәдени концепті қатарына енуі олардың прагматикалық, семантикалық сипаттарына байланысты. Біз концепт сөздерді мәдениеттің екі жағы іспетті материалдық және рухани мәдениеттің өзара байланысы ретінде қарастыру бағытын ұстандық. Рухани мәдениетті жан-жақты әрі терең танымдық зерттеу - тілдегі бүкіл сөздерді концептіге жіктеуге мүмкіндік береді.

**Әдебиет**


1. Сейдімбек А. Сонар. –Алматы, 1989. -352 б.
2. Логический анализ языка: Культурные концепты. –Москва: Наука, 2011. -199 с.
3. Сугирбекова С.Р. Концепты контраста в романе Д.М.Достаевского «Преступление и наказание». Канд. Дисс. –Алматы, 2001.
4. Арутюнова Н.Д. Образ (опыт концептуального анализа) // референция и проблемы тестообразования. –Москва, 1998.
5. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. –Москва: Наследие, 2013. -268 с.
6. Мороховский А.Н. «Культурные» и «некультурные» слова // Концептуальный анализ: методы, результаты, переспективы. –Моска: Наука, 2010. -213 с.



**М.О. МИРОВ**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*
*Қазақстан, Ақтөбе*


## НЕЙРОЛИНГВИСТИКА МЕН ДИСКУРСТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Қазіргі заманғы лингвистика ғылымында тілді зерттеудің пәнаралық сипаты барған сайын маңызды бола түсуде. Солардың ішінде нейролингвистика мен дискурстану теориясының түйісуі тілдің табиғатын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Тіл — бұл тек коммуникативтік құрал ғана емес, ол адамның когнитивтік қызметі мен нейрофизиологиялық күйін білдіретін күрделі құрылым. Заманауи тіл білімінде тілдің тек құрылымдық аспектілері емес, сонымен қатар оның қолданылу контексті мен ми деңгейінде өңделу жолдары да зерттеу нысанына айналып отыр. Нейролингвистика — тіл мен мидың өзара байланысын, сөйлеу процестерінің ми құрылымдарымен қалай жүзеге асатынын зерттейтін сала. Бұл ғылым саласы тілдің өңделуіндегі биологиялық, физиологиялық және когнитивтік механизмдерді ашуға бағытталған. Ал дискурс теориясы — тілдік құралдардың нақты әлеуметтік контексте қолданылуын, прагматикалық және жанрлық құрылымдарды қарастыратын бағыт. Ол сөйлеу актісі мен оның құрылымын, сөйлеушінің ниетін, тыңдаушының түсіну деңгейін, коммуникативтік жағдаяттарды толық талдайды. Бұл екі ғылымның түйісуі сөйлеу әрекетінің когнитивтік және әлеуметтік компоненттерін бір мезгілде түсіндіруге жол ашады. Тілді түсіну мен сөйлеу кезінде іске қосылатын нейрондық процестер дискурсты қабылдау мен интерпретацияда маңызды рөл атқарады. Зерттеулер

көрсеткендей, адам миы тілдік құрылымдарды өңдеу кезінде контекстке негізделген болжам жасайды, сөйлеушінің мақсатын анықтауға тырысады, әрі ақпараттың прагматикалық аспектілерін талдайды. Осы мақалада нейролингвистика мен дискурс теориясының байланысы, Брока және Вернике аймақтарының функциялары, ми құрылымдарының дискурстық өңдеуге қатысы, когнитивтік модельдер мен қазіргі зерттеу нәтижелері кешенді түрде қарастырылады. Сонымен қатар тілдік патологиялар, жасанды интеллект контекстіндегі дискурс өңдеу, мультимодальды коммуникация жағдайында нейролингвистикалық механизмдерге қатысты мәліметтер келтіріледі. Осы тақырыпты зерттеу тек лингвистика ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар медицина, психология, жасанды интеллект, білім беру сияқты салалар үшін де аса өзекті. Сондықтан тілдің когнитивтік және әлеуметтік қырларын бір мезгілде зерттейтін пәнаралық бағыттардың маңызы арта түспек.

Нейролингвистика – бұл тілдің мида қалай өңделетінін, сөйлеу мен түсіну процестерінің қандай ми құрылымдары арқылы жүзеге асатынын зерттейтін ғылым саласы. Бұл сала лингвистика мен нейроғылымның түйіскен нүктесінде пайда болған және сөйлеу әрекетінің биологиялық негіздерін түсінуге бағытталған. Адам миында тілмен байланысты қызметтерді жүзеге асыратын нақты аймақтар бар екені дәлелденген, олардың ішіндегі ең танымалы – Брока және Вернике аймақтары. XIX ғасырда француз дәрігері Поль Брока сол жақ маңдай бөлігінде орналасқан аймақтың сөйлеуді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын анықтады. Бұл аймақ зақымданған жағдайда адам түсінікті ойлай алғанымен, сөйлеу қабілетін жоғалтады немесе шектелген сөйлеу үлгілерін ғана қолдана алады. Мұндай жағдайлар «Брока афазиясы» деп аталады. Ал неміс дәрігері Карл Вернике анықтаған самай бөлігіндегі аймақ тілдік ақпаратты түсінуде маңызды болып табылады. Бұл аймақ зақымданғанда адам еркін сөйлей алғанымен, оның сөйлеуі мағынасыз немесе контекстке сай келмейтін болуы мүмкін, бұл «Вернике афазиясы» деп аталады. [1.].

Нейролингвистикалық зерттеулердің басты мақсаты — ми мен тіл арасындағы байланысты нақты әрі дәл сипаттау. Заманауи технологиялар, әсіресе функционалды магнитті-резонанстық томография (fMRI) мен электроэнцефалография (EEG), осы процестерді нақты бақылауға мүмкіндік береді. [2.]. Бұл әдістер арқылы тіл өңдеу кезінде ми белсенділігінің динамикасын көруге болады. Мысалы, сөйлем тыңдағанда немесе жазбаша мәтінді оқығанда адамның сол жақ жартышарының белгілі бір бөлімдері белсендіріледі. Бұл факт тілдің өңделуі біртұтас жүйе емес, керісінше, көптеген когнитивтік операциялардың күрделі үйлесімі екенін дәлелдейді. Сонымен қатар зерттеулер көрсеткендей, тек тілдік өңдеу ғана емес, сонымен қатар эмоция, назар аудару, жад сияқты функциялар да тіл қабылдау процесіне әсер етеді. Бұл ми құрылымдарының тілге тек механикалық емес, көп деңгейлі, интегративті түрде қатысатынын көрсетеді. Осылайша нейролингвистика тіл мен ми арасындағы күрделі қарым-қатынасты, сөйлеу актісінің когнитивтік және физиологиялық негіздерін ашуға көмектеседі. Ол сөйлеу бұзылыстарын диагностикалауда, тіл үйрену процестерін оңтайландыруда, сондай-ақ жасанды интеллект жүйелерін дамытуда кеңінен қолданылады.

Нейролингвистиканың зерттеу аясында тілдің даму сатылары, көптілділік жағдайындағы ми қызметі, тілді жоғалту және қалпына келтіру процестері сияқты мәселелер де қарастырылады. Мысалы, екі немесе одан да көп тіл білетін адамдарда тіл өңдеу кезінде қосымша ми құрылымдары іске қосылуы мүмкін. Бұл көптілділіктің когнитивтік артықшылықтарын көрсетеді және нейропластиканың бір дәлелі болып табылады. Нейропластика — мидың өз құрылымын өзгерте алу қабілеті, бұл жаңа тіл үйрену немесе тілдік қабілетті қайта қалпына келтіру жағдайында ерекше маңызды. Сонымен қатар, балаларда тілдің дамуы кезінде ми құрылымдарының біртіндеп жетілуі, сөйлеу мен түсіну процестерінің бір-бірінен ажыратылып қалыптасуы нейролингвистикада кеңінен зерттеледі. Бұның барлығы тіл мен ми арасындағы өзара әрекеттің күрделі, көпқырлы әрі көпдеңгейлі жүйе екенін дәлелдейді. Нейролингвистика осындай күрделі

байланыстарды жүйелеп, тілдік процестердің ғылыми негіздерін қалыптастыруға зор үлес қосуда.

Дискурс теориясы — тілді коммуникативтік жағдаятта, нақты сөйлеу актісі мен әлеуметтік контекст аясында қарастыратын тіл білімінің саласы. Бұл бағыт лингвистика мен философия, әлеуметтану, психология сияқты салалармен тығыз байланысқан. Дискурс — бұл сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік өзара әрекеттің нәтижесінде пайда болатын мағыналық құрылым. Оның құрылымы сөйлеу мақсатына, прагматикалық интенцияға, мәдени нормалар мен контекске байланысты құралады. Дискурсты түсіну үшін тек грамматикалық ережелер жеткіліксіз, бұл үдеріс прагматикалық тұспалдарды, вербалды және бейвербалды белгілерді, интонация мен контекстік білімді қажет етеді. Сол себепті дискурсты қабылдау когнитивтік үдеріс ретінде қарастырылады. Адам миы дискурсты қабылдағанда, ақпаратты логикалық ұйымдастыру, мәнмәтіндік байланыс орнату, сөйлеушінің ниетін тану секілді бірнеше танымдық операцияларды қатар орындайды.

Дискурстық талдау қазіргі тіл білімінде мәтінді және сөйлеуді біртұтас құрылым ретінде қарастырып, семантикалық және прагматикалық деңгейде түсіндіреді. Дискурстың негізгі сипаттамалары — тұтастық, байланыстылық, мақсаттылық, прагматикалық сәйкестік болып табылады. Бұл ұғымдар когнитивтік тұрғыдан алғанда адам санасында қалыптасатын білім құрылымдарының, яғни фреймдер мен сценарийлердің тілдік көрінісін сипаттайды. Мәселен, белгілі бір жағдаятқа байланысты айтылған сөйлемнің мағынасы сөйлеушінің мақсаты мен тыңдаушының алдын ала білім қоры арқылы ұғынылады. Бұл феноменді зерттеуде Р. Лэнгекер, Т. ван Дейк, Дж. П. Джи, Д. Шифрин секілді зерттеушілердің еңбектері маңызды.[3.136-141]. Дискурс теориясы арқылы тілдің тек құрылымдық емес, қолданбалы аспектілері, яғни тілдің қандай жағдайларда, қандай мақсатта, қандай стратегиялармен қолданылатыны зерттеледі. Бұл тұрғыда дискурсты зерттеу когнитивтік модельдермен тығыз байланыста жүреді. Мысалы, тілдік ақпараттың қабылдануы мен интерпретациясы когнитивтік схемалар арқылы іске асады. Адам санасында қалыптасқан концептуалдық модельдер сөйлеу барысында белгілі бір тілдік құрылымдарды таңдауға, оларды прагматикалық жағынан дәл қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дискурс прагматикалық және әлеуметтік контексте өзектілікке ие. Әрбір тілдік бірлік нақты коммуникативтік ортада ғана толық мағынаға ие болады. Дискурсты талдау барысында тілдік құрылымдардың уақыт, орын, әлеуметтік рөлдер, қарым-қатынас түрі сынды факторлармен байланысы ашылады. Дискурстық бірліктердің когнитивтік табиғаты мен ми арқылы өңделуі — нейролингвистиканың дискурс теориясымен тоғысу нүктесі болып табылады. Бұл теориялық негіздер практикалық қолданбаларда, әсіресе, екінші тіл ретінде тілді оқытуда, тілдік патологияларды қалпына келтіруде және жасанды интеллект саласындағы тілдік модельдерде маңызды рөл атқарады. Дискурстың когнитивтік негіздерін зерттеу арқылы адам санасында тілдің қалай ұйымдастырылатынын, қандай когнитивтік операциялар арқылы сөйлеу жүзеге асатынын терең түсінуге болады. Осылайша, дискурс теориясы тіл мен ойлаудың өзара байланысын зерттеудің маңызды тетігі ретінде танылып отыр.

Нейролингвистика мен дискурс теориясының тоғысуы — заманауи тіл білімінің ең өзекті бағыттарының бірі. Бұл екі сала тілдік құбылысты екі түрлі ракурстан қарастырады: нейролингвистика ми құрылымдарының тілмен байланысын зерттесе, дискурс теориясы тілдік әрекеттің прагматикалық, әлеуметтік және мағыналық аспектілерін талдайды. Бірақ осы екі әдістемелік тәсілдің түйісер тұсы — адамның сөйлеу кезіндегі когнитивтік үдерістерін кешенді қарастыру. Яғни, сөйлеу және тыңдау үдерістеріндегі нейрофизиологиялық механизмдер мен дискурстық мағына тудыру стратегиялары бір-бірімен тығыз байланысты. Мидың белгілі бір аймақтары дискурсты өңдеуге, яғни контекстік байланыстарды тануға, сөйлеу мақсатын түсінуге және мағыналық құрылымды интерпретациялауға жауап береді. Мысалы, Вернике аймағы сөйлеуді қабылдау мен түсінуге қатысса, Брока аймағы сөйлемді грамматикалық тұрғыдан құрастыруға жауап береді. Алайда дискурс деңгейінде бұл екі аймақ қана емес, фронтальды лоб, темпоралды

лоб және тіпті лимбиялық жүйе де белсенді жұмыс істейді. Бұл нейроқұрылымдар эмоцияны, мотивацияны, сөйлеу интенциясын және контексті бағалауды қамтамасыз етеді. Осылайша, дискурстың нейробиологиялық негіздері тілдің когнитивтік табиғатын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, күрделі мәтінді тыңдағанда немесе оқығанда адам миы мағыналық байланыстарды орнату үшін семантикалық еске, когнитивтік картаға және алдыңғы тәжірибеге сүйенеді. Бұл үдеріс көптеген ми аймақтарының белсенді әрекетімен қамтамасыз етіледі, бұл функционалды нейровизуализация әдістері арқылы да дәлелденіп отыр [4, 365 б].

Сонымен қатар, нейролингвистикалық зерттеулер дискурстың әртүрлі жанрларын өңдеу кезінде мидың түрлі жүйелері белсенді болатынын көрсетті. Мысалы, ғылыми дискурсты қабылдағанда логикалық құрылым мен аналитикалық ойлау алдыңғы планда болады, ал көркем әдеби дискурста эмоциялық бағалау мен бейнелі ойлау күшейеді. Бұл дискурс түріне байланысты нейрондық желілердің әртүрлі іске қосылатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, ми белгілі бір контексте айтылған сөздер мен сөйлемдерді тек лексикалық деңгейде емес, прагматикалық деңгейде де өңдейді, яғни сөйлеушінің ниетін, жасырын мағынаны, әлеуметтік нормаларды ескере отырып интерпретациялайды. Мұндай қабілет тілдік коммуникацияның шынайы әрі тиімді болуына ықпал етеді.

Нейролингвистика дискурсты когнитивтік модель ретінде қарастырып, оның құрылымын мидың ақпаратты өңдеу ерекшеліктері арқылы түсіндіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурсты қабылдау мен тудыру — тіл мен ойлау арасындағы күрделі, көп деңгейлі өзара әрекет үдерісі. Осы бағыттағы зерттеулер тілді меңгеру, тілдік бұзылыстарды қалпына келтіру, тілдік интерфейстер мен жасанды интеллект жүйелерін дамыту үшін теориялық және практикалық база қалыптастырады. Демек, нейролингвистика мен дискурс теориясының өзара байланысын зерттеу — тілдің адам миындағы көрінісін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыт.

Нейролингвистика мен дискурстық теорияны бір-бірімен байланыстыра отырып зерттеу үшін тек теориялық ұғымдармен шектелу жеткіліксіз, сонымен қатар нақты эмпирикалық негізге сүйену қажет. Эмпирикалық зерттеулер тілдік әрекеттердің мида қалай жүзеге асатынын нақты көрсетіп, ғылыми бақылау арқылы теориялық тұжырымдарды растауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер көбіне функционалды магниттік-резонанстық томография (fMRI), электроэнцефалография (EEG), магнитэнцефалография (MEG) секілді нейровизуализация әдістеріне сүйенеді. Бұл әдістер арқылы сөйлеу мен тыңдау кезінде мидың қандай аймақтары белсенді жұмыс істейтіні анықталып, дискурстық өңдеудің нейрондық негіздері нақтыланады. Мысалы, 2017 жылы Англияда жүргізілген зерттеуде [1.].қатысушыларға прагматикалық тұрғыдан әртүрлі мағына беретін сөйлемдер тыңдатылып, сол кезде мидың белсенділік картасы жасалды. Зерттеу нәтижесі бойынша Брока аймағы грамматикалық құрылымдарды өңдеуге, ал префронтальды кортекс сөйлеу ниеті мен прагматикалық тұспалды тануға жауапты екені дәлелденді. Тағы бір маңызды эмпирикалық зерттеу — Gernsbacher ұсынған дискурстық кохеренттілік пен мағыналық байланыс үдерістерін талдауға арналған тәжірибелер. [2.27-50]. Бұл зерттеуде дискурсты түсіну үшін жұмыс жады мен семантикалық карта түзу сияқты когнитивтік функциялардың рөлі көрсетілді. Қатысушыларға бірнеше күрделі мәтін ұсынылып, олардың әрқайсысынан кейін негізгі ойды, сөйлеушінің мақсатын және контекстті дұрыс түсіну тапсырмалары берілді. Бұл тапсырмалардың орындалу барысындағы нейрофизиологиялық өзгерістерді EEG арқылы қадағалау нәтижесінде, ми белсенділігінің семантикалық интеграция кезеңінде жоғары болатыны анықталды. Яғни, дискурстық мағынаны ұғыну процесі — бұл жай ғана сөзді тану емес, ол мағыналар арасындағы байланысты, уақытша және кеңістіктік контекстерді түсіну әрекетімен тығыз байланысты күрделі нейрокогнитивтік процесс болып табылады. Бұдан бөлек, тілдік патологиясы бар адамдармен жүргізілген зерттеулер де нейролингвистика мен дискурстық талдаудың өзара байланысын нақты көрсетеді. [5, 460 б.]. Афазияға шалдыққан науқастардың сөйлеуін зерттегенде, олардың дискурстық тұтастықты сақтай алмайтындығы, сөйлемдер

арасындағы логикалық байланыстарды құрастыруда қиналатындығы байқалған. Бұл симптомдар Брока және Вернике аймақтарындағы зақымдануларға байланысты пайда болады. Алайда осы науқастармен жұмыс істеу барысында ғалымдар дискурсты контексттік көмек арқылы жақсарту мүмкін екенін анықтады. Яғни, белгілі бір тақырып аясындағы визуалды және лексикалық қолдаулар арқылы сөйлеу әрекетін белсендіру мүмкіндігі туындайды. Бұл — нейролингвистика мен дискурс теориясының бірігуінен туындайтын қолданбалы мүмкіндіктердің бірі. Тағы бір қызықты зерттеу — балалар мен ересектердің дискурстық өңдеу қабілетін салыстыруға арналған тәжірибелер [6.]. Зерттеулер көрсеткендей, балаларда ми құрылымдары толық жетілмегендіктен, олар дискурстық байланыстарды түсінуде жиі қиналады, әсіресе контексті тануда немесе прагматикалық импликацияларды анықтауда. Бұл даму барысында когнитивтік функциялардың, атап айтқанда жұмыс жады мен назар аудару қабілетінің жетілуімен байланысты. Бұл тәжірибелер білім беру жүйесінде дискурстық біліктілікті дамытуға бағытталған бағдарламалар құруда негіз бола алады. Эмпирикалық негізге сүйену арқылы нейролингвистика мен дискурс теориясының өзара байланысы тек гипотетикалық тұжырым емес, нақты деректермен дәлелденген пәнаралық байланыс екені айқындалады. Бұл зерттеулер тілдің адамның когнитивтік жүйесінде қалай жұмыс істейтінін, нейрофизиологиялық деңгейде қандай процестердің жүретінін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай мәліметтер тілдік патологияларды диагностикалауда, оқыту стратегияларын жетілдіруде және жасанды интеллектті тілдік модельдеуде тиімді қолдануға жол ашады. Осылайша, эмпирикалық зерттеулер тіл мен мидың өзара әрекеттесуін жүйелі әрі ғылыми негізде зерделеуге мүмкіндік береді.

Нейролингвистика мен дискурс теориясының тоғысуы қазіргі заманғы тіл біліміндегі аса маңызды әрі пәнаралық сипаттағы бағыттардың бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл екі ғылым саласының ұштасуы тілдің когнитивтік, прагматикалық, әлеуметтік және нейрофизиологиялық қырларын терең түсінуге жағдай жасайды. Тілді тек грамматикалық немесе лексикалық бірлік ретінде емес, адам миында өңделетін, қабылданатын және құрылатын күрделі когнитивтік құрал ретінде қарастыру – лингвистикалық зерттеулердің жаңа сапалық деңгейіне көшуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында нейровизуализация әдістерінің көмегімен ми құрылымдарының дискурстық өңдеудегі белсенділігі, сөйлеу актісіндегі когнитивтік процестердің ерекшелігі, афазия және басқа тілдік патологиялармен байланысты тілдік дисфункциялар ғылыми негізде қарастырылды. Сонымен қатар, дискурс пен нейролингвистика байланысын зерттеу білім беру, клиникалық лингвистика, логопедия, жасанды интеллект секілді қолданбалы салаларда да үлкен маңызға ие.

Бүгінгі таңда дискурстың құрылымдық және мағыналық аспектілерін нейрокогнитивтік тұрғыда талдау арқылы адам миының сөйлеу процестерін қалай өңдейтінін, қандай аймақтардың белсенді болатынын, және қандай когнитивтік механизмдердің іске қосылатынын түсінуге жол ашылады. Зерттеу барысында анықталған эмпирикалық деректер теориялық тұжырымдарды қуаттап, нейролингвистикалық парадигманың дискурстық құрылымдарға қатысты қолданылу аясын кеңейтеді. Қорытындылай келе, нейролингвистика мен дискурс теориясының интеграциясы — тілдің табиғатын терең әрі жан-жақты тануға жол ашатын, болашақтағы ғылыми ізденістерге негіз бола алатын, өзекті әрі келешегі зор бағыттардың бірі болып табылады.

**Әдебиет**

1. Friederici, A. D. (2017). Language in Our Brain: The Origins of a Uniquely Human Capacity. MIT Press

2. Gernsbacher, M. A. (2009). The Mechanisms of Language Comprehension: Cognitive and Neural Perspectives. Annual Review of Psychology, 60, 27–50.

3. Hagoort, P. (2014). Nodes and networks in the neural architecture for language: Broca's region and beyond. Current Opinion in Neurobiology, 28, 136–141.

4. Kaan, E., & Swaab, T. Y. (2002). The brain circuitry of syntactic comprehension. Trends in Cognitive Sciences, 6(8), 350–356.
5. Pulvermüller, F. (2013). How neurons make meaning: Brain mechanisms for embodied and abstract-symbolic semantics. Trends in Cognitive Sciences, 17(9), 458–470.
6. Scholz, J., Triantafyllou, C., Whitfield-Gabrieli, S., Brown, E. N., & Gabrieli, J. D. E. (2009). Distinct regions of right temporo-parietal junction are selective for theory of mind and exogenous attention. PLoS ONE, 4(3), e4869.

**Д.Ж.МУТИГУЛЛИНА**
*№21 жалпы білім беретін орта мектебі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы , Қазақстан*

## ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИСКУРСЫ

Бұл мақалада қазақ тілінің заманауи технологиялар дәуіріндегі орны мен даму мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақ тілін оқыту мен насихаттауда цифрлық технологиялардың рөлі мен маңызы айқындалып, олардың білім беру саласына тигізер тиімділігі талданады. Сонымен қатар, тілдің цифрлық инфрақұрылымын дамытудағы қиындықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылады. Мақалада қазақ тілінің технологиялық дамуындағы өзекті мәселелерге назар аударып, болашақта қазақ тілінің әлемдік деңгейде өркендеуі үшін қажетті шаралар туралы ойлар беріледі.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар дәуірі. Әлемдік қарым-қатынас пен білім беру саласында цифрландыру үрдісі қарқынды дамып, тілдердің дамуы мен қолданысына жаңа серпін беруде. Қазақ тілі де осы үрдістен тыс қалмай, өзінің даму жолын технологиялық жаңалықтармен ұштастыру қажеттігі туындады. Осы мақалада қазақ тілінің заманауи технологиялар дәуіріндегі орны, оның даму мүмкіндіктері мен қиындықтары, сонымен қатар технологияларды қолданудың маңызы қарастырылады.

Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде елдің мәдениеті мен руханиятын бейнелейді. Соңғы жылдары тіл саясатына ерекше назар аударылып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту бағытында ауқымды шаралар қолға алынды. Алайда, тілдің күнделікті өмірде, әсіресе жастар арасында қолданылуы мен дамуы үшін заманауи технологияларды тиімді пайдалану маңызды фактор болып отыр.

Технологиялар тілдің насихатталуы, үйретілуі және сақталуына зор мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі мобильді қосымшалар, онлайн платформалар, электрондық сөздіктер, автоматтандырылған аудармашылар қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді әрі қолжетімді етеді.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, әлеуметтік-қоғамдық қызметінде, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңи түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен, кәсібімен де байланысты екендігін көрсетеді. Оқу орнын бітірген жас маман – келешек кәсіпкер. Оның білікті маман болуы тілді жоғары деңгейде білуімен терең сабақтасады. Тілдік білімді студенттің саналы әрекетін дамытатын, өмірлік қажеттілігіне жаратын тетікке айналдыру – біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, кәсіпке бейімделу, жаңа кәсіби мамандық саласына қатысты мәселелерді түсіну, қабылдау, тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту бүгінгі күн талабынан туындайды. Бұл мемлекеттік тіл – қазақ тілі пәнін оқытуда студенттің кәсіби лексикасы мен терминдік қорын қалыптастыруға ба-сымдылық беруді талап етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасады. Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін коммуникативтік құрал ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік

мамандығын ескере отырып, қазақ тілін игертуді жаңа технологиялармен меңгертудің тиімді әдістерін ұсынуда.

Тілді кәсіби тілді мамандыққа қатысты оқытудың тиімді жолдары:

- Білім алушы, тіл үйренушілер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуы;
- кәсібіне байланысты лексикалық сөздік қорды кәсібіне қарай тәжірибеде пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысының қалыптасуы;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түсуі;
- қазақ халқының рухани және тарихимәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде білім алушы тіл үйренушілер ұлттың тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысуы, білімдерін молайтуы;
- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тілдік бірліктерді, терминдерді меңгеріп, мамандыққа қатысты іскағаздарды жазуды үйренуі;
- болашақ маманның интелектуалды тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын мақсатты меңгеруіне мүмкіндік тууы.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Соңғы жылдары қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесіне байланысты ғылыми зерттеулер қатар, жаңа технологияға негізделген оқыту әдістемесіне оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Қазақ тілін мамандыққа сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда профессор Ф.Ш. Оразбаеваның еңбегінде сөйлесім әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім бөлімдерінде тілді меңгертудің бірден-бір жолдарын көрсетеді. Басты мақсат кәсіби мамандардың қазақ тілін білуі коммуникативтік біліктілікті меңгеруімен байланысты. Ол білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Ол сөйлеу әрекетінің түрлерін жаңа технология лық әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар маңызды орын алады. Виртуалды сыныптар, онлайн курстар, мультимедиялық ресурстар оқушының танымдық қызығушылығын арттырып, білім алу үдерісін тиімді етеді. Мысалы:

- **Мобильді қосымшалар** (Duolingo, Quizlet, LingQ) қазақ тілін үйренуге көмектеседі.
- **Интерактивті платформалар** мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты күшейтіп, кері байланысты жеделдетеді.
- **Жасанды интеллект** негізіндегі тілдік модельдер мәтіндерді автоматты түрде түзету мен аударуды қамтамасыз етеді.
- **Виртуалды және кеңейтілген шындық технологиялары** арқылы тілдік орта құру мүмкіндігі пайда болды.

Сонымен қатар, қазақ тілін заманауи технологиялар арқылы дамыту барысында бірқатар қиындықтар бар:

- Тілдің **цифрлық инфрақұрылымы толық жетілмеген**: қазақ тіліндегі контенттің көлемі шектеулі, технологиялық құралдардың қазақ тіліне бейімделуі әлі де даму сатысында.
- Қазақ тілінің **морфологиясы мен синтаксисінің күрделілігі** кейбір автоматтандырылған жүйелердің дұрыс жұмыс істеуін қиындатады.
- **Техникалық терминологияның жетіспеушілігі** жаңа технологияларды қазақ тіліне аудару мен бейімдеуде кедергілер тудырады.
- **Цифрлық сауаттылықтың деңгейі әр түрлі** болуы кейбір оқушылар мен мұғалімдердің технологияларды толық пайдалана алмауына әсер етеді.

Қазақ тілінің технологиялық даму деңгейін арттыру үшін келесі бағыттарды дамыту қажет:

- Қазақ тіліндегі **сандық контент көлемін арттыру**: электрондық кітаптар, аудио-видео ресурстар, тіл үйрету бағдарламалары.
- Мемлекеттік деңгейде **тілдік технологияларды дамытуға қолдау көрсету**: мәтінді тану, сөйлеуді тану, машиналық аударма жүйелерін жетілдіру.
- Мұғалімдердің және оқушылардың **цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған тренингтер ұйымдастыру**.
- Қазақ тіліндегі **техникалық терминологияны жүйелеу және стандарттау**.
- Жасанды интеллект негізіндегі қазақ тілін жетілдіру бойынша **ғылыми зерттеулерді қолдау**.

Қазақ тілі – еліміздің мәдени және рухани байлығы ғана емес, сонымен бірге заманауи технологиялар дәуірінде дамуы тиіс өміршең тіл. Технологияларды тиімді пайдалану арқылы қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, оны жастар арасында танымал етуге болады. Бұл үшін мемлекеттік саясат пен білім беру саласындағы жаңашылдықтар, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымды нығайту маңызды. Осылайша, қазақ тілі жаңа заман талаптарына сай әрі халықаралық деңгейде танылған тілге айналады.

**Әдебиет**


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы.
2. Нұрланова А. «Қазақ тілін дамытудағы жаңа технологиялардың ролі», 2024.
3. Мұратбеков Б. «Тіл және ақпараттық технологиялар», Алматы, 2023.
4. Қазақ тіліндегі мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар, 2024.



**Е.В.ТУЛИНА**
*к.ф.н., доцент, доцент кафедры лингвистики и перевода*
*ФГБОУ ВО «МГТУ им. Г.И. Носова»*
*Магнитогорск, Россия*

**Е.Д.ТУЛИНА**
*студент-магистрант*
*ФГАОУ ВО «УрФУ им. первого Президента России Б.Н. Ельцина»*
*Екатеринбург, Россия*


## ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ КОМПОНЕНТЫ ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Юмор, как сложный социокультурный феномен, является мощным инструментом, формирующим восприятие мира и влияющим на социальные процессы. Рассматривая английский юмор, в частности, можно увидеть, как языковые и экстралингвистические факторы взаимодействуют, создавая уникальный комический эффект. Английский язык предоставляет широкие возможности для создания комических ситуаций посредством различных средств выразительности, которые отражают не только лингвистические особенности языка, но и реалии в обществе, говорящих на этом языке, что может затруднять понимание юмора иностранцами. При этом важным является повышение эффективности межкультурной коммуникации за счет адекватного взаимопонимания участников коммуникативного акта, которые принадлежат к разным национальным культурам, что не представляется возможным без понимания культуры, образа жизни, условий существования и национального характера представителей другого этноса.

В каждой культуре сформированы особые представления о себе и о других народах, которые служат основой межкультурного взаимодействия. В современном мире процесс межкультурной коммуникации определяется необходимостью понимания и знания

этнических образов участников общения. Особый национальный колорит прослеживается и в юморе, как в важной составляющей межкультурного общения. Он отражает особенности национальных культур, ценности и менталитет. Одним из ярких проявлений юмора в языке являются каламбур – стилистическая фигура, использующая многозначность слова или созвучие для создания комического эффекта. В основе его лежит игра слов, которая вызывает улыбку или смех у слушателя или читателя [5]. Однако восприятие каламбура во многом зависит от культурного контекста, знаний и ассоциаций, присущих носителям языка.

В данном случае стоит говорить о понятии юмористического дискурса. По мнению В. И. Карасика, он является «текстом, погруженным в ситуацию смехового общения». Ситуация смехового общения обладает признаками намерения участников избежать серьезного разговора, придания общению юмористической тональности, наличием сложившихся моделей смехового поведения, принятого в данной лингвокультуре [1].

Действительно, юмористический дискурс, как объект научного интереса, получил значительное освещение в лингвистике и смежных областях. Анализируя существующие исследования, можно выделить ряд ключевых характеристик, определяющих его специфику:

**1. Языковая выразительность и оценка:** Юмористический дискурс характеризуется активным использованием лексики, несущей стилистическую окраску и выражающей оценку. Это могут быть как слова с позитивной коннотацией, призванные вызвать симпатию и смех, так и намеренно негативные, употребленные в ироничном или саркастичном ключе [2].

**2. Сленг:** Широкое применение сленга и разговорных выражений является важным маркером юмористического дискурса. Это обусловлено его распространенностью в различных социальных группах и сферах жизни, а также стремлением к созданию непринужденной и доверительной атмосферы. Использование сленга сигнализирует о принадлежности к определенному «своему» кругу, что способствует усилению комического эффекта.

**4. Арсенал языковых приемов** помогает достичь юмористического эффекта за счет умелого использования разнообразных языковых приемов. К ним относятся:

- Сравнение:

***Marriage is just like a larva stage for true happiness**, which is divorce, Because you just let go and everything's fine now. Divorce is forever*

- Метафоры, паронимы:

*A sandwich walks into a bar. The barman says «Sorry we don't **serve** food in here»*

- Звукоподражание:

*– What time was it when the monster ate the British prime minister?*
*— **Eight P.M**.*

- Повторы:

*As the judge said to the dentist, "Do you promise to pull the **tooth**, the whole **tooth**, and nothing but the **tooth**, so God help you?"*

- Неологизмы:

*– How do you count cows?*
*– With a **cowculator**!*

- Жаргонизмы:

*– What animals are well educated?*
*– Fish as they go round to **schools***

- Каламбуры. Практически все вышеприведенные нами примеры ярко иллюстрируют языковые средства выразительности в рамках каламбуров или игры слов. В нашем исследовании хотелось бы выделить каламбуры, как один из самых ярких и перспективных для дальнейших исследований аспектов юмористического дискурса.

Более того, англичане, как нация, известны своей любовью к каламбурам и игре слов, которые прослеживаются как в художественной литературе, так и на Интернет-ресурсах. Каламбуры, отражая реалии людей, говорящих на одном языке, являются неисчерпаемой темой для обсуждения в сфере лингвистики, перевода и межкультурной коммуникации, так как многие каламбуры строятся на таких экстралингвистических аспектах, как жестикуляция, намеренно некорректная артикуляция и яркое интонирование для усиления юмористического эффекта незамысловатого, но хорошо известного приёма данного дискурса [4].

- **5. Неожиданный финал:** Кульминацией юмористического отрывка часто является неожиданный и парадоксальный финал, который разрушает ожидания и вызывает смех. Этот элемент неожиданности является ключевым для создания комического эффекта [3].

Юмористический дискурс, как правило, характеризуется использованием простых, коротких предложений и общеупотребительной лексики, характерной для разговорной речи. Это делает его доступным и понятным для широкой аудитории, что способствует его эффективности в качестве средства развлечения и социального взаимодействия.

Одним из ярких примеров демонстрации проявлений юмористического дискурса за счет его общедоступности и обширности использования языковых средств выразительности являются заголовки газет. Это СМИ дольше остальных служило не только источником новостей, но и индикатором глубины юмора и его понимания нацией. Более того, новостные заголовки отличаются своей ёмкостью высказывания, цель которой – ухватить внимания читателя, заинтересовать его в изложенном далее материале с помощью всего лишь одного предложения или слова.

Рассмотрим несколько газетных заголовков разных изданий и проанализируем их с точки зрения характерных черт юмористического дискурса, а также затронем аспекты межкультурной коммуникации, а именно доступности данных заголовков для понимания иностранцами.

1. *Missippi's literacy program shows improvement"* – заведомо ложное написание штата, в котором, как далее сообщалось в статье, добавляет саркастичности и усиливает юмористическую окраску, привлекая внимание читателей. Здесь стоит обратить внимание как на эрратив, умышленное искажение слова с целью дополнительной эмоциональной и юмористической направленности заголовка, цель которого, в первую очередь, привлечь читателей к прочтению статьи полностью.
2. *"Voters to vote on whether to vote"* – данный короткий пример иллюстрирует такие языковые явления, как эллипсис грамматических конструкций, троекратный повтор слова и комичность высказывания об обязательстве голосовать за то, чтобы смочь голосовать.
3. *"Student cook & serve grandparents"* – из-за упущения предлога to/for даже англоговорящим людям тяжело понять, готовили ли для бабушек и дедушек, или же готовили самих бабушек и дедушек. Неожиданность такой формулировки приковывает внимание, и лишь потом выясняется, что статья посвящена немецкому «Дню пожилого человека».
4. *"Most earthquake damage is caused by shaking"* – с одной стороны, звучит слишком логично, чтобы попасть в новостной заголовок, однако, играя на многозначности слова "shaking" (тряска и рукопожатие), автор статьи добавляет комичности данному утверждению.
5. *"Falkland debate. Good grief. Does that mean not guilty or Nott guilty?"* данный пример служит яркой демонстрацией применения каламбуров, игры слов, которая в данном случае отражает временные реалии в жизни общества. Без знаний, например, Британской истории тяжело будет понять, почему здесь появилось имя собственное, когда сами жители страны тех времен без труда разгадают игру слов и поймут, что речь идет об отстранении министра обороны Великобритании при Фолклендском кризисе 1982г.

В совокупности, юмористический дискурс представляет собой многогранное лингвистическое явление, характеризующееся сочетанием выразительности, неформальности, языковой изобретательности и неожиданности. Он играет важную роль в социальном взаимодействии и межкультурной коммуникации. Изучение юмористического дискурса позволяет глубже понять механизмы создания комического эффекта, а также его роль в культуре и обществе. Важно отметить, что успешность юмористического высказывания во многом зависит от контекста, культурных особенностей и личных предпочтений участников коммуникации. Фоновые знания, реалии, прецедентные имена, феномены и даже целые прецедентные тексты, фигурирующие в юмористическом дискурсе, порой представляют еще большую сложность для восприятия, чем игра слов. Они заслуживают особого внимания и более детального исследования в изучении юмористического дискурса.

**Литература**

1. Карасик В.И. Анекдот как предмет лингвистического изучения / В.И. Карасик // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов: Колледж, 1997. – Вып.1. – С. 148.
2. Москвин В.П. Каламбур: приемы создания и языковая основа / В. П. Москвин // Русская речь. – 2011. – №3. – С. 37
3. Проскурина А.А. Прецедентные тексты в англоязычном юмористическом дискурсе: автореф. дис…….канд. филол. наук: 10.02.19 / А.А. Проскурина; Самарский государственный педагогический университет, 2004. – С.10.
4. Фомин А.Г. Восприятие межъязыкового каламбура: опыт экспериментального исследования / А.Г. Фомин // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2019. – №15 – С. 83.
5. Crystal D. Play on Words / D. Crystal. – Chicago: University of Chicago Press, 2001. – P. 116.

**Н.А.САДУАКАС**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті,*
*филология ғылымдарының кандидаты*
*Ақтөбе, Қазақстан*

**Г.А.НҰРҒАЗЫ**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистрант*
*Ақтөбе, Қазақстан*

## ІШКІ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ІШКІ ДИСКУРС: ТІЛДІК САНА ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Әлемдік лингвистикада дискурс теориясы тілдің әр қырынан зерттелген еңбектермен толығып, антропоөзектік бағыттағы зерттеулерді кең қамтып отыр. Дискурстың қазақ тіл біліміндегі мәселелері ғалым К.Қ.Садирова зерттеулері арқылы жан-жақты қарастырылып келеді [1]. Дискурстық зерттеулерде ішкі сөйлеу немесе ішкі дискурс мәселелері де Қазіргі когнитивтік және психолингвистикалық зерттеулерде ішкі сөйлеу адамның когнитивтік процестеріндегі маңызды құралдардың бірі ретінде ретінде қарастырылып жүр. Ішкі сөйлеу – бұл көптеген адамдардың субъективті тәжірибесінде кездесетін ішкі тілдің бір формасы болып табылады. Ол әрекетті жоспарлау, эмоцияларды реттеу, өткен мен болашаққа бағытталған ойларды байланыстыру мен шығармашылық ойлау сияқты түрлі когнитивтік функциялардың қызметін атқарады [2, 51]. Ішкі сөйлеу немесе ішкі дискурс кей жағдайда адамның өз-өзімен әлеуметтік сипаттағы ішкі коммуникация жүргізуі ретінде қарастырылады және оны есту бейнелерімен

байланыстырады [3, 964]. Сонымен қатар, ол өзіндік жасырын сөйлеудің бір түрі ретінде сипатталып, спортпен шұғылдану сияқты дағдыға негізделген әрекеттердегі өнімділікпен тікелей байланысты.

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде ішкі монолог, ішкі диалог, ішкі дауыс, жасырын өзіндік сөйлеу, ішкі баяндау, вербалды ойлау, эндофазия, автокоммуникация секілді түрлі ұғымдар кездеседі. Алайда «ішкі сөйлеу» термині осы феноменнің белсенді табиғатын дәл сипаттайтын ұғым ретінде қабылданған. Бұл термин ішкі сөйлеудегі дауыс саны немесе диалогтық сипат сияқты функционалдық ерекшеліктерге алдын ала баға бермейді. Зерттеушілер ішкі сөйлеудің үнсіз (жасырын) формасы мен дауыстап айтылатын түрін нақты ажырату қажеттігін атап өтеді [4]. Мәселен, даму психологиясында дауыстап айтылатын өзіндік сөйлеу әрекеті жеке сөйлеу (private speech) деп аталады. Ішкі дискурс құрылымында ішкі сөйлеу (inner speaking) мен ішкі тыңдау (inner hearing) ұғымдары да маңызды. Біріншісі - адамның іштей сөйлеу үдерісімен байланысты болса, екіншісі - өз дауысын елестетіп тыңдау тәжірибесімен сипатталады. Осылайша, ішкі сөйлеу - функционалды мақсаттарды көздейтін есту бейнесі ретіндегі тілдік құбылыс және ол қарапайым сөйлеуді елестетумен (имитациялық, функционалдық емес процесс) салыстырғанда күрделірек когнитивтік механизм болып табылады.

Сонымен, ішкі дискурс – тіл мен ойдың түйісу нүктесі, адамның ішкі әлемінің айнасы, когнитивтік және эмоционалдық процестердің көрінісі. Бұл құбылыс тек сөйлеу әрекетінің ішкі формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рефлексивтік қабілетінің, өзіндік таным мен өзін-өзі реттеудің маңызды тетігі ретінде де қарастырылатыны анық. Адам өзінің ішкі әлемін түсініп, сыртқы әлеммен қатынас орнату үшін ең алдымен ішкі тілге сүйенеді.

**Негізгі бөлім**. Ішкі дискурстың маңызын алғаш ғылыми деңгейде сипаттап, теориялық негізін қалаған ғалым – Л.С. Выготский, сондықтан оның зерттеулеріне ерекше назар аударған жөн деп білеміз [5]. Ғалым ішкі сөйлеу феноменін түсіну үшін ең алдымен балалардың тілдік дамуын зерттеуден бастаған. Оның пікірінше, баланың сыртқы сөйлеуі біртіндеп ішкі сөйлеуге айналады және бұл процесс когнитивтік дамудың басты шарты болып табылады. Ішкі тіл сөйлеу әрекетінен гөрі ойлау үрдісіне жақын: ол дыбысталмайды, грамматикалық жағынан толық құрылмайды, бірақ мағынасы терең және нақты. Выготскийдің бұл идеялары қазіргі психолингвистикада дискурстың ішкі құрылымын, яғни ішкі монологты зерттеуге негіз болды.

Ішкі сөйлеудің күрделі және құрылымы жағынан ерекше психологиялық құрылым екенін ғалым Л.С. Выготский өзінің «Мышление и речь» еңбегінде көрсеткен болатын. Аталған еңбегінде ғалым ішкі дискурс өз дамуында бірнеше сатыдан өтетінін және оны қарапайым сыртқы сөйлеудің ішке айналған түрі ретінде түсіндіру қате екенін дәлелдейді. Оның пікірінше кейбір психологтар, мысалы Уотсон, баланың сөйлеуі алдымен сыбырмен айтылатын сөйлеуге айналып, кейін біртіндеп ішкі сөйлеуге өтеді деп есептейді. Бұл көзқарастан сөйлеудің тек акустикалық формасына ғана сүйеніп, оның функциялық құрылымындағы өзгерістерді елемейтінін байқауға болады.

Шын мәнінде, сыртқы сөйлеуден ішкі сөйлеуге өту – күрделі функционалдық және құрылымдық қайта құруды қажет ететін психологиялық процесс. Бұл арада маңызды рөл атқаратын сөйлеудің өтпелі формасы бар, ол – шетелдік ғалым Пиаже сипаттаған эгоцентрлік сөйлеу. Эгоцентрлік сөйлеу – бұл әлеуметтік сөйлеу мен ішкі сөйлеу арасындағы аралық форма. Ол құрылымы жағынан сыртқы сөйлеуге ұқсас болғанымен, функциясы бойынша ішкі сөйлеуге жақын: бала бұл сөйлеуді ересектермен немесе балалармен қарым-қатынас жасау үшін емес, өзінің әрекетін реттеу, жоспарлау, бағдарлау үшін қолданады [6].

Жан Пиаже теориясында баланың эгоцентризмі концепциясы орталық фокус ретінде қарастырылады, осы фокусқа түрлі бағыттардан келетін жіптер түйісіп, бір нүктеге жинақталады. Осы жіптердің көмегімен Пиаже баланың логикасына тән түрлі жеке сипаттарды біртұтас етіп біріктіреді, яғни оларды бей-берекет, жүйесіз, хаостық сипаттағы

құбылыстар жиынтығынан біртекті себеппен түсіндірілетін құрылымды жүйеге айналдырады. Сондықтан, егер осы негізгі концепция шайқалса, онда соған негізделген бүкіл теориялық құрылымның өзіне күмән туындайды.

Л.С.Выготский бұл концепцияның мықтылығы мен сенімділігін тексеру үшін, ең алдымен Пиаже идеясының мәнін анықтауға тырысады, яғни автор бұл концепцияның нақты негізі ретінде нені алға тартады, соны мүмкіндігінше дәл анықтап көруге тырысады. Пиаже теориясының фактілік негізі - оның балалардың сөйлеу функцияларын зерттеуге арналған алғашқы жұмысы. Осы зерттеуінде Пиаже балалардың сөйлеуін екі үлкен топқа бөледі: эгоцентрлік және әлеуметтендірілген сөйлеу. Эгоцентрлік сөйлеу деп Пиаже ең алдымен оның функциясы бойынша ерекшеленетін тілді атайды. «Бұл сөйлеу - эгоцентрлі, - дейді Пиаже, - себебі бала тек өзі жайлы айтады және ең бастысы - ол тыңдаушының көзқарасын ескеруге тырыспайды». Ол өзін тыңдап отырған адамға қызықпайды, жауап күтпейді, тыңдаушыға ықпал еткісі келмейді немесе оған нақты бір нәрсені жеткізуді мақсат тұтпайды. Бұл - драмалық монолог секілді сөйлеу. Оның мәнін мына бір формуламен беруге болады: «Бала өз-өзімен сөйлеседі, дәл сол сәтте ойларын дауыстап айтып тұрғандай. Ол ешкімге назар аудармайды» [5, 34]. Бала қандай да бір әрекет жасап жатқанда, сол әрекетті сөзбен қатар айтып отырады. Міне, осы сөйлеу формасын Пиаже эгоцентрлік сөйлеу деп атай отырып, оны әлеуметтендірілген сөйлеуден ажыратады. Соңғысында бала шынымен де басқа адамдармен ой бөліседі: ол сұрайды, бұйырады, қорқытады, хабарлайды, сынайды немесе сұрақ қояды.

Пиаже балалардың эгоцентрлік сөйлеуін мұқият клиникалық жолмен зерттеп, сипаттап, көлемін анықтап, оның даму барысын бақылағаны туралы үлкен ғылыми еңбегін жазып шығарды. Дәл осы эгоцентрлік сөйлеу құбылысы Пиаже үшін баланың эгоцентрлік ойлауының алғашқы, басты және тікелей дәлелі болып саналады. Оның өлшемдері көрсеткендей, ерте жаста эгоцентрлік сөйлеудің коэффициенті өте жоғары. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, 6–7 жасқа дейінгі балалардың айтқан сөздерінің жартысынан көбі эгоцентрлік сипатта деуге болады. Пиаже осы жөнінде: «Егер біз бала сөйлеуінің үш негізгі категориясын (қайталау, монолог және ұжымдық монолог) эгоцентрлік деп есептесек, онда баланың 6–7 жас шамасындағы ойлауы, егер ол сөзбен берілсе, 44–47% мөлшерінде эгоцентрлік сипатта болады»,- деп қорытындылайды [6]. Осыған қатысты ғалым Л.С.Выготскийдің де пікірінің жалпы мазмұнын төмендегіше жинақы түрде келтіре кетпекпіз: «Бірақ бұл көрсеткішті едәуір арттыру қажет болады, егер біз жас шамасы одан төмен баланы алсақ немесе 6–7 жасар баланың сөйлеуін тереңірек зерттесек. Өйткені кейінгі зерттеулер көрсеткендей, эгоцентрлік ойлау тек эгоцентрлік сөйлеуде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтендірілген сөйлеу барысында да байқалады» [5, 38].

Пиаже былай деп жазады: «Қарапайым түрде айтсақ, ересек адам жалғыз қалғанда — әлеуметтендірілген түрде ойлайды, ал 7 жасқа толмаған бала қоғам ішінде жүргенде де эгоцентрлік түрде ойлайды және сөйлейді». Бұған қоса, баланың сөзбен айтылмаған көптеген ойлары да бар екенін ескерсек, онда Пиаже бұл гипотезаны қандай нақты фактілерге сүйене отырып ұсынғанын, неліктен ол бұл тұжырымды дерлік даусыз деп есептегенін өзімізден сұрауымыз керек деген ой туындайды. Выготский өз еңбегінде Пиаженің концепциясын теориялық жағынан, эволюциялық психология мен адамның тарихи психологиясы негізінде сын көзбен қарауға тырысады. Бірақ біз бұл концепция жөнінде соңғы тұжырымды тек фактілік негізін зерттеп, тексергеннен кейін ғана жасай алатынын көрсетеді. Ал бұл фактілік негіз тек нақты эмпирикалық зерттеулер арқылы тексерілетіні анық.

Эгоцентрлік сөйлеудің біртіндеп ішкі сөйлеуге айналуы сөйлеу мен ойлаудың бірігуінің негізін қалайды. Бұл процесс механикалық жолмен емес, күрделі психологиялық қайта құрылымдау арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің бұл түрі уақыт өте келе естілмейтін ішкі формаға көшеді, алайда оның негізгі қызметі – ойды ұйымдастыру, әрекетті жоспарлау– сақталып қалады.

Жоғарыда айтылғандар бойынша сөйлеу дамуының үш негізгі сатысын көрсетуге болады: 1) сыртқы сөйлеу, 2) эгоцентрлік сөйлеу, 3) ішкі сөйлеу. Бұл сатыдағы ауысулар форманың емес, сөйлеу функциясының өзгерісіне негізделеді. Осылайша, ішкі сөйлеу – ойлау мен сөйлеудің тұтас процесінің жемісі, адамның ішкі пайымдарының негізі ретінде қалыптасады.

Ғалымдар ойлау мен сөйлеудің арақатынасы туралы күрделі әрі әлі де талас тудыратын теориялық мәселені қалай шешсе де, ішкі сөйлеу процестерінің ойлаудың дамуы үшін шешуші әрі ерекше маңызы бар екенін мойындамауға болмайды. Ішкі сөйлеудің біздің бүкіл ойлауымыз үшін маңызы соншалық, көптеген психологтар ішкі сөйлеу мен ойлауды тіпті теңестіріп жібереді. Олардың көзқарасы бойынша, ойлау - тежелген, кідірген, дыбыссыз сөйлеу. Алайда психологияда сыртқы сөйлеудің ішкі сөйлеуге қалай айналатыны, бұл маңызды өзгеріс шамамен қай жаста болатындығы, оның қалай жүретіні, не себептен болатыны және оның генетикалық сипаттамасы әлі де толық анықталған жоқ.

Ойлауды ішкі сөйлеумен теңестіретін Уотсон балалардың сөйлеуі ашық сөйлеуден сыбырлауға, кейін жасырын сөйлеуге қай кезде ауысатынын білмейтінімізді орынды атап өтеді, өйткені бұл сұрақ әлі жүйелі зерттелмеген [7, 293]. Бірақ Выготский осыған қатысты Уотсон ұсынған сұрақтың қойылу тәсілін толық құптамайтындығын байқатады. «Ішкі сөйлеу механикалық жолмен, яғни сөйлеудің дыбыстылығын біртіндеп азайту арқылы дамиды деп болжауға ешқандай негіз жоқ. Сыртқы (ашық) сөйлеуден ішкі (жасырын) сөйлеуге көшуін сыбырлау арқылы жүреді деу де қате», -дейді Выготский. Яғни, бала біртіндеп бәрін ақырын айтып, соңында дыбыссыз сөйлеуге келеді дегенге сену қиын. Басқаша айтқанда, ғалым баланың сөйлеуінің генезисінде мынадай кезеңдер тізбегінің бар екенін жоққа шығарады: қатты сөйлеу, сыбыр, ішкі сөйлеу.

Уотсон кішкентай балалар туралы: «Олар шынымен дауыстап ойлайды», - деп жазады және бұл жағдайдың себебін олардың ортасы сыртқы сөйлеуді жасырын сөйлеуге жылдам айналдыруды талап етпейтіндігінде көреді. Ол әрі қарай: «Тіпті біз барлық жасырын процестерді жазып алуға мүмкіндік алсақ та, оларда соншалықты көп қысқартулар, үнемдеулер болар еді, оларды тану мүмкін болмас еді. Егер біз оларды бастапқы әлеуметтік сипаттағы кезеңінен бастап, соңғы — жеке бейімделуге арналған сатысына дейін қадағаламасақ», - дейді [7, 294].

Сонда функционалды және құрылымдық жағынан айырмашылығы бар сыртқы және ішкі сөйлеу процестері қалайша генетикалық жағынан қатар, яғни бір уақытта немесе бірінен соң бірі (мысалы, сыбырлау арқылы) жүре алады? Бұл өтпелі кезең – сыбырлау, тек сыртқы ерекшелігі бойынша аралық позицияда тұр, бірақ құрылымдық және функционалдық жағынан бұл процестермен байланысты еместігі көрінеді. Выготский осы соңғы тұжырымды эксперимент арқылы тексеруді жөн көреді: кішкентай балалардағы сыбырлауды зерттеуден бастайды. Нәтижесінде ғалым зерттеуі мынадай нәтижелер берді:

–Құрылымдық жағынан сыбырлап сөйлеу қатты сөйлеуден елеулі айырмашылық көрсетпейді және ішкі сөйлеуге тән белгілерді байқатпайды;

–Функционалды жағынан да сыбырлап сөйлеу ішкі сөйлеуден айтарлықтай ерекшеленеді және ұқсас сипаттар байқалмайды;

–Генетикалық жағынан сыбырлап сөйлеуді балада ерте жастан-ақ шақыруға болады, бірақ ол өздігінен дамымайды және мектеп жасына дейін тұрақты түрде қолданылмайды. Уотсонның пікірін растайтын жалғыз факт - әлеуметтік талаптың әсерімен үш жасар бала кейде дауысын бәсеңдетіп сөйлеуге көшетіні, бірақ бұл да уақытша және қиындықпен жүзеге асады. Выготский өзінің көзқарасын білдіріп, жоғарыда айтылған Уотсонның тұжырымдарымен, ұсынған сыбырдың мұндай аралық буын бола алмайтынын дәлелдеуге тырысады. Барлық деректер сыбырдың сыртқы мен ішкі сөйлеу арасындағы өтпелі процесс емес екенін көрсетеді. Сондықтан осы аралық буынды іздеудегі Уотсонның талпынысын құптауға болады. Сонымен қатар, Леметр мен басқа авторлардың мектеп жасындағы балалардың ішкі сөйлеуін зерттеу нәтижелері де бұл пікірді қолдайды. Осы бағыттағы бақылаулар мектеп оқушыларының ішкі сөйлеуі әлі де тұрақсыз, бейберекет екенін

көрсетті. Бұл оның генетикалық жағынан жас, қалыптаспаған процесс екенін білдіреді. Эгоцентрлік сөйлеуге қайта оралсақ, оның тек экспрессивті (сезім білдіру) және эмоционалдық разряд функциясынан бөлек, нақты мағынадағы ойлауға айналуға қабілетті екенін айту керек, яғни жаңа мәселелерді шешуге бағытталған жоспарлаушы функциясын атқарады.

Выготский: «Егер бұл жорамал болашақ зерттеулерде расталса, біз өте маңызды теориялық қорытындыға келер едік: сөйлеу физиологиялық түрде ішкі болудан бұрын, психологиялық жағынан ішкі болатынын» алға тартады. Эгоцентрлік сөйлеу - бұл функционалды жағынан ішкі сөйлеу: ол өзін-өзі тыңдау үшін бағытталған, сырттай толық түсінікті емес, баланың мінез-құлқына еніп кеткен сөйлеу, бірақ физиологиялық тұрғыдан бұл әлі де сыртқы, ешқандай сыбырға не басқа формаларға көшпеген сөйлеу[5,93].

Шетелдік зерттеушілердің ішінде H. Widdowson, N. Fairclough, T. A. van Dijk секілді дискурс талдаушыларының еңбектерінде ішкі дискурстың әлеуметтік және когнитивтік өлшемдері жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, H. Widdowson ішкі сөйлеуді мағына жасаудың ішкі когнитивтік механизмі ретінде сипаттай отырып, оның тек тілдік форма емес, ойлаудың құрылымдық құралы екенін атап өтеді. Бұл, өз кезегінде, Выготскийдің ішкі сөйлеуді сана мен тілдің түйіскен деңгейі ретінде сипаттауымен үндеседі, яғни мағынаны қалыптастыру тек әлеуметтік қарым-қатынаста ғана емес, адамның ішкі когнитивтік кеңістігінде де жүреді деп білеміз.

T.A.van Dijk тіл мен дискурсты когнициямен байланыстыра отырып, дискурстық құрылымдардың адамның ішкі білім, тәжірибе және наным-сенім жүйесіне сүйене отырып жүзеге асатынын көрсетеді. Осы тұрғыда оның көзқарасы Ж. Пиаже сипаттаған баланың эгоцентрлік сөйлеуі мен логикасына сәйкес келеді: баланың ішкі когнициясы сыртқы әрекеттер арқылы көрініс табады, бірақ ол сыртқы серіктеске емес, өз ішкі әлеміне бағытталған. Ал ішкі когнитивтік үлгілер кейін әлеуметтік дискурспен бірігеді, дәл осы өтпелі процесті Выготский ішкі сөйлеудің қалыптасуы ретінде сипаттайды.

N. Fairclough ішкі дискурсты индивидтің ішкі әлеуметтену процесінің бір бөлшегі ретінде қарастыра отырып, тілдің билік, идеология және жеке тұлғаның қалыптасуындағы рөлін зерттейді. Бұл тәсіл ішкі сөйлеуді адамның тек жеке когнитивтік құралы ретінде емес, қоғамдық құрылымдармен тығыз байланыста дамитын әлеуметтік-мәдени өнім ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл да Выготскийдің «ойлаудың – сөйлеу арқылы әлеуметтенуі» туралы идеяларымен қабысады.

Қазіргі тіл білімінде ішкі сөйлеу мен ішкі дискурстың табиғатын, құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін зерттеу- лингвистика мен когнитивтік ғылымның тоғысындағы өзекті бағыттардың бірі. Бұл мақалада ішкі сөйлеу мен ішкі дискурстың ара-жігі, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы, сондай-ақ тілдік сана мен когнитивтік үдерістердегі орны туралы талданып, Выготскийдің психолингвистикалық теориясы негізінде ішкі сөйлеудің қалыптасу механизмі мен эволюциясына қатысты ойларына сипаттама жасалды. Ішкі сөйлеу - тұлғаның ойлау әрекеті мен тілдік санасының тоғысында орын алатын күрделі құбылыс. Ол қысқартылған, эллипстік құрылымда бола отырып, сананың ішкі кеңістігінде ойдың қалыптасуы мен мазмұндық ұйымдасуының көрінісін береді. Ішкі дискурс болса, одан кең, жүйелі, құрылымдық жағынан күрделірек, сананың семиотикалық репрезентациясы ретінде қызмет етеді. Ол ішкі сөйлеуді қамтып қана қоймай, адамның өзін-өзі түсінуі, ішкі диалог жүргізуі, шешім қабылдауы сияқты танымдық және прагматикалық үдерістерді де қамтиды. Бұл ерекшеліктер ішкі дискурсты тілдік тұлғаның рефлексивтік кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мақалада келтірілген ғылыми көзқарастар мен мысалдар негізінде, ішкі сөйлеу мен ішкі дискурс тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен бірге когнитивтік, философиялық, мәдени-психологиялық феномендер екені анықталды. Аталған категориялар адамның ішкі әлемін танып-білудің және оны тіл арқылы сыртқа шығарудың басты тетігі ретінде көрінеді. Выготскийдің ішкі сөйлеудің дамуы туралы идеясы, оның ұғым мен мазмұнның

айырмашылығын көрсетуі, қазіргі тілдік сана мен когнитивтік лингвистика бағыттарымен үндесіп жатыр.

Сонымен қатар, цифрлық дәуірде адамның ішкі сөйлеуі мен ішкі дискурсы жаңа пішіндерге еніп, әлеуметтік желілер мен виртуалды кеңістіктегі «ішкі монологтар» сыртқы дискурсқа ауысып отырады. Бұл үрдістер ішкі дискурстың трансформациялану табиғатын және оның медиалық ортада қалай бейнеленетінін зерттеу қажеттілігін туындатады. Жаңа медиа дискурсында ішкі және сыртқы дискурстардың шекарасы бұлдыр тартқан сайын, ішкі сөйлеудің психоэмоционалды және әлеуметтік рөлі арта түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, ішкі сөйлеу мен ішкі дискурсты зерттеу тек тілтанушылық қана емес, пәнаралық зерттеулерді қажет ететін күрделі сала екені байқалады. Бұл бағытта психолингвистика, когнитивтік ғылым, мәдени антропология, философия және жасанды интеллект теорияларының ұштасуы аса маңызды.

Қорыта айтқанда, ішкі сөйлеу – бұл адамның ойлау әрекетінің ішкі тілдік көрінісі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өзіндік сана-сезімі мен когнитивтік процестерінің күрделі жүйесі. Ішкі сөйлеуді тек қана үнсіз ойлау немесе монологпен теңестіруге болмайды. Ол сыртқа естіртіп айтылмайтын, бірақ құрылымы жағынан толыққанды және мағыналық жағынан тығыз байланысқан тілдік әрекет. Бұл сөйлеудің естіртіп сөйлеуден басты айырмашылығы – оның адресатсыз, қысқартылған, эллиптикалық формада жүзеге асуы. Ішкі сөйлеу тұлғаның ішкі әлемін ұйымдастыратын, әрекетін жоспарлайтын және өзін-өзі реттейтін когнитивтік құрал ретінде көрініс табады. Яғни, ішкі сөйлеу – сөйлеу мен ойлаудың тоғысқан тұсы, тіл мен сананың арасындағы дәнекер механизм ретінде зерттеуге лайықты маңызды құбылыс.

**Әдебиет**


1. Садирова К.Қ. Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2012. - 90 б.

2. Lidstone J. S. M., Meins E., Fernyhough C. The roles of private speech and inner speech in planning during middle childhood: evidence from a dual task paradigm // Journal of Experimental Child Psychology. – 2010. - T. 107. pp.38 -51.

3. Alderson-Day B., FernyhoughC. Inner speech: development, cognitive functions, phenomenology, and neurobiology // Psychological Bulletin. – 2015. – T. 141. pp.931–965.

4. WinslerA. Still talking to ourselves after all these years: a review of current research on private speech // WinslerA., Fernyhough C., Montero I. (ред.). Private Speech, Executive Functioning, and the Development of Verbal Self-Regulation. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. pp.3 -41.

5. Выготский Л. С. Мышление и речь. -Москва –Ленинград: Государственное социально-экономическое издательство, 1934. -321 с.

6. Piaget J. The Language and Thought of the Child. – London: Routledge, 2001. – pp.38–47.

7. Уотсон Дж. Психология как наука о поведении. - Москва, 192 с.

**С.Ш. САРСЕНБАЕВА**
*№12 орта мектеп" КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

# КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ: ДИСКУРСТЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ

Тіл – ұлттың рухани коды саналады, ал оны меңгеру мен дұрыс қолдану мәдениеті әрбір жас ұрпақтың тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуына маңызды ықпал етеді. Қазіргі білім беру үдерісінде тіл мәдениетін қалыптастыру оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, олардың танымдық қабілеттерін жетілдірудің басты құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, көнерген сөздерді үйрету тек тілдің тарихи құрамын игерумен шектелмей, оқушылардың тіл сезімін, сөздік қорын және сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды процесс болып табылады.

Қазақ тілінің тарихи-мәдени қабаттарын таныстыру – тіл мәдениетін қалыптастырудағы басты бағыттардың бірі. Осы бағытта көнерген сөздер ерекше лексикалық элемент ретінде оқушылардың тілдік және танымдық дамуына зор үлес қосады. Көнерген сөздер – халықтың өткен өмірі, тұрмыс-салттары, дүниетанымы мен рухани мәдениетін бейнелейтін маңызды тілдік деректердің бірі. Олардың көмегі арқылы оқушылар тілдің тарихи кезеңдеріндегі ерекшеліктерін ғана емес, сөзге деген жауапкершілікті де меңгеріп, сөйлеуді дұрыс, нақты және мәдениетті ұстауға үйренеді. Мұның бәрі тіл мәдениетінің негізгі сипаттарының бірі болып табылады.

Тіл мәдениеті – адамның тілді дұрыс, мәнерлі, бай қолдану қабілеті ғана емес, сонымен бірге тілдік норма мен тілдің тарихи-мәдени мұрасын түсінуі. Тіл мәдениетін қалыптастыруда дискурс – яғни тілдің әлеуметтік және мәдени жағдайларда қолданылуы ерекше маңызды рөл атқарады. Бұл жерде дискурс тілдің қолдану аясы, сөйлеу жағдайы мен мақсаты, мәдени контексті қамтиды.

Көнерген сөздер – бүгінгі күнде күнделікті тілде сирек қолданылып жүрген, бірақ қазақ тілінің тарихи және мәдени жағын көрсететін, оның байлығын толықтыратын лексикалық бірліктер. Бұл сөздер тілдің тарихи дискурсына қатысты маңызды элементтер болып табылады.

Тілдің тарихи дискурсы – бұл тілдің уақыт бойынша өзгеруін, сол арқылы қоғамның, мәдениеттің эволюциясын бейнелейтін кеңістік. Көнерген сөздер осы тарихи дискурстың тірі куәгері ретінде тілдің мәдени мұрасын сақтап, жаңа ұрпаққа жеткізеді.

Оқушылардың тілдік дискурсында көнерген сөздерді білу мен қолдану олардың тіл мәдениетін, сөз байлығын арттырып, тарихи-салттық контекстіні түсінуіне жол ашады. Бұл өз кезегінде оқушылардың сөйлеу мәнері мен мәдениеттілігін қалыптастырады.

Тілдік дискурс – әртүрлі жағдайға, қатынасқа сай өзге-өзге лексикалық, стилистикалық құралдарды қолдану қабілеті. Көнерген сөздерді меңгеру оқушыларға сөйлеудің түрлі стильдерін, жанрларын түсініп, дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Мысалы, поэзия, фольклор, тарихи мәтіндерде кездесетін көнерген сөздер арқылы оқушылар мәдени контексті сезіне отырып, тілдің эмоционалдық және стилистикалық реңктерін меңгереді. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін және дискурстық икемділігін арттырады.

Бүгінгі көпмәдениетті қоғамда оқушылардың тіл мәдениеті тек өз тілінің ғана емес, басқа мәдениеттердің де ерекшеліктерін түсіну арқылы қалыптасады. Көнерген сөздер – ұлттық мәдениет пен тілдің өзегін сақтайтын құнды элементтер. Олар арқылы оқушылар өздерінің ұлттық дискурс ортасын танып, сақтап қана қоймай, басқа мәдениеттердің дискурсымен салыстыра біледі.

Осы тұрғыдан алғанда, көнерген сөздерді оқыту – мәдениетаралық диалог пен толеранттылық негіздерін құруға септігін тигізеді.

Мектептегі тілдік сабақтарда көнерген сөздерді дискурстық тұрғыдан оқыту оқушылардың тіл мәдениетін жан-жақты дамытуға жағдай жасайды. Бұл үшін:

Көнерген сөздерді тек жаттау емес, оларды қолдану жағдайларын, мән-мағыналарын талдау қажет;

Әдеби мәтіндердегі қолданылуын қарастырып, сол дискурсты жаңғырту;

Сөздердің әлеуметтік және мәдени контекстегі рөлін ашу;

Айтылым мен жазылымда көнерген сөздерді қолдану арқылы дискурстық дағдыларды дамыту.

Тіл мәдениеті – бұл сөйлеу барысында сөздерді орынды, әсерлі, мағыналы және тіл нормасына сай қолдану қабілеті. Көнерген сөздерді меңгерту арқылы осы қабілетті дамытуға бірнеше ғылыми негіз бар. Біріншіден, бұл сөздер оқушылардың сөздік қорын молайтады, екіншіден, тарихи-мәдени санасын арттырады, үшіншіден, сөздердің стильдік ерекшелігін ажырата білу дағдысын қалыптастырады. Мысалы, «сәукеле», «ханзада», «сардар», «шідер», «жарлық», «мәслихат» секілді сөздер тарихи және әлеуметтік контекстте ғана толық мағынаға ие болады. Оқушы мұндай сөздердің мәнін түсіне отырып, оны қазіргі тілмен салыстырып, сөйлеу барысында стильдік дәлдікке назар аударады. Бұл тілдік талғамның және сөз мәдениетінің айқын көрінісі.

Көнерген сөздер негізінде құрылған тапсырмалар оқушылардың когнитивтік ойлауын, тілдік интуициясын және сөйлеу эстетикасын дамытуға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар тек лексикалық біліммен шектелмей, тарихи, мәдени және көркемдік дүниетанымды дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушыларға көнерген сөздердің мағынасын ашу, оларды қазіргі сөздермен салыстыру, мәтіннен табу, сөйлем құрау, шығарма жазу сияқты жаттығулар ұсынылады. Сонымен қатар, оқушыларға көнерген сөздерді қолдана отырып, шағын көркем мәтін құрастыру немесе тарихи рөлдік ойындар арқылы кейіпкердің атынан сөйлеу ұсынылады. Бұл әдістер тіл мәдениетін дамытуда өте тиімді болып табылады, өйткені олар оқушылардың сөздік қорын молайтып, сөйлеу қабілетін жетілдірумен қатар, сөздердің тарихи мағынасын терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Көнерген сөздерді меңгеру арқылы оқушылардың сөйлеу әдебі мен сөзге жауапкершілікпен қарау көзқарасы қалыптасады, бұл тіл мәдениетінің этикалық қыры болып табылады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамында қолданылған «құда», «төркін», «ата-баба», «ұлық», «жарлық» сияқты сөздер тек атау ретінде ғана емес, белгілі бір әдеп-ғұрып, қатынас түрлерін де білдіреді. Осындай сөздерді оқыту оқушыларды ақпаратпен ғана емес, ұлттық сана мен тілдік тәрбие тұрғысынан да тәрбиелейді. Яғни, көнерген сөздер арқылы оқушы сөйлеудің мәдениетін, мәнерін, астарлы мағынасын игереді.

Психолингвистикалық тұрғыдан қарағанда, көнерген сөздерді меңгеру оқушылардың тілдік есте сақтау қабілетін, ассоциативті ойлауын және семантикалық талдауын жетілдіреді. Бұл өз кезегінде олардың жалпы коммуникативтік мәдениетін арттырады. Оқушы көнерген сөздердің мағынасына үңіліп, олардың қолданылу аясы мен маңызын түсінеді. Нәтижесінде сөздерді саналы қолдану дағдысы қалыптасады, бұл тіл мәдениетінің функционалдық аспектісімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, көнерген сөздерді үйрету оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мұғалімдер көнерген сөздерді қатыстырған сипаттамалар жазу, кейіпкерлерді бейнелеу, тарихи оқиғаларды сипаттау сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік креативтілігін арттыра алады. Мысалы, «бәйбіше» сөзінің мағынасын ашып, оны қазіргі өмірмен байланыстыру, «хан» сөзі арқылы мінездеме жасау, «жырау», «батыр» сияқты сөздерді қолданған мәтін құрастыру оқушыларды тек сөздерді қолдануға ғана емес, олардың мағыналық дәлдігіне, бейнелілігіне және стиль үйлесіміне баулиды.

Көнерген сөздерді игеру барысында оқушы тек сөздің мағынасын ғана емес, сонымен бірге сол сөз арқылы берілетін тарихи, әлеуметтік және мәдени ақпаратты да меңгереді. Бұл тіл арқылы танымдық әрекеттің жүзеге асуы болып табылады. Мұндай жұмыс оқушылардың когнитивтік белсенділігін арттырып, тілдік және тілтанымдық

рефлексияны қалыптастырады. Оқушы көнерген сөздердің мәнін түсініп, оларды қазіргі әдеби тілмен салыстыра отырып, сөйлеу барысында нақты, әсерлі және мағыналы сөздерді таңдауға үйренеді. Осылайша, тілдік талғам қалыптасады, ал тілдік талғам – тіл мәдениетінің негізі.

Сонымен бірге, көнерген сөздер оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады. Олар бабалар тілін зерттеп, ұлттық тамырларымен тереңірек байланыс орнатады. Бұл тілдік-мәдени сабақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Тіл мәдениетін дамытуда тек тілдік материал жеткіліксіз, оқушы оны саналы түрде түсініп, тарихи-мәдени контексте қабылдауы тиіс. Көнерген сөздер осы міндетті атқаратын маңызды құрал болып табылады, өйткені олар – сөзден гөрі, тарих, мәдениет және ұлттық сана.

Көнерген сөздер тек тілдің тарихи қабаты ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Олар оқушылардың сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры, стильдік сезімі, тарихи-мәдени танымы мен тілдік талғамын қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі және сабақтастықпен жүргізу – қазіргі білім беру үдерісінің маңызды міндеттерінің бірі.

Көнерген сөздерді оқыту – қазақ тілінің тарихи даму сатыларын оқушыларға түсіндіру, тілдік сананы кеңейту және ұлттық танымды қалыптастырудың маңызды саласы болып табылады. Бұл бағытта мұғалімдер тек тілдік мазмұнмен шектелмей, тарихи, мәдени және әдеби контекстерге сүйене отырып кешенді әдістерді қолдануы қажет. Өйткені көнерген сөздер – ұлттық болмыстың тілдік көрінісі, рухани жадының көркем коды.

Көнерген сөздерді оқытуда әртүрлі әдістер қолданылады. Солардың ішінде тарихи-контекстік талдау әдісі ең тиімді болып саналады. Бұл әдіс бойынша сөз тек мағыналық тұрғыдан ғана емес, тарихи-әлеуметтік маңызы тұрғысынан да қарастырылады. Мысалы, «хан», «би», «жарлық», «нөкер», «орда», «сауыт», «қанжар» сияқты сөздер оқушыларға белгілі бір дәуірдегі саяси-әлеуметтік құрылымның элементтері ретінде таныстырылады. Мұндай тәсіл оқушыларға тарихи оқиғалар мен тілдік деректер арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Сабақта бұл сөздер мәтіндік талдауға енгізіліп, оқушылар сол дәуірдің ерекшеліктерін түсініп, қазіргі тілдегі қолданыспен салыстырады. Бұл әдіс тілдің тарихи сабақтастығын ұғынуға ықпал етеді.

Көркем мәтіндермен жұмыс істеу – көнерген сөздердің көркемдік мәнін ашу үшін тиімді әдіс болып табылады. Мысалы, М.Әуезовтің, І.Есенберлиннің тарихи романдары немесе жыраулар поэзиясындағы лексикалық бірліктер тілдің көнерген қабаттарын танытатын маңызды деректер саналады. «Сәукеле», «ақ отау», «жамбы ату», «жарлық» сияқты сөздерді оқушы мәтіннен тауып, олардың мағынасын, қолдану орнын, стильдік рөлін және тарихи-көркем контекстін талдай алады. Мұндай жұмыс оқушыларды тілдік талдаумен қатар мәдени, көркемдік және тарихи ойлау деңгейіне көтереді.

Салыстырмалы талдау әдісі – көнерген сөздерді қазіргі тілдегі баламалары мен синонимдерімен немесе семантикалық өзгерістерімен салыстырып оқыту. Бұл әдіс оқушыға тілдің дамуын, мағыналардың трансформациясын және сөздердің қызметтік өзгерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, «шақша» (бас киім), «сауын айту» (жариялау), «шаһар» (қала), «желпен» (жеңіл бас киім) сияқты сөздердің қазіргі нұсқаларымен салыстырылуы олардың мағыналық эволюциясын көрсетеді. Бұл оқушылардың талдау және қорытындылау қабілеттерін арттырады.

Қазақ тілінің бай сөздік қоры – ұлт тарихы, мәдениеті және дүниетанымының айнасы. Оның бір саласы – көнерген сөздер, яғни архаизмдер мен тарихи сөздер, олар бүгінгі ұрпақтың тілдік санасын байытып, сөз саптау мәдениетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Көнерген сөздер тек ескі тілдік элементтер ғана емес, олар ұлттың өткенімен тікелей байланысты рухани-мәдени мұра болып табылады.

Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында көнерген сөздерді жүйелі түрде таныстырып, олардың мағынасын және қолдану аясын түсіндіру оқушылардың сөздік қорын молайтып, тілге деген құрметін арттыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге, көнерген

сөздер арқылы оқушылар халқымыздың дүниетанымы мен тарихына үңіліп, өз мәдениетімен тереңірек танысады.

Осылайша, көнерген сөздерді оқыту – тек тіл үйрету ғана емес, ұлттық сана қалыптастыру мен рухани сабақтастықты жалғастырудың тиімді жолы болып табылады. Сондықтан бұл сөздік қабатты оқушылардың тіл мәдениетін дамытуда белсенді түрде қолдану – қазіргі заман талабы.

**Әдебиет**


1. Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1981.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994.



**Р.Т.СИЮМОВА**

*№27 орта мектеп лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Ақтөбе, Қазақстан*


## ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ДИСКУРС ҰҒЫМЫНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Дискурс – қазіргі лингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолданылып жүрген көп мағыналы ұғым. В. И. Карасиктің пікірінше, дискурсты зерттеу барысында әр ғылым саласының өкілдері бұл ұғымға түрлі қырынан анықтама беріп, оның тіл ұғымынан да кеңейіп кеткенін алға тартады [1, 271].

Дискурс көбіне мәтінмен байланысты қарастырылып, мәтін лингвистикасы аясында зерттеледі. "Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте" мәтін – мағына жағынан байланысқан бірліктердің жүйесі ретінде сипатталады, оның басты белгілері – тұтастық пен байланыстылық [2, 507].

И.Р. Гальперин мәтінді сөйлеу шығармашылығы нәтижесі деп қарастырып, оның құрылымында лексикалық, грамматикалық, стилистикалық байланыстардың үйлесімділігіне ерекше мән береді [3, 18]. Ал И.П. Сусов мәтін тек жазбаша емес, ауызша түрде де болуы мүмкін екенін айтып, мәтінді коммуникативтік үдерістің белсенді құралы ретінде бағалайды. Бұл ретте дискурс терминін қолдану орынды саналады [4, 25].

Сонымен, дискурс – бұл прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да экстралингвистикалық факторлармен тығыз байланысты тілдік әрекет. Ол тек мәтін емес, сонымен қатар сөйлесімге қатысушының когнитивтік үдерістері мен әлеуметтік контекстін қамтиды.

Лингвистикада ұзақ уақыт бойы тілдік жүйе құрылымын зерттеу басымдыққа ие болды. Алайда соңғы жылдары антропоцентрлік бағыттағы зерттеулердің күшеюі нәтижесінде тілдің сөйлеудегі қызметіне ерекше назар аударылып келеді.

Мәтін арқылы адам қоршаған ортасын танып, ақпарат қабылдайды және өзгелермен байланыс орнатады. Мәтін лингвистикасы XX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған сала ретінде лингвистикалық, әдеби, мәдени және психологиялық аспектіде дамып келеді. Қазіргі кезеңде мәтін мен дискурсты өзара байланыстырып қарастыру – тіл біліміндегі маңызды бағыттардың бірі.

Дискурстық зерттеулерде прагматикалық, когнитивтік, әлеуметтік және психологиялық факторлар басты назарда тұрады. Бұл салада алғашқы синтаксистік зерттеулер XX ғасырдың 50-жылдарының соңында басталып, кейін мәтін лингвистикасына ұласты. 1970-жылдары дискурсты мәтіннен бөлек, "мәтін + жағдай" деп қарастыру басымдық алды.

Т. А. Ван Дейк дискурсты тілдік форма, мағына және әрекет үштігі ретінде сипаттайды [5]. Э. Бенвенист дискурсты оқиға мен деректі жеткізетін құрылым ретінде қарастырса [6],

В. З. Демьянков дискурстың контекстілік негізін айқындайтын түрлі элементтерді атап өтеді.

Ю. С. Степанов дискурстың ерекше семантикасы мен синтаксисіне назар аударады [7, 85], ал көптеген зерттеушілер дискурстың негізінде диалогтік өзара әрекет жатқанын алға тартады. Бұл ретте дискурс – қарым-қатынас кезіндегі кері байланыспен ерекшеленетін тілдік құрылым.

Прагмалингвистика мен психолингвистикада дискурс тек жазбаша материал ретінде емес, ауызша қатысым құралы ретінде де қарастырылады. Мәселен, И.Р. Гальперин мен Л.М. Лосева мәтінді тек жазбаша формада зерттегенімен, қазіргі көзқарастар дискурстың ауызекі тілде де көрініс табатынын көрсетіп отыр.

Дискурстың пәнаралық табиғаты – оның әлеуметтану, психология, социолингвистика, когнитология сынды ғылымдармен байланысын айғақтайды. Бұл бағыттар бойынша дискурс:

когнитивті лингвистикада – сөйлеу өнімі мен оны түсіну үрдісі ретінде;

әлеуметтануда – әлеуметтік феномен ретінде;

социолингвистикада – әлеуметтік топтар арасындағы сөйлеу актісі ретінде;

коммуникация теориясында – сөйлеу актісіндегі семантикалық өзектілік ретінде танылады.

Текстология да дискурстың жанрлық ерекшеліктері мен құрылымын саралап, мәтіннің прагматикалық құрылымын айқындайды. Дискурсқа берілген ең көп тараған төрт мағына мыналар:

Әлеуметтік-мәдени контексте жүзеге асатын мәтін;

Мәтіннің коммуникативтік құрылыммен байланысы;

Сөйлеуші мен оның сөзі арқылы қалыптасатын сөйлеу жағдайы;

Пайдалану тәжірибесінің бір түрі ретінде қарастырылатын мағына.

Психолингвистикада дискурс адамның когнитивтік қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. А. Байтұрсынов "қайталамалар" туралы алғаш айтқан ғалымдардың бірі, оларды "қайталақтау" деп атап, көркем тілдің көрінісі ретінде қарастырған.

Қазақ тіл білімінде қайталамалар стилистикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық жағынан зерттеліп келеді. Осы тақырыпта О. Бүркітов, Т. Қалабаева, Н. Қожабергенова сынды зерттеушілердің еңбектері ерекше аталады.

Ауызекі тілдегі қайталамалар – коммуникативтік актінің белсенді тәсілдерінің бірі. Р.С. Әміров негіз сөздердің қайталануын эмоционалды және экспрессивтік тәсіл ретінде сипаттап, олардың коммуникативтік қызметіне назар аударады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде дискурс ұғымының қазіргі лингвистикадағы орны мен рөлі нақтыланып, оның көпаспектілігі мен пәнаралық сипатта қарастырылуы дәлелденді. Дискурстың мәні мен аясын түсіндіруде түрлі ғылыми бағыттардың өзара ықпалы байқалады. Қазіргі кезеңде дискурс тіл білімімен қатар, социолингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникация теориясы сияқты салаларда да зерттеу нысанына айналған.

Дискурсты зерттеу – қазіргі лингвистикалық парадигманың өзекті бағыттарының бірі ретінде, ғылымның болашағына ықпал ететін, терең әрі ауқымды ғылыми ізденісті талап ететін сала екенін көрсетті.

**Әдебиет**

1 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград, 2002.
2 Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Сов. энциклопедия, 1990. – 685с.
3 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981.
4 Сусов И.П. Деятельность, сознание, дискурс и языковая система // Языковой общение: процессы и единицы. Калинин, 1988.
5 Дейк ванн Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. М.: Прогресс, 1989. – 312 с.

6 Бенвенист Э. Общая лингвистика. М.: Едиториал УРСС, 2002. – 448 с.
7 Голованевский А.Л. Оценочность и ее отражение в политическом и лексикографическом дискурсах // Филологические науки: № 3. – 2002., С. 78-87.
8 Drosdowski G. Duden: Band 4 “Grammatik”. Dudenverlag: Mannheim – Leipzig – Wien – Zürich. 9 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963.
10 Смағұлова Г., Күркебаев К.,Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы.– Алматы: Арыс, 2008.– 184 б.
11 Бүркіт О. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001.– 456 б.

**Д.Д.БЕКНИЯЗОВА**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы*
*Ақтөбе, Қазақстан*

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бұл мақалада мәдениетаралық коммуникациядағы дискурстық ерекшеліктер жан-жақты қарастырылады. Әртүрлі мәдени ортадағы сөйлеу нормалары мен прагматикалық құндылықтар, вербалды және бейвербалды құралдардың қолданылуы, сыпайылық стратегиялары, үнсіздіктің мағынасы сияқты тілдік құбылыстар талданып, мәдениетаралық түсініспеушіліктің себептері нақты мысалдармен негізделеді. Сондай-ақ жоғары және төмен контекстті мәдениеттер арасындағы коммуникациялық айырмашылықтар көрсетіліп, прагматикалық сәйкессіздіктердің диалог жүргізуге әсері талқыланады. Мақалада нақты мәдениетаралық дискурстардан алынған деректер мен шетелдік зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары келтіріледі. Зерттеу нәтижесі мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісіндегі тілдік және мәдени нормалардың үйлесімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді.

XXI ғасырдағы жаһандану үдерісі адамдардың түрлі этносаралық және мәдениетаралық байланысқа түсуін жиілетті. Мұндай жағдайда тіл тек қатынас құралы ғана емес, мәдениеттің көрінісі, ұлттық болмыстың коды ретінде ерекше маңызға ие болады. Мәдениетаралық коммуникацияда дискурс тек лингвистикалық құралдардың жиынтығы емес, сөйлеушінің мәдени, этникалық, әлеуметтік кодтарын тасымалдаушы кеңістігі болып табылады. Осы мақалада мәдениетаралық дискурстың табиғаты мен ерекшеліктері, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің өзара байланысы қарастырылады. Қазіргі ғылымда біз дискурстың көптеген анықтамасын кездестіреміз. [1, 12-17].

Мәдениетаралық коммуникация – түрлі мәдени орта өкілдерінің вербалды және бейвербалды әрекет арқылы өзара түсіністікке жету процесі. Бұл үдерісте дискурс ерекше орын алады, себебі ол тілдік құралдар арқылы мәдени мазмұнды жеткізеді. Дискурс – коммуникативтік әрекет барысындағы тілдің қолданылу формасы мен контекстін қамтитын күрделі құбылыс. Дискурстың мазмұндық толықтылығын ком муникативтік жағдаят пен тақырыптық байла ныс орындаса, вербалсыз сигналдар, атап айт қанда, мәтіннің аяқталғаны, үзілістер, басқа тақырыптарға көшу арқылы білінеді. Сондық тан да дискурсты коммуникациялық қарым қатынастан тыс талдау мүмкін емес.[4, 10-11].Мәдениетаралық дискурста контекстің рөлі ерекше, себебі әртүрлі мәдениет өкілдері бір сөзге, фразаға немесе қимылға түрлі мағына беруі мүмкін. Сондықтан да, бұл салада дискурсты талдау тек тілдік емес, мәдениеттанымдық, прагматикалық, когнитивтік аспектіде жүргізілуі тиіс.

Тіл – мәдениеттің айнасы. Ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, этикет ережелері дискурста анық байқалады. Мысалы, қазақ дискурсында сыпайыгершілік, үлкенге құрмет, әдептілік нормалары тілдік қатынаста көрініс табады: «асылық болмаса», «мүмкін болса», «рұқсат етсеңіз» сияқты этикеттік формалар жиі қолданылады. Ал батыс мәдениетінде тікелей, нақты сөйлеу стилі басым. Бұл айырмашылықтар мәдениетаралық коммуникацияда түсініспеушілікке себеп болуы мүмкін. Сондықтан ұлттық дискурстық ерекшеліктерді білу – тиімді қатынас орнатудың алғышарты.

Мәдениетаралық дискурста тек сөз ғана емес, бейвербалды қатынас құралдары – ым-ишара, дене тілі, дауыс интонациясы, кеңістік пен уақытты қабылдау – маңызды рөл атқарады. Бір мәдениетте қалыпты саналатын ым-ишара екінші бір ортада әдепсіздік немесе

қорлау ретінде қабылдануы мүмкін. Мысалы, жапон мәдениетінде көзге тіке қарау дөрекілік болса, американдықтарда ол сенімділік белгісі ретінде қарастырылады. Сол сияқты үнді мәдениетінде үнсіздік келісім ретінде қабылданса, еуропалықтарда ол түсінбеушілік немесе қарсылық белгісі болуы мүмкін. Сондықтан да мәдениетаралық дискурста бейвербалды сигналдарды түсіну – сәтті коммуникацияның кілті.

Мәдениетаралық коммуникацияда ұлттың тілдік бейнесі мен сөйлеу ерекшеліктері ерекше рөл атқарады. Қазақ тіліндегі синонимдер мен лексикалық варианттардың молдығы — ұлттық дискурстың көркемдік қуатын ғана емес, сонымен қатар прагматикалық икемділігін де көрсетеді. Рабиға Сыздық: «Ұлттық көркем сөз нормасының бір белгісі – қазақ лексикасының байлығын, яғни синонимдер мен әр алуан варианттарды орынды жұмсау...» [3, 272] – дей келе, бұл құбылыстың көркем сөзбен қатар қоғамдық қарым-қатынастағы тілдік таңдау еркіндігіне, тілдік мінезге әсерін атап өтеді.

Мәдениетаралық коммуникацияда бұл ерекшеліктер кейде түсінбеушілікке немесе мағыналық сәйкессіздікке себеп болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде бір ұғымды жеткізу үшін бірнеше балама сөздер қолданылады (мыс: «жылы сөйлеу» – «жұмсақ сөйлеу» – «мәдениетті сөйлесу»), ал ағылшын тілінде бір ғана нақты тіркес болуы мүмкін. Бұл семантикалық нақтылық пен прагматикалық бейімділік арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Мәдениетаралық дискурсты лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу оның терең құрылымдарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл салада «мәдени коннотация», «ұлттық концепт», «тілдік сана» сияқты ұғымдар маңызды рөл атқарады. Мысалы, «жол», «қонақ», «несібе» деген сөздердің қазақ мәдениетінде өзіндік символикалық мәні бар, ал басқа мәдениет өкілдері бұл ұғымдарды тура мағынада қабылдауы мүмкін. Осылайша, ұлтқа тән мәдени концепттерді дискурста дұрыс қолдану мен түсіну – мәдениетаралық өзара әрекеттің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Батыс мәдениетінде (мысалы, АҚШ, Германия) коммуникация кезінде сөйлеуші ойын нақты, қысқа әрі тікелей айтуға бейім. Ал шығыс мәдениеттерінде (Жапония, Корея, Қазақстан) жанама, сыпайы, астарлы сөйлеу кең таралған. Қазақ мәдениетінде «Жоқ» деп тікелей айту сыпайылыққа жатпайды, сондықтан «Қазірше қолым тимей жатыр», «Бәлкім кейінірек» сияқты жанама жауаптар таңдалады. Ал американдық ортада мұндай жауаптар түсініксіз немесе екіұшты болып қабылдануы мүмкін.

Әр ұлттың қарым-қатынаста қолданатын этикеттік формулалары әртүрлі. Қазақ тілінде қарым-қатынастың басында жиі «Ассалаумағалейкум», «Амансыз ба?», «Халіңіз қалай?» сияқты амандық сұрасу формулалары қолданылады. Ағылшын тілінде «Hi», «How are you?» деген сөздер жеңіл, формалды сипатта болуы мүмкін. Қазақ дискурсында сәлемдесудің өзі қарым-қатынастың мазмұнды бөлігі болса, ағылшын дискурсында ол тек формалдылық рөлін атқарады.

Уақытқа деген көзқарас мәдениетке байланысты дискурстық ерекшеліктерге де әсер етеді. Неміс және жапон мәдениеттерінде дәл уақытты сақтау маңызды. Осы елдерде кешігу кәсіби этикеттің бұзылуы ретінде қабылданады. Ал кейбір шығыс мәдениеттерінде, оның ішінде қазақ қоғамында, аздаған кешігулер әлеуметтік тұрғыда түсіністікпен қабылдануы мүмкін. Бір ым немесе жест түрлі мәдениеттерде әртүрлі мағына береді.

Америкада бас бармақты көтеру ("thumbs up") – мақұлдау белгісі. Алайда кейбір Таяу Шығыс елдерінде бұл ишара әдепсіздік ретінде қабылдануы мүмкін. Сол сияқты, жапондықтарда көп иілу – құрмет көрсету, ал еуропалықтар үшін бұл шамадан тыс сыпайылық немесе ерсі қылық ретінде көрінуі мүмкін.

Мәдениетаралық дискурста үнсіздік әртүрлі мағынаға ие болады.Жапон мәдениетінде сөйлеу арасындағы үзіліс – ойланудың, сабырлықтың белгісі. Ал батыс елдерінде (мысалы, АҚШ) ұзақ үнсіздік қарым-қатынастың үзіліп қалғанын немесе ыңғайсыздықтың белгісі ретінде қабылдануы мүмкін.

Ағылшын тілді мәдениеттерде өтініш білдіру үшін «Could you please...», «Would you mind...?» сияқты жанама формалар жиі қолданылады. Ал кейбір азиялық мәдениеттерде,

мысалы, жапон тілінде, өтініштерді білдіруде одан да жанама әрі сыпайы тәсілдер қолданылады, бұл сыпайылықтың жоғары деңгейін көрсетеді. «Intercultural pragmatics focuses on how individuals from different cultural backgrounds interact and communicate, emphasizing the role of context in understanding language use across various cultural settings.».

АҚШ пен Германия сияқты төмен контекстті мәдениеттерде адамдар ойын тікелей және нақты жеткізеді. Керісінше, Жапония мен Қытай сияқты жоғары контекстті мәдениеттерде жанама, астарлы сөйлеу басым. Мысалы, жапондықтар «иә» деп жауап берсе де, бұл келісімді білдірмей, тек тыңдап отырғанын көрсетуі мүмкін. «High-context cultures, such as China and Japan, favor indirect and nuanced communication, promoting implicit understanding and subtle negotiation tactics.» [4].

Көзге тіке қарау АҚШ-та сенімділік пен ашықтықтың белгісі болса, Жапония мен Қытайда бұл әрекет құрметсіздік немесе қарсы шығу ретінде қабылдануы мүмкін. «In many East Asian cultures, such as Japan and China, avoiding direct eye contact is a sign of respect, especially when interacting with superiors.»[5].

«Dog» сөзі ағылшын тілінде адалдықпен достықтың символы болса, кейбір азиялық мәдениеттерде бұл сөз жағымсыз коннотацияға ие болуы мүмкін.«Take animals as example, the word “dog” has same denotation in English and Chinese, while their connotations are quite different. The word is usually used derogatively by Chinese people to describe somebody disgusting. But in the eyes of Westerners, “dog” means loyalty, faith, bravery and intelligence.»[6].

Жапон мәдениетінде үнсіздік – ойлану мен құрметтің белгісі. Ал АҚШ-та ұзақ үнсіздік әңгімелесудің үзіліп қалғанын немесе ыңғайсыздықты білдіруі мүмкін. «In high-context cultures, silence is often used as a communicative tool, conveying respect, contemplation, or agreement».

Мәдениетаралық дискурста коммуникативтік стратегиялар – тыңдаушының мәдени ерекшеліктерін ескере отырып тіл табысу жолдарын табуға бағытталған әрекеттер. Мұндай стратегияларға бейімделу, парафраза қолдану, қосымша түсіндіру, эмоционалдық бейтараптықты сақтау сияқты тәсілдер жатады. Алайда, кей жағдайларда коммуникациялық кедергілер тууы мүмкін: тілдік тосқауыл, мағыналық жаңсақ түсіну, мәдени нормамен құндылықтардың сәйкес келмеуі. Бұл жағдайда мәдениетаралық құзыреттілік – негізгі шешуші фактор.

Мәдениетаралық дискурс – тек тілдік қарым-қатынас емес, ол – мәдени кодтардың, дүниетанымдар мен әлеуметтік нормалардың тоғысқан күрделі кеңістігі. Оны түсіну, меңгеру және тиімді қолдану – қазіргі көпмәдениетті қоғамда табысты өмір сүрудің маңызды шарты. Дискурстық ерекшеліктерді зерттеу арқылы біз ұлттық мәдениеттердің бір-бірін жақсы түсінуіне, толеранттылықпен өзара құрметке жол ашамыз. Осылайша, дискурс мәдениетаралық диалогтың негізіне айналады.

**Әдебиет**

1. Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008.

2. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003.

3. Сыздық Р. *Сөз құдіреті.* — Алматы: Санат, 1997.

4. https://en.wikipedia.org/wiki/Cross-cultural_differences_in_decision-making?utm_source=chatgpt.com

6. *FANG Jie; (Foreign Languages College, Qingdao University of Science and Technology, Qingdao 266061, China* A study on pragmatic failure in cross-cultural communication

**Р.К.ЖАНГАЛИЕВА**
*№21 жалпы білім беретін орта мектебі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қазақстан*

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ДИСКУРС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы гендерлік дискурстың көркемдік, тілдік және идеялық ерекшеліктері қарастырылады. Гендерлік дискурс ұғымы арқылы әдебиеттегі әйел және ер образының бейнелену сипаты, олардың әлеуметтік рөлдері мен ішкі дүниесі сараланады. Автор қазіргі қазақ әйел жазушыларының шығармаларындағы гендерлік көзқарасты, әйел образының күрделенуі мен тұлғалық еркіндікке ұмтылысын тілдік және дискурстық тұрғыдан сипаттайды. Сонымен қатар, ер қаламгерлер прозасындағы дәстүрлі және жаңаша гендерлік ұстанымдарға да талдау жасалған. Мақалада қазіргі әдеби кеңістікте қалыптасып келе жатқан жаңа гендерлік дискурс түрлерінің қоғам санасына әсері мен қазақ әдебиетінің дамуындағы маңызы көрсетілген.

Қоғамдық санада орын алған өзгерістер тіл мен әдебиетке де тікелей ықпал етіп отырады. Әдебиет – белгілі бір кезеңнің әлеуметтік, мәдени, психологиялық көрінісін бейнелейтін күрделі дискурстық кеңістік. Ал **гендерлік дискурс** – ер мен әйел образының әдебиеттегі көркем тіл арқылы бейнеленуі мен ұстанымдық ерекшеліктерін ашатын бағыт. Соңғы жылдары қазақ прозасында әйел қаламгерлердің белсенділігі артып, әйел тағдыры мен әйел көзқарасы кеңінен көріне бастады. Бұл қазақ прозасының гендерлік дискурс аясында елеулі өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді.

**Гендерлік дискурс дегеніміз не?**

Гендерлік дискурс – қоғамдағы ер мен әйелдің әлеуметтік рөлдерін, мінез-құлық үлгілерін, тілдік қолданыстарын, танымдық және мәдени ерекшеліктерін сипаттайтын ұғым. Ол тіл арқылы қалыптасып, мәтін мен коммуникация барысында көрініс табады. Әдебиеттегі гендерлік дискурс – көркем шығармада кейіпкерлердің жынысына қатысты бейнеленетін психологиялық, әлеуметтік, мәдени сипаттардың жиынтығы.

Қазіргі заманғы лингвистика мен әдебиеттануда гендерлік зерттеулер жеке бағыт ретінде дамып келеді. Бұл әдебиеттегі әйелдің орны, әйел мен ер арасындағы қарым-қатынас, гендерлік теңсіздік, әлеуметтік қысым сияқты мәселелерді жаңа тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

**Қазіргі қазақ прозасындағы әйел образының өзгеруі**

Классикалық қазақ прозасында әйел бейнесі көбінесе ұлттық дәстүрлер шеңберінде, шектеулі әлеуметтік рөлдермен ғана шектелетін. Әйел – ана, жар, ару, махаббат объектісі ретінде сипатталды. Бұл – патриархалды дискурстың көрінісі еді.

Алайда бүгінгі қазақ прозасында әйел образы күрделеніп, жаңа сапалық деңгейге көтерілді:

- **Тұлғалық еркіндігі мен ішкі әлеміне мән беру**
- **Қоғамдағы орны мен қызметіне қатысты сыншыл көзқарас**
- **Өзін-өзі табу мен тұлғалық даму жолындағы күрес**
- **Психологиялық тереңдік, ішкі монолог, экзистенциялық ізденістер**

Мұндай өзгерістер әйел қаламгерлер шығармашылығы арқылы айқын көрінеді.

**Әйел қаламгерлер прозасындағы гендерлік дискурс**

Қазіргі қазақ әдебиетінде шығармашылығы ерекше танылған әйел жазушылардың бірі – **Дидар Амантай, Гүлзат Нұрмолдақызы, Ақберен Елгезек (прозалық шығармаларында), Мадина Омарова, Қарлығаш Қабатова, Құралай Бәйменова**, т.б.

Олардың шығармаларында гендерлік дискурстың мүлде жаңа формасы – **әйелдің ішкі дауысы, эмоционалдық күйі, әлеуметтік шектеулермен күресі** көрініс табады.

**Мысал ретінде:**

- **Гүлзат Нұрмолдақызының** шығармаларында қыз баланың қоғамдағы, отбасыдағы орны, ана мен қыз арасындағы байланыстың эмоционалдық реңкі нәзік жеткізіледі.
- **Құралай Бәйменованың** прозасында әйел тұлғасының әлеуметтік әділетсіздікке қарсы тұруы, өз құқығын іздеуі басты желіге айналады.

Бұл шығармаларда **гендерлік рөлдердің бұзылуы**, **психологиялық шектеулер**, **патриархалды тәртіпке наразылық** сияқты мотивтер көркем тілмен, бейнелі дискурс арқылы жеткізіледі.

**Ерлер прозасындағы гендерлік ұстанымдар**

Қазіргі ер қаламгерлер де әйел образын жаңаша сипатта бейнелей бастады. Бұрынғыдай тек сұлулықтың немесе эмоциялық әлсіздіктің иесі емес, енді әйел – күрделі, өз пікірі бар, қоғамға ықпал ете алатын тұлға ретінде беріледі.

**Мысалы:**

- **Төлен Әбдік** шығармаларындағы әйелдер – рухани ізденістегі, кейде тағдырдан шаршаған кейіпкерлер.
- **Смағұл Елубай** прозасында әйелдер тарихи оқиғалар аясында белсенді қатысушы ретінде көрінеді.

Алайда кейбір ер қаламгерлердің шығармаларында әлі де болса дәстүрлі гендерлік стереотиптер сақталып келеді. Бұл – қазақ әдебиетіндегі гендерлік дискурстың әлі толық трансформацияланбағанын көрсетеді.

**Гендерлік тіл және стиль ерекшеліктері**

Әйел жазушылардың тілінде:

- **Эмоционалды бояу басым**
- **Ішкі монолог, өзін-өзі талдау молынан беріледі**
- **Күнделікті өмір көріністері нақты сипатталады**
- **Психологиялық талдау терең**

Ал ер жазушыларда:

- **Объективті баяндау**
- **Көбіне сыртқы әрекетке назар аудару**
- **Мәселені философиялық деңгейде көтеру**
- **Гендерлік рөлдер көбіне тұрақты қалыпта қалады**

Бұл ерекшеліктер гендерлік дискурстың көркемдік стиль мен композицияға әсерін дәлелдейді.

**Қоғамдық көзқарас пен әдебиеттің диалогы**

Қазіргі әдебиетте жазушы мен оқырман арасындағы диалог та өзгеше сипат алуда. Әсіресе әйел кейіпкерлердің өз тағдырына қатысты ашық пікірлері, ішкі қарсылықтары оқырманның жан дүниесіне әсер етіп, әлеуметтік ой тудырады.

Мұнда әдеби дискурс тек көркем құрал ғана емес, **қоғаммен байланыс, пікірталас, сана өзгерісінің тетігі** қызметін атқарады.

Қазіргі қазақ прозасындағы гендерлік дискурс – ұлттық әдебиеттің жаңа парағы. Ол әйел мен ер адамның әдеби кеңістіктегі орнын қайта бағалап, әдебиеттің әлеуметтік функциясын күшейтуде. Әйел жазушылардың белсенділігі, гендерлік теңдік туралы ой-пікірлердің көркем мәтінде көтерілуі – қазақ әдебиетінің заманауи үдерістерге ілесіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл тек әдебиет үшін емес, қоғамның гендерлік санасын қалыптастыруда да үлкен қадам.

**Әдебиет**


1. Ахметова Ш. «Қазақ әдебиетіндегі гендерлік мәселелер», Алматы, 2022.
2. Омарова М. «Әйел бейнесі және көркем мәтін», Астана, 2023.
3. Нұрмолдақызы Г. «Қыз ғұмыры» (шығармалар жинағы), 2021.

4. Қабатова Қ. «Түнгі сұхбаттар», Алматы, 2020.
5. Қазақ әдебиетінің антологиясы, ҚР БҒМ, 2023.

**А.А.КОЛБАЕВА**
*«48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

## МЕКТЕПТЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ: КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жаһандану дәуірінде түрлі мәдениет өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық — заманауи қоғамның басты қажеттіліктерінің бірі. Бұл үрдіс білім беру жүйесінде, әсіресе мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде айқын байқалады. Білім алушылардың әлемге ашық көзқараспен қарауы, мәдени көптүрлілікті қабылдауы, өзге халықтардың құндылықтарына құрметпен қарауы – олардың болашақ табысты өмір сүруіне негіз болады.

Осы орайда, мектептегі **мәдениетаралық диалог** – тек тілді меңгеру ғана емес, әртүрлі мәдени ортада тілдесе алу, түсіністікке келу, кикілжіңді болдырмау жолдарын меңгеру дегенді білдіреді. Бұл процесте **коммуникативтік құзыреттілік** – оқушының негізгі функционалдық дағдыларының бірі ретінде дамытылады.

1. Мәдениетаралық диалог ұғымы және оның маңызы

Мәдениетаралық диалог – бұл әртүрлі мәдени ортадан шыққан тұлғалар арасындағы өзара түсіністікке негізделген байланыс. Ол вербалды (сөйлеу арқылы) және вербалды емес (ым-ишара, бет-әлпет, дене тілі) құралдар арқылы жүзеге асады. Мұндай диалог қоғамдағы әртүрлілікті қабылдау, толеранттылықты қалыптастыру, стереотиптерден арылу сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытады.

Мектеп оқушыларына ерте жастан мәдениетаралық диалог жүргізуге мүмкіндік жасау – олардың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыруға жол ашады. Бұл бағыттағы жұмыс – мектептің тәрбиелік қызметінің де, пәндік оқытудың да құрамдас бөлігі болуы тиіс.

2. Коммуникативтік құзыреттілік: түсінігі және құрылымы

**Коммуникативтік құзыреттілік** – тұлғаның түрлі жағдайларда тиімді әрі орынды қарым-қатынас жасай алу қабілеті. Бұл құзыреттіліктің құрамына келесі компоненттер кіреді:

- **Тілді меңгеру құзыреттілігі** – лексика, грамматика, стилистика бойынша білім мен дағды;
- **Дискурстық құзыреттілік** – сөйлеу жағдайына сай мазмұнды, логикалық, байланысқан мәтін құра білу;
- **Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік** – сөйлеу мәдениетін, тілдік сыпайылық нормаларын, әлеуметтік рөлдерге сәйкес сөйлеу тәсілдерін меңгеру;
- **Стратегиялық құзыреттілік** – қатынастағы қиындықтарды шешу жолдарын табу;
- **Мәдениетаралық құзыреттілік** – өз мәдениетін құрметтей отырып, өзге мәдениеттің ерекшеліктерін ескере білу.

Мектеп оқушысында бұл компоненттерді біртіндеп дамыту үшін арнайы педагогикалық тәсілдер қажет.

3. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамыту жолдары

*3.1. Пәнаралық ықпалдастық*

Тіл, әдебиет, тарих, география, өнер сияқты пәндер арқылы оқушыларға түрлі халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрі туралы білім беру – диалогқа негіз болатын ортақ

түсінік қалыптастырады. Бұл бағытта мұғалімдер өзара ықпалдасып, бірлескен жобалар, интеграцияланған сабақтар өткізе алады.

*3.2. Диалогтық оқыту әдістері*

Диалогқа құрылған оқыту – коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың тиімді тәсілі. Бұл әдіс оқушылардың пікірін тыңдау, дәлелдеу, салыстыру, сұрақ қою, жауап беру дағдыларын жетілдіреді. Сабақ барысында дебат, пікірталас, рөлдік ойындар, проблемалық жағдаяттар талдау кеңінен қолданылуы тиіс.

*3.3. Жобалық жұмыс және кроссмәдени шаралар*

«Мәдениетаралық көпірлер» атты сыныптық жобалар, ұлттық мәдениет фестивальдері, шет тіліндегі қойылымдар, онлайн кездесулер оқушыларға өзге мәдениет өкілдерімен еркін қарым-қатынас орнатуға жағдай жасайды.

*3.4. Шет тілдерін оқытудағы рөлі*

Шет тілі сабағы – мәдениетаралық диалогты дамытуда маңызды алаң. Ағылшын, орыс, қытай және басқа тілдерді үйрету кезінде сол елдің мәдениетімен, этикетімен, күнделікті өмірімен таныстыру – оқушылардың басқа ұлт өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас құра білуіне ықпал етеді.

*3.5. Мектеп ортасындағы толерантты атмосфераны қалыптастыру*

Мектеп ұжымы (мұғалім, ата-ана, оқушы) арасында өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген қарым-қатынас мәдениеті – оқушылардың бойында мәдениетаралық қатынасқа ашықтықты қалыптастырады. Сыныптағы және мектептегі психологиялық ахуалдың жағымды болуы – диалогқа ашық, еркін тұлға тәрбиелеудің алғышарты.

4. Қиындықтар мен ұсыныстар

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда бірқатар қиындықтар кездеседі:
– Мұғалімдердің мәдениетаралық білім беру бойынша арнайы даярлығының жеткіліксіздігі;
– Дайын дидактикалық материалдардың, қазақ тілді авторлық әдістемелердің аздығы;
– Кейбір оқушылардың жабық, ұяң мінез-құлқы немесе өз мәдениетін шектен тыс жоғары қоюы.

**Ұсыныстар**:

- Мұғалімдерге арналған біліктілік арттыру курстары шеңберінде мәдениетаралық коммуникация бойынша тренингтер өткізу;
- Оқу бағдарламасына мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған мазмұнды қосу;
- Мектепішілік және халықаралық серіктестік жобаларды кеңейту.

Мектеп оқушысының әлемдік кеңістікте табысты әрекет ете алуы – оның мәдениетаралық коммуникация дағдыларына тікелей байланысты. Сондықтан мектеп деңгейінде коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізгі бағыты. Диалогтық оқыту, жобалық тәсіл, мәдениетаралық байланыс орнату – осы құзыреттілікті дамыту жолдарының басты құралдары. Болашақта бұл саладағы әдістемелік ізденістер мен тәжірибелерді жинақтап, жүйелеу қажет.

**Әдебиет**


1. Сүлейменова, Э.Д. Мәдениетаралық коммуникация негіздері**.** – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
2. Жолдасбекова, Ш. Тіл және мәдениет: ұлттық ерекшеліктерді оқыту мәселелері**.** – Астана, 2019.
3. Сейтқазина, А. Диалогтық оқыту әдістері арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту // Білім беру проблемалары журналы, 2021, №3.
4. Қалиасқарова, А. Мәдениетаралық диалог – көпмәдениетті қоғамның негізі. – Қазақ тілі мен әдебиеті, 2020, №4.
5. UNESCO. Intercultural Competences: Conceptual and Operational Framework**.** Paris, 2013.

**Г.С. ОБАЕВА**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, PhD*
*Қазақстан, Ақтөбе*

# ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ИНТЕРТЕКСТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ДИСКУРСЫ (Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Ақпараттық қоғам мен жаһандық мәдениеттер тоғысқан қазіргі кезеңде кәсіби даярлық пен тұлғалық қалыптасудың арасындағы тепе-теңдік мәселесі өткір қойылуда. Бұл тұрғыда ұлттық тәрбиенің мәнін айқындайтын дискурстық өріс өзектілікке ие бола түсуде. Заман талап етіп отырған білім мен құзыреттілік қандай жоғары деңгейде берілсе де, егер ол ұлттық тәрбие мазмұнымен үндеспесе, оның нәтижесі толық болмайтыны ғылыми-педагогикалық қауымдастықта мойындалған Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген тұжырымы бүгінгі күннің де дискурстық кеңістігінде өзектілігін жойған жоқ.

Ұлттық тәрбие – тек отбасылық немесе педагогикалық құбылыс қана емес, ол тұтас халықтың ұрпаққа берер мәдени-когнитивтік коды, яғни ұлттық дискурстың негізгі репрезентативтік моделі болып табылады. Осы орайда, Бауыржан Момышұлының өмірлік тәжірибесі мен шығармашылық мұрасы ұлттық тәрбие кеңістігінде тұлғалық дискурс ретінде дараланады. Оның «Ұшқан ұя» повесіндегі отбасылық тәрбие, ана мен әке өнегесі арқылы берілетін құндылықтар жүйесі – ұлт болмысының терең қабаттарынан бастау алатын мәдениетаралық таңбалар жүйесі ретінде танылуға тиіс. Бұл көркем мәтіндегі ұлттық тәрбиенің вербалды репрезентациясын тануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі жаһандық мәдени ықпалдар мен ақпараттық экспансия жағдайында ұлттық кодты сақтаудың бірден-бір амалы – ұлттық тәрбиені сақтай отырып, оны қазіргі дискурстық модельдермен сабақтастыра білу. Бұл ұлттық сана мен ұлттық болмыстың дискурстық тұрақтылығы мен динамикасын қатар үйлестіру қажеттілігін көрсетеді.

Бауыржан Момышұлы феномені тек тарихи тұлға емес, ол – ұлттық-идеологиялық дискурстың тұрақты репрезентанты. Оның шығармаларынан халық педагогикасының мәні ғана емес, сол заманның идеологиялық, рухани, әскери дискурсы да көрініс береді. Ұлт тәлімінің Бауыржан образы арқылы вербалды деңгейде қалай көркем кестеленетінін талдау – ұлттық тәрбие тілін, ұлт идеологиясын және мәдени таңбаларын дискурстық әдіспен қайта оқу дегенді білдіреді. Рухани жаңғыру идеясы да ең алдымен ұлттық тәрбиелік дискурстың жаңғыруымен астасады. Бұл бағытта Алаш арыстары мен XX ғасыр басындағы ағартушы педагогтердің көзқарастары да заманауи ұлттық дискурс картасына енуі тиіс.

Ұлттық тәрбие – замана сұранысынан туындаған күн тәртібіндегі негізгі гуманитарлық дискурсқа айналып отыр. Бұл ұғым тек тәрбие беру ісінің мазмұндық саласы ретінде емес, сонымен қатар ұлттық идеяның дискурсивтік ядросы ретінде қарастырылуы тиіс. Қазақ елінің өз мемлекеттілігін нығайтуы мен "Мәңгілік ел" идеясын жүзеге асыруы – тек саяси-әкімшілік мәселе емес, ұрпақ тәрбиесі арқылы жүзеге асатын мәдени-рухани дискурс жүйесі. Ұлт болмысының өзегін құрайтын арман-аңсарлар түркі заманынан бастау алғанымен, олардың қазіргі қоғамдағы вербалды және менталды көрінісі – ұлттық тәрбиенің теориялық концептуалдық мазмұны арқылы танылады.

Осы тұрғыдан келгенде, Бауыржан Момышұлы тұлғасы – ұлттық-идеологиялық дискурстың жарқын көрінісі. Оның өмірі мен шығармашылығы, әсіресе «Ұшқан ұя» повесі ұлттық тәрбиенің отбасылық моделін, адамгершілік принциптерін және азаматтық борыш концепциясын қамтитын интегралды дискурс ретінде қарастырылуға лайық. Б.Момышұлы шығармаларындағы идеялық өзек – парыз ұғымы. Оның түсіндіруінше, парыз – адамның ішкі рухани болмысы мен қоғамдық жауапкершілігі арасындағы құндылықтар жиынтығы, ол «ақыл, сезім, ерік, ұят, ар-ождан, әділеттілік, шындық, махаббат» ұғымдарымен семантикалық өріс құрайды [1, 63].

Момышұлы дискурсы ұлттық тәрбиеге тек теориялық түсінік деңгейінде емес, нақты әлеуметтік-мәдени әрекетке бағдар беретін практика ретінде қарайды. Ол ұлттық тәрбиені қалпына келтіру жолында нақты жобалар ұсынып, тіл, тарих, дәстүр, руханият мәселелерін біртұтас жүйе ретінде көре білді. Оның "қазақ болу", "ұлтты сүю", "рухани жауапкершілік" туралы көзқарастары – қазіргі ұлттық дискурстың концептуалдық негіздеріне айналып отыр.

Бауыржан Момышұлының ұлт тәрбиесі туралы ойларында тілдік дискурс пен мәдени идентификация да маңызды орын алады. Ол ана тіліне қатысты заңнаманың пәрменсіздігін сынап, оның орындалмауының себебін ұлттық санадағы ала-құлалықпен байланыстырды. Бұл тұста батырдың: «Бетіне қарасаң біздікі, ал кеудесіне үңілсек, аяғы аспаннан салбырап түскендей» деген уытты сөзі – қазіргі тілдік саясат пен ұлттық идентификация дискурсына бағытталған өзекті уәж ретінде танылуға тиіс. Б.Момышұлы шығармаларындағы адам мен қоғам, тәрбие мен ерлік, парыз бен қателік ұғымдары дискурстық деңгейде сабақтасқан. Ол адамның ерік-жігерін тәрбиелеу жолында шындық пен өтірік арасындағы шекараны анықтайды. Шындық – ерлік пен рухтың негізі болса, өтірік – «зиянды у» ретінде көрсетіледі. Бұл антитеза оның дүниетанымындағы этикалық дискурстың маңызын айқындайды. Сондай ақ, батырдың ұлттық тәрбиеге қатысты «Тарихын танымаған – мәңгүрт», «Тілін білмеген – дүбәрә» деген тұжырымдары – ұлттық дискурс құрылымындағы мәдени жады мен тілдік сананың маңыздылығын көрсететін аксиологиялық белгілер болып табылады.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі – ұлттық тәрбие мен тұлғалық болмыстың балалық шақта қалай қалыптасатынын бейнелейтін көркем дискурстың маңызды үлгісі. Автор бұл туындысында өзінің балалық шағын, өскен ортасын және алғашқы танымдық тәжірибелерін көркем шындыққа айналдыру арқылы ұлттық мәдени дискурсты сомдайды. Бұл шығарманың концептуалдық өзегі – тұлғалық жад, ұлттық дәстүр және рухани тамырлар жүйесінде жүзеге асады. Момышұлы көркем естеліктер мен нақты өмірлік деректерді үйлестіре отырып, оқырманды белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қазақ болмысының шындығына жетелейді. Автордың өз естелігінде: «Бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады…» деген ойы [2, 16] – балалық дискурстың табиғатын сипаттайды. Бұл көркем мәтінде баланың дүниені қабылдауы – эмоциялық, интуитивтік, символдық формалар арқылы өрнектеліп, дискурсивті тәжірибе ретінде көрініс табады.

Ғалым Ж. Дәдебаев атап көрсеткендей, «өмір шындығынан көркем шындық жасау – инемен құдық қазғандай қиын еңбек» [3, 3]. «Ұшқан ұя» туындысында дәл осы көркем трансформация арқылы бала Бауыржанның көзімен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани келбеті бейнеленеді. Көшпелі өмір салты, ауылдың әлеуметтік құрылымы, отбасылық тәрбие формалары, ұрпақаралық қатынастар – барлығы ұлттық дискурстың нарративтік формалары ретінде ұсынылады.

Сонымен қатар, шығармада интертекстуалдық дискурс мақал-мәтелдер арқылы жүзеге асады. Мысалы, «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» деген мәтел – балалық шақтың табиғи әлсіздігін емес, тұлғалық іргетастың қалыптасуын бейнелейтін символдық формула. Жазушы бұл ұлт даналығын былайша тереңдетеді: «Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы осы жерден басталса керек». Бұл жерде ұлттық мәтел авторлық дискурспен бірігіп, тәрбиелік мазмұнды құрылымға айналған. Сол сияқты «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» немесе «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек» секілді мәтелдер арқылы Бауыржан Момышұлы қазақ фольклорындағы аксиологиялық мазмұнды бала тәрбиесімен сабақтастырып, оқырманды ұлттық сана кеңістігіне енгізеді. Бұл тәсіл – жазушының тек тәрбие мазмұнын ғана емес, дискурстық мәдени кодтарды да жандандыруға ұмтылғанын көрсетеді.

Повестегі тәрбие құралдары бірнеше дискурсивтік деңгейде көрінеді: мақал-мәтелдік дискурс – халық даналығын тікелей қолдану арқылы мағынаны тереңдету; әдет-ғұрыптық дискурс – салт-дәстүрдің заманауи құндылықтармен сабақтасуы; отбасылық

тәрбиелік дискурс – ана мен ата, әже мен немере арасындағы қатынастың тәрбиелік функциясы. Осы құрылымдық модельдер арқылы «Ұшқан ұя» туындысы ұлттық рухтың, мәдени жадының, тәрбие мен парыздың көркем-когнитивтік дискурсын қалыптастырады. Автор өзіне таныс ауыл адамдарының бейнесін, балалық шақтағы тәжірибелерді реалистік әдіспен бейнелеп, көркем шығарма арқылы ұлттың рухани капиталына айналдыра алды.

Автор есейген тұста балалық шақта естіген фольклорлық мәтіндерді азаматтық санамен қайта интерпретациялап, олардың әлеуметтік мәні мен тәрбиелік салмағын айқындайды. Мысалы, байлыққа сенген, реңсіз, кекеш адам ару қызды тоқалдыққа алған эпизодты жазушы «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген мақалмен түйіндейді. Бұл – әлеуметтік теңсіздіктің сыншыл дискурсы, фольклорлық мәтін арқылы шындықты бейнелеу. Сол сияқты «Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құр қол қалады» мәтелі де – қоғамдағы әділетсіздік пен бай мен жарлы арақатынасының көркем семиотикасы.

Б. Момышұлы фольклорды тек дерек ретінде емес, тәрбиелік жүйенің тірек тілі ретінде қолданады. Мысалы, «Бетегеден биік, жусаннан аласа» деген нақыл жас келіннің инабаттылығы, ұяң мінезі туралы қоғамда орныққан тәрбие моделін білдіреді. Бұл дискурс әлеуметтік мінез нормаларын, гендерлік рөлдерді және қазақы этикеттің тілдік жүйесін жеткізудің дәстүрлі үлгісі.

«Ұшқан ұя» шығармасының ерекшелігі – мәтелдік құрылымдардың көркем мәтінде жиі әрі семантикалық тереңдікпен қолданылуында. Жазушы әр мақалдың тәрбиелік функциясын ашуға ерекше мән береді. Мысалы, «Жақсы ат бір-бірлеп тартар, жаманы екеуден тартар» – қомағайлық пен ұсақтықты бейнелесе, «Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің жазасы» – мінездің тұрақсыздығы мен нәтижесін сипаттайды. Мұндағы көркем фразеологизмдер – тілдік-педагогикалық дискурстың тұрақты белгілері. Автордың тілдік қолданысы, мақал мәтелдерді өңдеу тәсілі, сөйлем құрылымындағы табиғилық оның ұлттық таным кеңістігіндегі символдық капиталы екенін көрсетеді. Б. Момышұлы салт-дәстүрді, ұлт ұлағатын ұрпаққа жеткізу үшін тілді рухани аманат ретінде ұсынады. Тілдің тазалығы мен ұғынықтылығы, сөйлемдердің табиғи байланысы мәтіннің дискурсивті тұтастығын арттырады.

Жазушы балалық шақтағы өз өмірін, естеліктерін қайта пайымдап, халқымыздың мәдени құндылықтарын, тәрбие дәстүрлерін көркем репрезентациялау арқылы ұлттық тәрбиелік дискурстың символдық жүйесін ұсынады. Мәселен, «Ат – ердің қанаты», «Жүйрік ат аяғынан қалады», «Атсыз ер – қанатсыз құспен тең» деген мақалдар арқылы жылқы культі мен батырлық сана сабақтастығы ашылады. Бұл – ұлттық мінезді тұлпар бейнесі арқылы бейнелеудің дискурсивтік тәсілі. Жылқы бейнесі — тек көлік не тұрмыстық мал емес, ол – ұлттық сенімнің, рухтың, еркіндіктің поэтикалық символы.

Бауыржан Момышұлының қолданған фразеологиялық тіркестері – тек фольклор элементі емес, сонымен бірге психологиялық мінездің, моральдық ұстанымның тілдік формасы. Мәселен, «Жақсы ат бір-бірлеп, жаманы екеуден тартар» деген мәтел адамның қомағай, өзімшіл табиғатына бағытталған моральдық сипаттама болса, «Атсыздың аяғы тұсаулы» тіркесі әлеуметтік кедергіні, кедейлікті астарлы түрде бейнелейді. Мұндай мақалдар ұлттық поэтикалық дискурстың тәрбиелік қызметін көрсетеді.

Шығармада баланың дүниетанымын қалыптастырушы фактор ретінде ата-ананың, әсіресе атасы мен әжесінің орны ерекше аталады. Атаның жеті атасын үйретуі – ұлттық жады мен тарихи сана дискурсының көрінісі, ал әженің ертегі айтуы – фольклорлық дискурстың тұлғалық деңгейде берілуі. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін тыңдағаннан кейін бала Бауыржанның сол құсқа деген қамқорлық сезімі – этикалық-экологиялық сана мен эмоциялық интериоризацияның мысалы. Сондай-ақ «Ұшқан ұя» шығармасында кездесетін: «Нысап сайын береке», «Жастығымда еңбек бер, қартайғанда дәулет бер», «Бейнеттің де зейнеті бар» тәрізді мақал-мәтелдер – қазақ еңбек этикасы мен рухани құндылықтар жүйесінің семиотикалық белгілері. Олар оқырманға бір мезетте әрі көркем, әрі нормативтік ұстанымдарды ұсынып отыр.

Б.Момышұлы мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану арқылы ұлттық болмыстың тілдік-мәдени кодын қалпына келтіреді. Бұл тәсіл баланың ойлау жүйесін, мінез құлқын қалыптастырудағы когнитивтік дискурстың негізі болып табылады. Оның фольклорға сүйенуі – ұлттың дүниетанымдық жүйесіне сенімі мен тарихи сабақтастықты сақтауға бағытталған мақсатты көркемдік таңдау.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі – ұлттық дүниетанымның рухани-мәдени бұлақтарынан нәр алып, бала санасына сіңген тәрбиелік үлгілердің көркем репрезентациясы. Автордың өмірлік тәжірибесін бейнелейтін бұл шығармада қазақтың халық педагогикасы мен фольклорлық болмысын танытатын, ұлт мінезін айқындайтын дискурстық қабаттар кеңінен көрініс тапқан. Оның бала кезінен сусындаған рухани нәрі – ата-ана өнегесі, ауыл қарияларының тағылымы, салт-дәстүр мен халықтық таным үлгілері ұлт тәрбиесінің қайнар көзін айқындайды.

Бауыржан Момышұлының тәлімдік тамыры – имандылыққа, шешендік өнерге, фольклорлық даналыққа негізделген мәдени дискурс. Автордың өз сөзімен айтқанда: «Менің бірінші ұстазым – әжем. Әкем – дала интеллигенті, этнограф, тарихшы еді. Осы бірінші мектебім маған өшпес өнеге қалдырды» деген тұжырым – ұрпақ тәрбиесінің дәстүрлі үлгісін нақтылай түседі. Бұл – отбасы институтының ұлт болашағын қалыптастырудағы орны мен рөлін айқындайтын тұлғалық дискурстың іргелі өзегі.

Повесте ұлттық дүниетанымның танымдық негізі ретінде берілген маңызды элементтердің бірі – жыл қайыру ұғымы. Жыл санау жүйесі, шоқ жұлдыздарға негізделген халық календары, оның ислам дінімен қатарласа дамып, тек фольклорлық мәтіндер арқылы жеткені – ұлт жадындағы тарихи-мифологиялық дискурстың көркем көрінісі. Бұл жайында М.Қашқари мен Ж.Баласағұн еңбектерінде де жанама деректер берілген. Жыл қайыру, наурызнама, қасқалау сияқты ұғымдардың авторлық баяндауда кездесуі ұлттық танымның архетиптік құрылымдарын жаңғыртуға мүмкіндік береді [4, 226].

Сонымен қатар, шығармада бала тәрбиесіне қатысты халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған педагогикалық тәжірибесі жан-жақты бейнеленген. Мәселен, нәрестенің дүниеге келуін бүкіл ауыл болып қуану, «сүйінші» сұрау дәстүрі.. Бұл жоралғыда бала – тек отбасылық қуаныш емес, ұлттың жалғасы, болашақтың үміті ретінде қарастырылады. Б.Момышұлының әкесіне Байтоқ есімді кісінің немере сүйгенін жылап жеткізуі – ұлттық дүниетанымда қуаныш пен қайғыны сөзбен емес, тылсым ишарамен жеткізудің көркем коды. «Ұзағынан сүйіндірсін» деген халық тілегі арқылы да ұлттық тәрбиенің вербалды құрылымы айқындалады [5, 176].

Мұндай дискурстық формалар тек ауызекі дәстүрмен шектелмей, жазушының көркем баяндауында тәрбиелік нормаға айналып отырады. Ата-ананың, ата-әженің, ауыл ортасының бірлесе әсер етуі – бала Бауыржанның дүниетанымын қалыптастырушы әлеуметтік психологиялық дискурс аясында жүзеге асады. Осы тұста тәрбиенің әлеуметтік ортадан алынатын рөлі, мәдени естеліктер мен фольклорлық компоненттердің бала бойына сіңірілуі айқын көрініс табады. Соңында автор шығармасында қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тек сипаттап қана қоймай, олардың тәрбиелік мәніне талдау жасайды. «Ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткендер – ата-ана, ағайын-туыс еді» деген ой түйіні ұлттық құндылықтар дискурсының өзекті өзегін құрайды. Бұл – отбасы тәрбиесі мен қоғамдық ортаның ықпалының сабақтастығын дәлелдейтін танымдық бағдар.

Осылайша, «Ұшқан ұя» повесінде бейнеленген салт-дәстүрлер, шешендік сөздер, тәрбиелік әрекеттер тек ұлттық ерекшелік емес, ол ұлттық болмысты тудыратын дискурсивтік кеңістіктің құрамдас бөлігі іспетті. Қазақ халқының тәрбиеге қатысты рухани-мәдени қазынасы авторлық баяндауда жаңа көркем мазмұнмен жаңғырып, ұрпаққа бағытталған мәдени аманатқа айналған. Дискурс теориясы тұрғысынан алғанда, «Ұшқан ұя» повесін тұлғалық, фольклорлық, тәрбиелік, этикалық және мәдени дискурстардың түйісу алаңы деуге болады Бұл дискурстар көркем мәтін арқылы бала тұлғасын

қалыптастырумен қатар, ұлттық сана мен тарихи жадты ұрпақ бойына сіңіру міндетін атқарады.

Қазақ ұлтының рухани болмысын, тілдік байлығын, мәдени жады мен өмір сүру салтын Бауыржан Момышұлы өз шығармасында көркем сөз арқылы сомдап, ұлттық тәрбие кеңістігінің дискурсивтік моделін ұсына алды. Бұл туынды қазіргі ұлттық педагогика мен әдебиеттану үшін тәрбиелік мазмұн мен ғылыми-теориялық интерпретация тұрғысынан өзектілігін жоймайтын, жас ұрпаққа бағытталған мәдени бағдар ретінде бағалануға лайық. Бұл шығармада халық педагогикасы мен қазақы дүниетаным фольклорлық үлгілер арқылы бала тәрбиесіне ықпал ететін күрделі мәдени-когнитивтік модель ретінде ұсынылады. Автор балалық шақ естеліктерін көркемдік шындыққа айналдырып, халықтың моральдық-этикалық нормаларын, сөз өнерін, салт-дәстүрлік дүниетанымын тілдік репрезентациялар арқылы бейнелейді.

«Ұшқан ұя» туындысында бала тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен фольклорлық дискурс, ұлттық-символдық образдар мен тәрбиелік вербалды формалар – жазушының ғана емес, тұтас бір этностың тәрбиелік ұстанымдарының көрінісі. Әсіресе мақал-мәтелдер мен ертегілер, шешендік сөздер мен салт-жоралғылар баланың сана-сезімін оятатын дискурсивтік құрылым ретінде қызмет етеді. Бұл дискурстардың барлығы ұлттық дүниетанымның тұрақты кодтарын ұрпаққа жеткізу мен рухани сабақтастықты жалғастырушы құрал ретінде көрініс табады.

Шығармадағы ұлттық тәрбие моделін дискурс теориясы аясында қарастыру – көркем мәтіндегі рухани құндылықтарды танудың жаңа жолдарын ұсынады. Тұлғалық, мәдени, фольклорлық және этикалық дискурстар тоғысқан бұл шығармада автор тіл арқылы тарихи жадты жаңғыртып, ұлттық болмысты сақтаудың тәрбиелік тетіктерін ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, «Ұшқан ұя» туындысы – ұлттың рухани аманатын болашақ ұрпаққа жеткізетін көркем әрі танымдық дискурстың бірегей моделі болып табылады.

**Әдебиет**

1 Момышұлы Б. Момышұлының жазбалары // ҚР ОММ Қор 1432, тізім 1, іс 5-18.
2 Момышұлы Б. Курляндия майданы. – Алматы: Өнер. 2009. -248 б.
3 Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.
4 Мырзахметұлы М. «Аңызға аты айналған» . –Тараз, 2000 ж
5 Момышұлы Б. Шығармалар жинағы 1, 2 т. – Алматы: «Мектеп», 2001.

**К.С.ОТАРБАЕВА**
*№65 жалпы білім беретін орта мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТЕГІ ДИСКУРСТЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

XXI ғасырдың басынан бастап адамзат қоғамы коммуникацияның мүлде жаңа формаларына бет бұрды. Әлеуметтік медиа платформалары – Facebook, Instagram, Twitter, TikTok және YouTube сияқты желілер – тек ақпарат тарату мен алу құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғааралық және топаралық байланыстарды реттейтін, дискурстық мәдениетті қалыптастыратын күрделі құралға айналды. Коммуникация формаларының бұл өзгерісі цифрлық дискурстың пайда болуына алып келді. Цифрлық дискурс – бұл дәстүрлі тілдік формалардың, мәтін құрылымының, әлеуметтік нормалардың және семиотикалық элементтердің жаңаша тоғысуы.

Зерттеу мақсаты – цифрлық ортада дискурс құру процестерін тілтану тұрғысынан зерттеу, әсіресе әлеуметтік медиа мен виртуалды кеңістіктегі қарым-қатынас үлгілерін тілдік және прагматикалық аспектіде талдау. Бұл жұмыс сонымен қатар коммуникациялық этикеттің трансформациясын, тілдік нормалардың ауысуын, социолингвистикалық ерекшеліктер мен желідегі интеракцияның рөлін саралауға бағытталған.

1. Цифрлық дискурстың теориялық негіздері

Цифрлық дискурс ұғымы тілді қолданудың жаңа формаларын сипаттайды. Бұл дискурс компьютерлік технологиялар арқылы пайда болған, мультимедиалық мазмұнмен байытылған, жоғары интерактивті және прагматикалық мақсатқа бағытталған тілдік әрекеттер жиынтығы.

Сандық дискурсты зерттеуде бірнеше теориялық негіздер қалыптасқан:

•М.М. Бахтиннің диалогтық дискурс теориясы бойынша, кез келген мәтін – өзінен бұрынғы және кейінгі мәтіндермен байланысты диалогтық құрылым. Бұл қағида әлеуметтік желілердегі пікірлер, комментарийлер мен репосттар құрылымынан көрінеді.

•Норман Фэйрклоф цифрлық дискурстың тек тіл емес, билік, мәдениет және идеологиямен байланысын қарастырады.

Цифрлық дискурс дәстүрлі мәтіндерден мынадай ерекшеліктерімен ажыратылады:

•Интерактивтілік – пайдаланушының тек қабылдаушы емес, сонымен қатар контент жасаушы ретіндегі рөлі.

•Көпмодальдылық – мәтін, бейне, аудио, гиперсілтеме және эмодзи сияқты элементтердің қосындысы.

•Уақыт пен кеңістіктен тәуелсіздік – коммуникация синхронды және асинхронды түрде жүруі мүмкін.

Зерттеу әдістеріне мәтінмәндік талдау, корпус лингвистикасы, семиотикалық және прагмалық тәсілдер жатады. Мысалы, Twitter-дегі белгілі бір хэштег арқылы жиналған мәліметтерді корпус ретінде зерттеп, дискурстың қалай құрылатынын талдауға болады.

2. Әлеуметтік медиадағы дискурстың ерекшеліктері

2.1. Жылдамдық және бір мезгілдік

Цифрлық платформалардағы хабарламалар бір сәтте мыңдаған пайдаланушыға жетеді. Ақпараттық ағынның жылдамдығы – цифрлық дискурстың ең маңызды ерекшелігі. Мысалы, Twitter-дегі трендтер бірнеше сағаттың ішінде бүкіләлемдік назарға ілігеді. Бұл жағдай “вирустық дискурс” ұғымын тудырды.

2.2. Гипертекстуалдылық және мультимодалдылық

Сандық дискурста мәтіндер бірізді емес, гипермәтін арқылы таралады. Бір мәтін басқа мәтінге сілтеме жасайды немесе бейнеконтентпен толықтырылады. Бұл ерекшелік желілік дискурстың құрылымын үздіксіз, шексіз етеді. Мысалы, Instagram постында мәтін, хэштег, сторис және Reels синтезделіп, біртұтас дискурстық мазмұн қалыптасады.

2.3. Диалогтық және интерактивтілік

Дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда, әлеуметтік медиа пікірталастың белсенді кеңістігі. Бұл жерде оқырман пассивті емес, керісінше, контентті тудырып, талқылауға қатысады. Пікірлер бөлімі, лайктар мен реакциялар мәтінге жауаптың, қарсылықтың, қолдаудың көрінісі ретінде дискурстың бір бөлшегіне айналады.

2.4. Самоидентификация, жан-жақты бейнелеу

Пайдаланушылар әлеуметтік медиада өзін “цифрлық образ” ретінде таныстырады. Бұл процесте пайдаланушы аватар, никнейм, био және пост арқылы өзін бейнелейді. Мұндай дискурс – жеке тұлғаның онлайн кеңістіктегі репрезентациясының көрінісі. Әсіресе TikTok пен Instagram платформаларында өзін-өзі таныту құралдары кеңінен дамыған.

2.5. Желі этикеті мен тіл нормалары

Желі тілі үнемі өзгеріп отырады. Онда бейресми тіркестер, сленг, жаргон, эмодзи, мемдер кең таралған. Мысалы, қазақ тілінде де «краш», «вайб», «сау болшы» деген тіркестер цифрлық ортада жаңа мағынада қолданылады. Бұл лингвистикалық құбылыс неологизмдер мен семантикалық ығысу процестерімен түсіндіріледі.

3. Онлайн коммуникациядағы тілдік құралдар

3.1. Байланыс стилистикасы мен регистр

Онлайн дискурста стиль икемді. Мысалы, чаттағы қарым-қатынас бейресми тілде жүреді, ал кәсіби блогта ресми стиль қолданылады. Бір сөйлем ішінде екі стильдің араласуы (code-mixing) да жиі байқалады.

3. Қысқартулар мен акронимдер

Интернет дискурста тіл үнемділікке ұмтылады. Қысқартулар (OMG – Oh my God, FYI – for your information) қолданушыға уақыт үнемдеуге көмектеседі. Қазақ тілінде де «кз», «блм», «нз» сияқты қысқартулар жиі кездеседі.

3.3. Эмодзи, стикер, GIF

Эмодзи – вербалды емес коммуникацияның көрінісі. Олар сөйлемнің эмоционалдық реңкін толықтырады немесе сөйлемнің мағынасын өзгертіп жібереді. Сонымен қатар, олар ирония, сарказм, пассивті агрессия сияқты құбылыстарды жеткізуге мүмкіндік береді.

3.4. Хэштегтер

Хэштегтер мазмұнды сүзуге, топтастыруға және іздеуге көмектеседі. Олар қоғамдық қозғалыстардың да белгісі болуы мүмкін: #MeToo, #StopBullying, #QazaqshaContent сияқты тэгтер дискурстың идеологиялық бағыттарын көрсетеді.

4. Виртуалды кеңістіктегі дискурстың дискурсивтік сипаттары

4.1. Желі деалогының нормативтік құрылымы

Коммуникация мәдениеті желіде де өз ережелерін қалыптастырады. «Нетикет» ұғымы желідегі мінез-құлық нормаларын сипаттайды. Мысалы, троллинг – провокациялық комментарий жазу, ал флуд – артық ақпарат жіберу. Бұл дискурстық құрылымдар интернет мәдениетінің бөлігіне айналған.

4.2. Ақпараттық манипуляция мен фейк

Фейк жаңалықтар мен манипуляциялық дискурс – интернеттегі сенім мәселесін күрделендіреді. Ақпараттың шынайылығын тексермей тарату, deepfake технологиялары, боттар арқылы пікір қалыптастыру – цифрлық дискурстың жағымсыз аспектілері.

4.3. Цифрлық идентификация және анонимдік

Анонимдік пікір жазу адамға еркіндік береді, бірақ жауапкершілікті төмендетуі мүмкін.

Цифрлық дискурс – бұл әлеуметтік медиа, онлайн-коммуникация және виртуалды кеңістіктегі тілдік әрекеттердің заманауи формасын зерттейтін күрделі жүйе. Оның ерекшеліктері – жылдамдық, мультимодалдылық, эмоционалдылық, акронимдер мен эмодзи тәсілдері, анонимдік пен комьюнити нормалары.

Бұл тақырып әрі қарай зерттеуді талап етеді: дискурстың өзгеретін құрылымы, коммуникациялық этикет, цифрлық сауаттылықты дамыту, жасанды интеллект және автоматтандырылған мазмұн мәселелері тілтанушылық тұрғыдан өзекті.

**Әдебиет**

1.Баймұханов, С. (2022). Әлеуметтік медианың тілдік феномені. Алматы: Флирт Пресс.

2.Қожабек, Ж. (2021). “Emoticon-ның сөйлеу дискурсындағы орны”. Тіл білімі журналы, №3, 45–53 б.

3.Айткұлов, А. (2020). “Виртуалды коммуникациядағы транслитерация”. Қазақ тілі – XXI ғасырда. Алматы.
4.Бахтин М.М. «Речь и язык». – М., 1999.
5.Norman, J. Elliptical Discourse in Digital Media. – 2018.
6.Jones, S. The Cultural Impact of Digital Platforms. – 2020.

**Г.ӨТЕШОВА**
*7М02304- Филология білім бағдарламасының магистранты,*
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан*

**К.К.САДИРОВА**
*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор*
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан*

## АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АУЫЗША ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіл білімінде ғана емес жалпы түркологияда өзіндік орны айырықша ғалым – академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық. Оның ғылыми мұрасы қазақ тілінің фонетикасы, лексикологиясы, грамматикасы, сонымен қатар әдеби тіл мен диалектілердің өзара байланыстары туралы құнды мәліметтерді қамтиды. Ол өз еңбектерінде тілдің ішкі заңдылықтарын ғана емес, сонымен қатар тіл арқылы ұлттың рухани, мәдени келбетін танытудың маңызын айрықша атап көрсеткен. Ғалымның «Сөз құдіреті», «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)», «Абайдың сөз өрнегі», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» сияқты еңбектері қазақ тілінің мәдени, эстетикалық және ұлттық табиғатын терең тануға бағытталған.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл мен мәдениет сабақтастығын антропоөзекті тұрғыдан қарастыру тіл біліміндегі басты бағыттардың біріне айналды. Бұл тұрғыда Р. Сыздықтың зерттеулері қазақ мәдениетінің тілдік көрінісін айқындайтын ұлттық ғылыми парадигманың негізін қалады. Р. Сыздықтың тіл мен мәдениеттің өзара байланысына қатысты көзқарасы мен тұжырымдары кейінгі зерттеулерге де тірек болды.

Р. Сыздық тілдің қызметін тек қатысымдық құрал ретінде емес, мәдени ақпарат тасушы жүйе ретінде түсіндірді. Ғалымның пайымдауынша, тіл – халықтың дүниетанымын, ойлау жүйесін, тарихи жадын бейнелейтін құбылыс. Ол «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» еңбегінде: «Сөз мәдениеті – бұл тілдік норманы сақтау ғана емес, халықтың рухани мәдениетін тіл арқылы жеткізу өнері», - деп жазады [1,17]. Бұл анықтамадан ғалымның тіл мәдениетінің мәнін ұлттық болмыс пен эстетикалық талғам тұрғысынан ашып көрсеткені анық аңғарылады.

Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегі қазақ тілінің көркемдік-эстетикалық қуатын ашуға арналған. Ол Абай, Шалкиіз, Бұқар, Махамбет, Жамбыл поэзиясындағы сөз қолданысын тарихи және мәдени мәнмәтінде талдай отырып, тілдік бірліктердің мәдени мәнін ашады. Мысалы, ғалымның «Абайдың сөз өрнегі» зерттеуінде ақын тіліндегі концепт сөздер («жүрек», «жақсылық», «нұр», «сезім») ұлттық дүниетаныммен, яғни мәдени кодпен байланыста қарастырылады. Осы арқылы Р.Сыздық «тіл мен мәдениеттің диалектикалық бірлігі» ұғымын қазақ топырағында алғаш нақты ғылыми негізде сипаттады.

Ғалымның «Қазақ әдеби тілінің тарихы» мен «XV–XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілі» атты еңбектері тіл тарихын мәдени тарихпен ұштастырудың айқын үлгісі болып табылады. Ол тарихи мәтіндер мен көркем туындыларды тіл мәдениетінің айғағы ретінде қарастырып, тілдің тарихи даму кезеңдерін ұлт мәдениетінің эволюциясымен байланыстырады. Мәселен, жазба және ауызша тіл дәстүрлерін салыстыра отырып, Р. Сыздық халық мәдениетінің тілдік бейнесін (дүниетаным, этикет, салт-дәстүр) айқындауға үлес қосты.

Академик тіл мәдениетінің эстетикалық және этикалық қырларын бірлікте қарастырды. Оның пікірінше, сөз мәдениеті – тек тілдік шеберлік емес, ол мәдени мінездің, ұлттық ойлау жүйесінің айнасы. Р. Сыздық сөз қолдану мәдениетін сөйлеушінің рухани мәдениет деңгейімен тікелей байланыстырады. Осы тұрғыда ол тіл мәдениетін тек лингвистикалық емес, мәдениеттанымдық категория ретінде қарастыруды ұсынды.

Академик Р. Сыздық еңбектері қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастырды. Ғалым тілдің құрылымдық емес, мәдени-рухани табиғатын ашып көрсетіп, тілдің ұлт болмысын танытушы қызметін дәлелдеді. Оның зерттеулері қазіргі антропоөзекті бағыттағы лингвомәдениеттану, этнолингвистика, дискурс талдау салалары үшін де іргелі база болып отыр. Сондықтан біз осы мақаламызда академик Р.Сыздықтың еңбектеріндегі ауызша дискурс мәселелерін талдаймыз. Ең алдымен, дискурс терминінің мәніне тоқталайық. Дискурс – айтушысымен, тыңдаушысымен, олардың әлеуметтік статусы, психологиясы, жас ерекшелігі мен тәрбиесі, білімі, сол сөйлеу сәтіндегі мақсаты, көңіл-күйі, ұлты, жынысы қоса ескеріліп талданатын сөз әрекеті [2,3]. Дискурста тілдің ауызша не жазбаша түрі қолданылады. Ауызша дискурста қарым-қатынас ауызша түрде жүзеге асады. Бұл мәселе жалпы тіл біліміне қатысты зерттеулерде XIX ғасырдың соңынан бастап арнайы талданып келеді. Атап айтсақ, Бодуэн де Куртенэ, ал XX ғасырда ағылшын ғалымдары А.Макинтош, Дж. Маклохлин, Прага функционалды мектебінің өкілдері еңбектерінде көтерілген. Қазақ тіл білімінде Р.Әміров «Особенности синтаксиса казахской разговорной речи» тақырыбында ғылыми зерттеу жазса, Р.Әміров, Е.Қ.Жұбанов, Қ.Өмірәлиев «Сөйлеу тілінің ауыз әдебиеті мен ақын-жырау шығармаларының қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны» зерттеуінде, Р.Сыздық «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» еңбегінде аталған мәселені ғылыми талдап, дәйектеген. Біз Р.Сыздықтың осы еңбегіндегі ауызша дискурсқа қатысты көзқарастарын талдаймыз. Р. Сыздық зерттеуіндегі ауызша дискурс мәселелеріне қатысты пікірінің бірі мынадай: *...Мұндағы «сөз» дегеніміз – тілдің белгілі бір мағынасы не қызметі бар ең кішкентай бөлшегі, яғни грамматика сабақтарын оқытқанда айтылған сөз (слово) емес, тілдің қолданыстағы көрінісі (айырықшылаған біз), яғни айтылған не жазылған туынды өлең-жырлар (поэзия үлгілері), зерттеу жұмыстары, алқатоп алдында айтылатын не оқып берілетін дүниелер т.б. Бұл сөздер ауызша түрде де, жазбаша түрде де көрінеді* [3,3]. Енді осы пікірді дискурсологияның қазіргі теориялық тұжырымдарымен сабақтастырып талдайық. Алдымен академиктің бұл ойы Р. Сыздықтың тілдік қызметті тек құрылымдық тұрғыдан емес, дискурстық (қолданыстық) тұрғыдан қарастырғанының нақты дәлелі. Өйткені ғалым «Сөз» ұғымын дискурстық мәнде пайдаланған. Р. Сыздық бұл тұста «сөз» терминін лексема ретінде емес, қолданыстағы тілдік әрекет, яғни дискурстық өнім ретінде түсіндіреді. Ол «сөз» ұғымының мәнін кеңейтіп, оны тілдің жүзеге асқан формасы, яғни айтылған немесе жазылған туынды, сөйлесім, көркем мәтін, ғылыми баяндама, шешендік сөз ретінде қарастырады. Бұл қазіргі дискурс теориясындағы басты қағиданың бірі: «Тіл – құрылым ғана емес, қарым-қатынас әрекетінде өмір сүретін құбылыс» (Фуко, ван Дейк, Фэйрклоу) дегенге сай келеді. Р. Сыздық дәл осы идеяны қазақ тілінің өз табиғатына сүйеніп тұжырымдайды. Ғалым «айтылады», «оқылады», «тыңдатылады» деген тіркестер арқылы ауызша сөздің әлеуметтік және мәдени қызметін нақтылайды. Бұл жерде ол ауызша дискурстың үш негізгі белгісін аңғартады:

1. Адресатқа бағытталуы – сөз тыңдаушыға арналған, яғни контекст пен жағдайға тәуелді.

2. Көпшілік алдында айтылуы – сөйлеу әрекетінің әлеуметтік сипаты бар.

3. Мәдени-рухани функциясы – өлең, жыр, шешендік сөз түрінде ұлттық мәдени кодты жеткізеді. Демек, Р. Сыздық ауызша дискурсты мәдени коммуникацияның басты арнасы ретінде таниды.«Бұл сөздер ауызша түрде де, жазбаша түрде де көрінеді» деген сөйлем Р. Сыздықтың дискурстың екі түрін – ауызша және жазбаша формаларын бір жүйеде қарастырғанын дәлелдейді. Академик олардың айырмашылығын емес, біртұтас мәдени құбылыс ретіндегі байланысын көрсетеді. Ауызша дискурстың басты белгісі – жағдаяттық,

экспрессия, интонация, тыңдаушымен байланыс, ал жазбаша дискурста – ойдың логикалық құрылуы, стилистикалық өңделуі басым екенін дәл көрсетеді. Ғалым Р. Сыздық екеуінің де мәдени қызметі бар екенін, яғни тілдің қолданыстағы барлық түрі ұлт болмысын танытатынын көрсетеді. Академик ауызша дискурстың мәдени және тарихи сипатын да анықтаған. Р. Сыздық «туынды өлең - жырлар», «алқатоп алдында айтылатын дүниелер» деп нақтылап, ауызша сөздің ұлттық мәдени мұрадағы орнын айқындайды. Бұл қазақ халқының ауыз әдебиеті дәстүрін, шешендік мәдениетін және жыршылық өнерін тілдік – дискурстық құбылыс ретінде түсінудің кілті. Яғни, ауызша дискурс тек коммуникация емес, мәдени жад пен ұлттық дүниетанымның «жанды» түрі. Сондықтан Р.Сыздық еңбектерінде ауызша сөз бен мәдени дискурс ұғымдары теңестірілген деуге болады. Енді осы айтылғандарды кестемен берсек (1-кесте).

1-кесте. Р. Сыздық пікірінің дискурс теориясы тұжырымымен байланысы

| **Қолданыс** | **Р. Сыздық пікіріндегі көрінісі** | **Дискурс теориясында баламасы** |
|---|---|---|
| «Сөз» ұғымы | Тілдің қолданыстағы көрінісі | Дискурстық әрекет не тілдің нақты көрінісі |
| Ауызша түрі | Айтылатын, тыңдалатын, қоғамдық мәні бар сөз | Ауызша дискурс |
| Мәдени қызмет | Өлең-жыр, шешендік, алқатоп сөздері | Мәдени дискурс |
| Қатысымдық сипат | Тыңдаушымен байланыс, оған әсер ету | Интерактивтілік, прагматикалық ықпал |
| Ұлттық таным | Халықтың рухани болмысын танытады | Лингвомәдени код |

Р. Сыздықтың бұл тұжырымы ауызша дискурсты ұлттық мәдениетпен сабақтастыра қарастырудың қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми үлгісі болып табылады. Ол «сөз» ұғымын кең мағынада түсіндіру арқылы тілдің тек грамматикалық құрылым емес, тірі мәдени құбылыс, рухани әрекет екенін дәлелдеді. Бүгінгі дискурс талдау, сөйлеу актісі, мәдениетаралық коммуникация зерттеулерінде бұл идея өз жалғасын тауып отыр.

Р.Сыздықтың жоғарыда келтірілген пікірінен оның ауызша және жазбаша дискурсты ажыратқанын аңғарамыз, соған сүйене отырып ғалым ойын біз салыстырмалы кестеге түсіріп ұсынуды жөн көрдік (2-кесте). Бұл кесте ғалымның «сөз» ұғымын кең мағынада, нақты атағанда, тілдің қолданыстағы көрінісі ретінде қарастыруына және қазіргі дискурс теориясының ұстанымдарына негізделген.

2-кесте. Р. Сыздық көзқарасы негізіндегі ауызша және жазбаша дискурстың салыстырмалы кестесі.

| **Талдау аспектісі** | **Ауызша дискурс (Р. Сыздық бойынша)** | **Жазбаша дискурс (Р. Сыздық бойынша)** | **Түсіндірме** |
|---|---|---|---|
| Тілдік көрініс формасы | Айтылған сөз, ауызша туынды (жыр, шешендік сөз, баяндама) | Жазылған мәтін, ғылыми еңбек, көркем шығарма | Екеуі де тілдің «қолданыстағы көрінісі» ретінде қаралады |
| Негізгі белгісі | Ситуативтілік, интонация, әсер ету, тыңдаушымен байланыс | Логикалық құрылым, мәтіннің тұрақтылығы, өңделген стиль | Ауызша дискурс динамикалық, жазбаша статикалық сипатта |
| Қатысымдық бағыты | Адресатқа тікелей бағытталған, интерактивті | Адресат бейнелі (оқырман), кері байланыс кешігіп келеді | Р. Сыздық үшін «сөз» тыңдаушыға әсер етуші әрекет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мәдени қызметі | Рухани мұра жеткізуші: шешендік дәстүр, айтыс, жыр | Мәдени сана тасымалдаушы: әдебиет, ғылым тілі | Екеуі де ұлттық мәдени кодтың көрінісі |
| Эмоциялық сипаты | Экспрессивті, бейнелі, әсерлі | Рационалды, құрылымдық | Р.Сыздық «сөздің құдіретін» осы эмоциялық қуаттан көреді |
| Контекст тәуелділігі | Жоғары – жағдайға, тыңдаушыға байланысты | Төмен – жазба мәтін контекстен тәуелсіз өмір сүреді | Бұл айырмашылық сөйлеу актісінің табиғатынан туындайды |
| Тілдік нормаға қатысы | Еркіндік басым, ауызекі элементтер жиі | Нормаланған, редакциялық бақылауда | Р. Сыздық норманы мәдени талғаммен байланыстырады |
| Уақыт өлшемі | Уақытша, сәттік әрекет (айтылғанда өмір сүреді) | Тұрақты, қайта қолдануға болатын өнім | Осы ерекшелік арқылы жазба мәдениет жалғастық тудырады |
| Ұлттық мәдени кодты беру тәсілі | Салт-дәстүр, мақал-мәтел, фольклор тілі арқылы | Көркем әдебиет, тарихи дерек, ғылыми мәтін арқылы | Екеуі де тіл мен мәдениеттің сабақтастығын көрсетеді |
| Ғалым тұжырымы | «Сөз – тілдің қолданыстағы, әсер ету қызметіндегі көрінісі» | \| «Сөз – тілдің жазба мәдениеттегі көрінісі» | Р.Сыздық екі форманы біртұтас мәдени феномен ретінде таниды |

Академик Р. Сыздық пікірінше, ауызша да, жазбаша да тіл – ұлт мәдениетінің көрінісі, тек олардың бейнелеу тәсілі мен қолданыс контексті өзгеше. Ауызша дискурс – халықтың тірі мәдениеті мен рухани жадын сақтайтын форма, ал жазбаша дискурс – сол рухани мұраны тұрақтандырып, ұлттың тарихи санасын қалыптастыратын форма.

Ғалым мынадай пікір айтады: «*Қазақтың ауызша дамыған әдеби тілін сөз еткенде, оны қазақтың ауыз әдебиет тілі дегенмен шатастырмау керек. Сондай-ақ бұл екеуіне қазақтың ауызекі сөйлеу тілі деген танымды да қосуға болмайды, үшеуі үш бөлек категория*» (18-19-бб). Бұл пікірді де дискурс теориясы тұрғысынан талдауға болады. Өйткені ғалым «ауызша дамыған әдеби тіл», «ауыз әдебиет тілі» және «ауызекі сөйлеу тілі» деген үш түрлі ұғымды бір-бірінен дискурстық тұрғыдан ажыратады. Бұны қазақ тілінің ауызша қолданыс кеңістігін типологиялық деңгейде саралаудың алғашқы ғылыми үлгісі деуге де болады. Талдауды 3-кестемен ұсынамыз:

**3-кесте.** Р.Сыздықтың «ауызша дамыған әдеби тіл», «ауыз әдебиет тілі» және «ауызекі сөйлеу тілі» деген үш түрлі ұғымды бір-бірінен дискурстық тұрғыдан ажыратуы

| **Категория** | **Дискурстық сипат** | **Коммуникативтік функция** |
|---|---|---|
| Ауызша дамыған әдеби тіл | Қоғамдық, шешендік, жыршылық, тарихи дискурс | Эстетикалық, мәдени және идеологиялық ықпал ету |
| Ауыз әдебиет тілі | Фольклорлық дискурс (миф, ертегі, эпос, мақал-мәтел) | Ұжымдық жад пен мәдени кодты сақтау |
| Ауызекі сөйлеу тілі | Күнделікті тұрмыстық дискурс | Қатысымдық, прагматикалық байланыс орнату |

Р. Сыздық бұл айырмашылықты сөйлеу әрекетінің мақсаты мен әлеуметтік контексіне қарай түсіндіреді, яғни дискурс теориясының негізгі параметрлерін (адресат, мақсат, ситуация, стиль) қолданған. Р. Сыздық «ауызша дамыған әдеби тілді» қазақ мәдениетінің рухани дискурсы ретінде қарастырады. Ол шешендік сөздер, айтыстар,

жыраулар поэзиясы сияқты түрлерді осы топқа жатқызады. Бұл тіл формасы жүйелі, стилистикалық өңделген, мәдени нормаға бағынған, тыңдаушыға әсер етуге бағытталған. Мұндай сипаттар ауызша дискурстың жоғары формасы, яғни риторикалық дискурс екенін көрсетеді.

«Ауыз әдебиет тілі» - халықтық шығармашылықтың тілдік бейнесі. Ол импровизацияға негізделген, бірақ тұрақты формулалар мен стереотиптерге сүйенеді (мысалы, эпикалық қайталамалар, тұрақты теңеулер). Бұл қазіргі ғылымдағы фольклорлық дискурс типіне сай келеді. Р. Сыздық оны әдеби тілден төмен емес, мәдени жадтың тілдік коды ретінде бағалайды. Ал «ауызекі сөйлеу тілі» тұрмыстық қатынастағы дискурс. Мұнда мақсат – ақпарат алмасу, түсінісу. Р. Сыздық оны «әдеби тілдің бастауы» деп көрсетеді, бірақ «әдеби форма емес» екенін нақты ажыратады. Бұл прагматикалық немесе интеракциялық дискурс типіне сәйкес келеді, яғни сөйлеушілердің нақты өмірлік контексттегі тікелей әрекеттесуі.

Қазіргі дискурс теориясында тілдің ауызша түрлері қатысымдық, мәдени және әлеуметтік факторлардың өзара әсерінен туындайды. Р.Сыздық дәл осыны қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, былайша нақтылайды: «...ауызша дамыған әдеби тіл – қазақ халқының қоғамдық-мәдени өмірімен, шешендік дәстүрімен біте қайнасқан тілдік құбылыс». Бұл анықтама бойынша Р. Сыздық қазақ тіліндегі ауызша мәдени дискурс моделін қалыптастырған алғашқы ғалымдардың бірі. Р. Сыздықтың талданған пікірі қазақ тіл білімінде ауызша дискурс категориясын алғаш ғылыми деңгейде қалыптастырған ой болып табылады. Ол тілдің ауызша формаларын жай сөйлеу актісі ретінде емес, мәдени, тарихи және эстетикалық дискурс ретінде қарастырады.

Қорыта айтсақ, ғалым жіктеп көрсеткен ауызша айтылатын әдеби сөз ерекшеліктері ауызша дискурс ерекшеліктеріне сай түседі, экстралингвитикалық сипатын да, лингвистикалық сипатын да қамтыған. Айтыс дискурсына қатысты пікірлерінде дискурс қатысушыларының сөз актілері мен коммуникативтік рөлдерін, дискурстың тақырыбы мен коммуникация мақсаттарын айқын көрсеткен.

Р.Сыздық зерттеулерін когнитивтік-дискурстық аспектіде зерттеу ғалымның дискурстық тәжірибесін сипаттауға мүмкіндік береді, болашақта осы бағытта ізденіс жүргізу қажет.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы): ғылыми басылым / Р. Сыздық. - Астана : Елорда, 2001. - 230 б

2. Садирова К. Дискурсология мәселелері. Ақтөбе, 2019. - 198 б.

3. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. Алматы, 2014. -270 б.

4. Бабинец Д.И. Влияние устной и письменной форм дискурса на повествование об одном и том же событии. Интернет ресурсы: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/79404/1/978-5-6041789-9-7_2019-26.pdf

**Г.У.АЖИБАЕВА**
*Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

## БІЛІМДІ ЖЕТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТІЛДІ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС НЕГІЗІ

Білім беру саласы үздіксіз даму үстінде. Қазіргі педагогика мен әдістемеде тек білім беру мазмұны емес, сонымен қатар білімді жеткізу тәсілдері мен тілді қолдану формалары, яғни педагогикалық дискурс та маңызды орын алады. Жалпы, педагогикалық дискурс – бұл мұғалім мен оқушы арасындағы тілдік қарым-қатынас, білім беру үдерісінде қолданылатын тілдік әрекеттер жүйесі. Бұл дискурстың негізгі мақсаты – оқытушы мен білім алушы арасында түсінікті, мазмұнды және нәтижелі қарым-қатынас орнату. Мұнда: ақпарат беру, түсіндіру, кері байланыс орнату, мотивация беру сияқты функциялар жүзеге асады. Педагогикалық дискурс – мұғалім мен оқушы арасындағы білім беру мақсатындағы тілдік және вербалды/вербалды емес қарым-қатынас жүйесі. Бұл дискурстың негізгі ерекшелігі – оқыту, тәрбиелеу және тұлғалық дамыту сияқты маңызды функцияларды атқаруы.[2]

Педагогикалық дискурста мұғалімнің ақпаратты қандай тәсілмен жеткізуі өте маңызды. Ол оқушының жас ерекшелігіне, пән ерекшелігіне, оқу мазмұнына және оқыту мақсатына сай ұйымдастырылады. Білімді жеткізудің ауызша тәсілдеріне: дәріс оқу,түсіндіру, баяндау,сұрақ жауап,диалог және пікірталас жатады. Дәріс оқу – жүйелі, құрылымдалған ақпарат беру.Түсіндіру, баяндау – жаңа материалды түсінікті тілмен жеткізу. Сұрақ-жауап – оқушыны ойлауға, жауап беруге итермелейді. Диалог және пікірталас – оқушылардың ой-өрісін дамытады. Ал, жазбаша тәсілдеріне: оқу-әдістемелік құралдар, электронды ресурстар, презентациялар, инфографикалар жатқызуға болады. Сонымен қатар көрнекі тәсілдерге:кестелер, схемалар, бейнекөрсетілімдер, анимациялар,интерактивті тақта, мультимедиа құралдары жатқызылады. Интерактивті тәсілдерге: онлайн платформалар (Zoom, Moodle, Google Classroom), ойын элементтері, жобалық әдістер, топтық жұмыс, пікір алмасу, кейс-стади қолнанылады. [4] Педагогикалық дискурста тіл – білім беру мазмұны мен әдісінің негізі. Тілді орынды, әсерлі қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Білім беру мазмұнын берудің құралы. Мұғалім оқушыға оқу материалының мазмұнын тек тікелей фактілер арқылы емес, тілдік құралдар арқылы ұсынады. Тіл арқылы: ұғымдар түсіндіріледі, жаңа білім бекітіледі, оқушының ойлау қабілеті дамытылады. Мысалы: "Мәтін – белгілі бір мазмұнды жеткізетін тілдік бірлік" деген сөйлем тіл арқылы білім мазмұнын түсіндіреді. Тілді дұрыс қолдану – оқыту әдісінің тиімділігін арттырады. Мұғалімнің сөйлеу мәнері, сұрақ қою шеберлігі, қолданатын терминдері мен мысалдары оқушының сабақты қалай қабылдайтынына тікелей әсер етеді. Мысалы: "Сенің ойың өте қызықты! Ал енді салыстырып көрейік..." – мұндай сөйлем оқушыны белсенді әрекетке итермелейді.Тіл – тек білім жеткізуші құрал емес, сонымен қатар оқушы мен мұғалім арасындағы сенімді қарым-қатынасты орнатушы фактор. Тіл арқылы оқушыны:мотивациялауға, қолдауға, бағалауға, тәрбиелеуге болады. Мысалы: "Сен бұл тапсырманы орындай аласың! Қиын болып көрінсе де, бірге шешеміз." – деген тілдік қолдау оқушының сенімін арттырады.

Педагогикалық дискурста тіл – білім беру процесінің тірегі. Ол арқылы мұғалім тек оқытпайды, ой қалыптастырады, сезімге әсер етеді, тұлға тәрбиелейді. Сондықтан мұғалімнің тілдік мәдениеті мен сөз қолданысы – кәсіби шеберлігінің ажырамас бөлігі.

Сонымен қатар педагогикалық дискурста стиль маңызды орын алады. Мәселен, ресми тілдік стилге- нақтылық, дәлдік, құрылымдылық тән. Ол ғылыми, академиялық мазмұнмен сипатталады. Мысалы: «Мәтін – тілдік таңбалар арқылы берілетін ақпарат жиынтығы.» Бейресми тілдік стиль-сырттай еркін, бірақ мақсатты қарым-қатынас формасы. Мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді, жақын қатынас орнатады. Мысалы: «Келіңдер, бірге ойлайық!» [1]

Метатілдік элементтер-терминдер мен ұғымдарды тіл арқылы түсіндіру. Педагогикалық дискурста метатілдік элементтер – оқыту үдерісін құрылымдаушы, түсіндіруші, бағыттаушы құрал. Олар арқылы мұғалім білімді түсінікті етіп береді, ал оқушы білімді тілдік ұғымдар негізінде игеруге дағдыланады. Бұл тіл арқылы білім беру процесінің ғылыми және жүйелі жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Метатілдік элементтер педагогикалық дискурста – мұғалім мен оқушы арасындағы білім беру процесінде тіл туралы ақпаратты жеткізу, түсіндіру, бағалау мақсатында қолданылатын тілдік құралдар. Олар оқыту барысында тілдің құрылымы мен қызметін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Метатілдік элементтердің педагогикалық дискурстағы рөлі: тілдік ұғымдарды айқындау, ережені нақтылау, тілдік бірліктерді топтау.Мұғалім тіліндегі метатілдік элементтер мысалдары:«Мына сөздің түбірі не?»,«Бұл сөйлемде етістік қандай шақта тұр?»,«Мұндағы баяндауыш пен бастауыш қалай байланысып тұр?»,«Құрмалас сөйлемнің қай түріне жатады?»,«Сөз тіркесі дегеніміз не екенін еске түсірейік» деген сөйлемдер жатады. Оқушы тіліндегі метатілдік элементтер: «Бұл сөз — сын есім, себебі заттың белгісін білдіреді»,«Сөйлемнің баяндауышы етістік болып тұр»,«Мына жалғау көптік мағына беріп тұр»,«Мынау жай сөйлем, себебі бір ғана ойды білдіреді» жатады.Педагогикалық дискурста мотивациялық сөйлеу үлгілері — оқушыны оқуға, әрекетке, ізденіске ынталандыратын, шабыттандыратын мұғалімнің сөздері мен сөйлеу формалары. Бұл сөйлеу үлгілері білім беру үдерісінде оқушының қызығушылығын арттыру, өзін-өзі бағалауына ықпал ету және белсенділік танытуға жетелеу мақсатында қолданылады. Мотивациялық сөйлеудің негізгі мақсаттары: оқушыны ынталандыру, сенімділік беру, табысқа жетелейтін орта қалыптастыру, жағымды эмоциялық ахуал жасау, оқу процесіне белсенді қатыстыру болып табылады. Мысалы, қолдау білдіру-– Жарайсың! – Өте жақсы орындадың! – Осы бағытта жалғастыра бер! Қызығушылық ояту-– Қалай ойлайсың, бұл жауаптың басқа нұсқасы бар ма? – Өз идеяңмен бөлісіп көрші, сенің пікірің маңызды. Шабыт беру-– Сенің қолыңнан бәрі келеді! – Тек алға! Бұл тек бастамасы! Ізденіске бағыттау-– Осы сұрақтың жауабын бірге іздеп көрейік. – Сен өз шешіміңе қалай келдің? Қызық екен. Сенім ұялату-– Мен сенің бұл тапсырманы орындай алатыныңа сенемін. – Қателесу – үйренудің бір жолы. Мадақтау және бағалау-– Өте жақсы тұжырым! – Бұған сен өз бетіңмен жеттің – бұл мақтауға тұрарлық!

Педагогикалық дискурста мотивациялық сөйлеудің тиімді тәсілдері:жеке қатынаста – оқушының есімін атап, жеке ынталандыру. Салыстыру емес, даму – басқа оқушымен емес, бұрынғы деңгейімен салыстыру.Кері байланыс арқылы ынталандыру – «Мынаны жақсарта аласың», «Әлі де ойланып көр». Жетістікке бағыттау – «Бүгін сен үлкен қадам жасадың», «Бүгінгі жетістігіңе ризамын». [3] Педагогикалық дискурста мотивациялық сөйлеу – білім беру сапасына тікелей әсер ететін қуатты құрал. Ол оқушының өзін-өзі бағалауына, оқу әрекетіне қызығушылығына және эмоционалдық жай-күйіне оң ықпал етеді. Мұғалімнің жылы, қолдаушы, шабыттандырушы сөзі – табысты оқытудың іргетасы.

Қорытындылай келе, педагогикалық дискурстың тиімділігі білімді қалай жеткізетінімізге және оны қандай тілдік тәсілмен ұсынатынымызға тікелей байланысты. Мұғалімнің тілдік шеберлігі, педагогикалық икемі мен қарым-қатынас мәдениеті – сапалы білім берудің кепілі. Сондықтан заманауи мұғалім әртүрлі жеткізу әдістерін шебер игеріп, сөздің әсерін орынды қолдана алуы тиіс.

**Әдебиет**

1. Сыздық Р. «Сөз құдіреті»
2. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері»
3. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы»
4. Интернет ресурстары (edu.gov.kz, bilimland.kz)

**Ш.Г.АБДИРОВА**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, PhD*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

**А.Ж.МАШБАЕВА**
*Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

## ТІЛДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ДИАЛОГТЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде тіл үйрету әдістемелері үлкен өзгерістерге ұшырап, коммуникативтік бағыт алға шықты. Тілдік білім тек грамматикалық ережелер мен лексикалық қорды меңгерумен шектелмей, нақты өмірлік қарым-қатынасқа арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталды. Осы тұрғыдан алғанда, тіл үйретуде диалогтық коммуникация – оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырудың негізгі құралдарының бірі.

Диалог – адамдардың өзара сөйлесу формасы, ол тіл үйретудің негізгі мазмұнына айналды. Әсіресе екінші тіл ретінде оқытуда оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыру, тілдік қорды кеңейту, тыңдалым және жауап беру дағдыларын жетілдіру үшін диалогтық қарым-қатынас маңызды болып табылады. Сонымен қатар, диалог арқылы оқушылар тілдің мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін үйреніп, әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Осы мақалада қазіргі тіл оқыту әдістемесіндегі диалогтық коммуникацияның теориялық негіздері, оқытудағы тиімділігі, әдістемелік қолданылуы мен педагогикалық маңызы қарастырылады.

Теориялық негіздері

Диалогтық коммуникация – тілдік әрекеттің маңызды түрі, онда екі немесе бірнеше қатысушы өзара әрекеттеседі, ақпарат алмасады және пікірлерін ортаға салады. Тіл үйретуде бұл процесс оқушының тілдік дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Л.С.Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясына сәйкес, тіл мен ой даму әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады, ал диалогтық әдіс – бұл процестің негізгі құралы.

Коммуникативтік әдістеме тіл үйретуде сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған. Х.Х.Хомскийдің генеративті грамматикасы мен коммуникативтік лингвистика саласындағы зерттеулер диалогтық қарым-қатынастың тіл үйретудегі орталық ролін дәлелдейді. Олардың пікірінше, тілдік білім тек теориялық ақпарат емес, өмірлік қарым-қатынаста қолдануға қабілетті дағды болуы тиіс.

Диалогтың педагогикалық рөлі – оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту. Мәселен, М.М.Бахтиннің «Диалогизм» теориясы коммуникацияның көпжақты, көптымақты сипатын айқындайды, бұл тіл үйретуде әртүрлі тілдік және мәдени контексттерде диалог жүргізу маңызын көрсетеді.

Диалогтық әдістің тіл үйретудегі тиімділігі

Диалогтық әдіс оқушылардың тілдік қабілеттерін жан-жақты дамытуда аса тиімді:

- **Сөйлеу дағдыларын жетілдіру:** Диалог жағдайында оқушылар нақты өмірлік қарым-қатынасқа ұқсас сценарийлерді тәжірибелеп, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.
- **Тыңдау мен жауап беру:** Диалогтық қарым-қатынас тыңдалым қабілетін жетілдірумен қатар, оқушылардың ақпаратты қабылдап, дұрыс жауап беруге үйретеді.
- **Сөздік қорды кеңейту:** Талқылау барысында жаңа лексикалық бірліктер мен тіркестер қолданылады, бұл оқушылардың сөздік қорын байытады.
- **Грамматикалық дағдыларды бекіту:** Диалогтық құрылымдар грамматикалық ережелерді нақты коммуникативтік мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.
- **Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру:** Диалог барысында тілдің әдептілік нормалары, ресми және бейресми сөйлеу стильдері меңгеріледі.
- **Әлеуметтік құзыреттілікті дамыту:** Диалогтық қарым-қатынас оқушыларды басқа мәдениеттер мен әлеуметтік топтардың өкілдерімен тиімді байланыс орнатуға дайындайды.

Педагогикалық қолданылуы

Қазіргі тіл оқыту әдістемесінде диалогтық әдіс әртүрлі формаларда қолданылады. Олар:

- **Рөлдік ойындар:** Оқушылар белгілі бір рөлді ойнап, диалог құрастырады. Бұл әдіс тілдік дағдыларды практикалық түрде дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады.
- **Топтық және жұптық жұмыс:** Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеп, берілген тақырып бойынша пікір алмасады. Бұл әдіс коммуникацияны дамытып қана қоймай, ынтымақтастық пен өзара қолдауды да нығайтады.
- **Сценарийлік жаттығулар:** Нақты өмірлік жағдайларға арналған сценарийлер арқылы оқушылар тілдік әрекеттерді жаттықтырады.
- **Сұрақ-жауап форматындағы сабақтар:** Мұғалім сұрақтар қойып, оқушылар оларды талқылайды, осылайша диалогтық сөйлеу қалыптасады.

Қазақ тілін оқытудағы диалогтық әдістің маңызы

Қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытатын жағдайларда диалогтық әдіс оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда таптырмас құрал. Диалог арқылы оқушылар қазақ тілінің сөздік қорын меңгеріп, ұлттық мәдениетпен танысады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, олардың коммуникативтік құзыреттілігін жоғарылатады.

Қазіргі тіл оқыту әдістемесінде диалогтық коммуникация оқушылардың тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Тіл үйретуде диалогтық әдісті жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу белсенділігі, тілдік қор және коммуникативтік дағдылары тиімді дамиды. Сондықтан, тіл оқыту әдістемесінде диалогқа баса назар аудару қажет.

**Әдебиет**


1. Виготский Л.С. Мышление и речь. — М.: Педагогика, 1982. — 320 с.
2. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. — М.: Искусство, 1975. — 480 с.
3. Токтагазина Б.А. Қазақ тілін оқытудағы қатысымдық әдістің тиімділігі. – Усть-Каменогорск, 2016. – 8 б.
4. Утегенова З.Н., Оразбаева Ф.Ш., Оразалиева Э.Н., Шалкарбек А. Тілдік коммуникация: ұстанымдар мен құзыреттіліктер. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы, 2024. – 28 б.
5. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту құралы ретінде қазақ тілі сабағында диалогтік ортаны ұйымдастыру. – Bilimger.kz, 2024.

**А.А.АЛМУХАНОВА**
*КГУ «Гимназия №17»*
*Казахстан, город Актобе*

# ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: КАК УЧЕБНЫЙ ДИАЛОГ И ТЕХНОЛОГИИ ФОРМИРУЮТ БУДУЩЕЕ УЧЕНИКОВ

**Аннотация:** Данная статья исследует ключевую роль педагогического дискурса в формировании эффективной образовательной среды на уроках в начальной школе. Особое внимание уделяется анализу учебного дискурса как основного инструмента лингводидактики, определяющего качество освоения языка и других предметов. Рассматривается, как современные информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) интегрируются в этот процесс, расширяя возможности для интерактивного взаимодействия, персонализации обучения и создания мотивирующей учебной атмосферы. Статья предлагает практические рекомендации учителям начальных классов по оптимизации их речевого поведения и использованию цифровых инструментов для построения продуктивного учебного диалога.

**Ключевые слова:** педагогический дискурс, учебный дискурс, начальная школа, лингводидактика, современные технологии, ИКТ, интерактивное обучение, речевое взаимодействие, коммуникативная компетенция.

Начальная школа — это фундамент, на котором строится весь дальнейший образовательный путь ребенка. В этот период формируются не только базовые знания и навыки, но и отношение к обучению, а также основы коммуникативной культуры. В центре этого процесса находится педагогический дискурс — сложное и многогранное речевое взаимодействие между учителем и учениками [1]. Это не просто передача информации, а динамичный процесс, в котором учитель, используя язык, создает условия для мышления, познания, развития и социализации ребенка.

Эффективность педагогического дискурса напрямую влияет на качество учебного дискурса, то есть на то, как учащиеся взаимодействуют с учебным материалом, друг с другом и с учителем в процессе обучения. В условиях стремительного развития современных технологий в образовании, включая информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), перед учителями начальных классов открываются новые возможности для обогащения этого диалога. Данная статья призвана осветить, как продуманный педагогический дискурс, усиленный технологическими инструментами, может трансформировать обучение в начальной школе, делая его более эффективным, увлекательным и ориентированным на ученика.

Для учителя начальных классов понимание сущности педагогического дискурса является основополагающим. Это не просто набор слов и фраз, которые учитель произносит на уроке. Это целостная система речевых действий, стратегий и тактик, которые педагог использует для достижения образовательных целей. Педагогический дискурс включает в себя все виды речевого взаимодействия: объяснение нового материала, постановку вопросов, ответы на вопросы учеников, формулировку заданий, похвалу, критику, организацию групповой работы, а также невербальные элементы, такие как интонация, жесты, мимика, зрительный контакт. Главная его функция — регулирующая и фасилитирующая: учитель не только передает знания, но и управляет познавательной деятельностью, мотивирует, направляет и поддерживает учеников [2].

В контексте педагогического дискурса выделяют учебный дискурс — это непосредственно речевое взаимодействие, происходящее в рамках учебной ситуации. Учебный дискурс может быть диалогическим (учитель-ученик, ученик-ученик) или полилогическим (групповые обсуждения). Его цель — совместное конструирование знаний, решение учебных задач и развитие языковых и коммуникативных навыков. Учитель, как

ключевая фигура учебного дискурса, должен уметь создавать такую атмосферу, в которой каждый ребенок чувствует себя уверенно, готов высказывать свои мысли, задавать вопросы и не бояться ошибиться. Это особенно важно в начальной школе, где формируется отношение к языку и общению.

Лингводидактика, как наука об обучении языкам, играет здесь важнейшую роль, поскольку она дает учителю инструментарий для организации языкового материала и речевой деятельности таким образом, чтобы учебный дискурс максимально способствовал развитию языковых компетенций. Это включает в себя выбор адекватных коммуникативных заданий, создание речевых ситуаций, стимулирующих использование языка в реальных контекстах, а также формирование навыков восприятия и продуцирования речи [3]. От качества педагогического и учебного дискурса зависит не только усвоение конкретного материала, но и развитие критического мышления, умения сотрудничать, навыков аргументации и способности к саморефлексии.

Эффективный педагогический дискурс в начальной школе отличается рядом специфических характеристик, которые учитывают психологические и возрастные особенности младших школьников. Понимание и применение этих принципов помогают учителю создать наиболее благоприятную среду для развития ребенка.

*Ясность, простота и доступность изложения:*Для младших школьников крайне важна четкость и недвусмысленность формулировок. Учитель должен использовать простой, понятный язык, избегать сложных грамматических конструкций и абстрактных понятий. Объяснения должны быть конкретными, подкрепленными наглядными примерами. Перефразирование, повторение ключевых моментов в разных формулировках помогает убедиться, что каждый ученик понял материал. Например, вместо сложного объяснения правила, лучше показать его на простых примерах и дать возможность детям самим сформулировать вывод.

*Эмоциональность и выразительность речи:* Младшие школьники очень восприимчивы к интонации, тембру голоса, мимике и жестам учителя. Эмоционально окрашенная, выразительная речь привлекает внимание, поддерживает интерес, помогает передать не только информацию, но и отношение к ней. Учитель, использующий различные интонации, меняющий темп речи, применяющий паузы, способен удерживать внимание класса и делать процесс обучения более динамичным и запоминающимся. Искренняя похвала, выраженная с энтузиазмом, действует гораздо эффективнее сухой констатации факта.

*Диалогичность и интерактивность:* Отличительная черта эффективного педагогического дискурса – это его диалогический характер, противопоставляемый монологу. Учитель не просто вещает, а активно вовлекает учеников в разговор, задавая открытые вопросы, которые требуют не просто односложного ответа, а размышления и рассуждения (например, "Как ты думаешь, почему персонаж поступил именно так?"). Важно не только задавать вопросы, но и внимательно слушать ответы детей, давать им время на обдумывание, поощрять дискуссии между самими учениками, создавая атмосферу, где каждое мнение ценно. Это способствует развитию критического мышления, умения аргументировать свою точку зрения и уважать чужую [4].

*Позитивная обратная связь и поддерживающая атмосфера*: Конструктивная обратная связь — мощный инструмент мотивации. В начальной школе это преимущественно позитивная обратная связь, подчеркивающая успехи ребенка, даже самые маленькие. Важно не только хвалить за результат, но и за усилия, за стремление, за попытку. Фразы типа "Ты очень хорошо постарался!", "Я вижу, что ты много думал над этим!" формируют у ребенка уверенность в своих силах. Учитель должен создавать в классе атмосферу психологического комфорта, где ошибка воспринимается как возможность для обучения, а не повод для критики. Это стимулирует детей быть активными участниками учебного дискурса, не боясь высказываться [5].

*Терпение и умение адаптироваться:* Младшие школьники имеют разный темп развития и восприятия информации. Эффективный педагогический дискурс требует от учителя терпения и готовности адаптироваться к потребностям каждого ученика. Это означает умение повторять материал разными способами, если кто-то не понял, давать дополнительные объяснения, использовать различные наглядные материалы и методики. Учитель должен быть чутким к невербальным сигналам детей, понимая, когда нужно изменить подход или предоставить дополнительную поддержку.

*Культурная чувствительность:* В многонациональных классах учитель должен быть внимателен к культурным особенностям детей, адаптируя примеры и объяснения таким образом, чтобы они были понятны и релевантны для всех. Это также включает в себя избегание стереотипов и поощрение уважения к культурному разнообразию внутри класса.

Внедрение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в начальную школу открывает новые, практически безграничные возможности для обогащения педагогического и учебного дискурса, делая его более динамичным, наглядным, интерактивным и, самое главное, отвечающим потребностям современных детей, выросших в цифровой среде. ИКТ не просто дополняют традиционные методы, а выступают мощными катализаторами для трансформации самого диалога в классе.

Интерактивные доски и проекторы: Эти инструменты давно стали неотъемлемой частью современного класса. Они позволяют учителю не просто демонстрировать изображения или текст, но и создавать динамичные, анимированные презентации, которые удерживают внимание младших школьников. С их помощью можно мгновенно переключаться между различными видами деятельности: от просмотра короткого обучающего видео до выполнения интерактивного задания на сопоставление или сортировку. Учитель может комментировать, рисовать, выделять текст прямо на доске, делая объяснения максимально наглядными. Ученики могут выходить к доске, выполнять задания, перемещать объекты, что превращает пассивное восприятие в активное взаимодействие с учебным материалом и способствует развитию мелкой моторики и координации [6]. Это создает интерактивный центр внимания, вокруг которого строится живой учебный дискурс.

Образовательные платформы и приложения: Использование специализированных образовательных платформ (таких как LearningApps.org, Plickers, Kahoot!, Quizizz, а также более комплексные LMS вроде Google Classroom, если они адаптированы для младших классов) значительно расширяет возможности учебного дискурса. Эти платформы позволяют учителю создавать интерактивные викторины, игры, упражнения на повторение лексики и грамматики, которые дети воспринимают как развлечение, а не как рутинную работу. Мгновенная обратная связь, которую дают эти приложения, является ключевым элементом: ученики сразу видят свои ошибки и успехи, что мотивирует их к дальнейшему обучению и самокоррекции [7]. Учитель, в свою очередь, получает детальную статистику по каждому ученику и классу в целом, что позволяет ему адаптировать последующие объяснения и задания, концентрируясь на проблемных моментах. Кроме того, многие приложения предлагают персонализированные обучающие траектории, подстраиваясь под темп и уровень каждого ребенка, что способствует индивидуализации учебного дискурса.

Мультимедийные ресурсы (видео, аудио, интерактивные истории): Видео- и аудиоматериалы являются золотым дном для уроков. Короткие образовательные видеоролики, анимационные фильмы, песни, аудиокниги, подкасты, адаптированные для младших школьников, позволяют погрузить их в аутентичную языковую среду. Это развивает навыки аудирования, интонацию, произношение, обогащает словарный запас и знакомит с культурой англоязычных стран. После просмотра или прослушивания учитель может организовать дискуссию, задавая вопросы по содержанию, предлагая пересказать увиденное/услышанное или выразить свое отношение. Это стимулирует устный учебный дискурс. Интерактивные истории или электронные книги с озвучкой и анимацией помогают развивать навыки чтения и понимания, а также позволяют детям самим контролировать

темп чтения. Проектная деятельность с использованием ИКТ: Проекты, выполняемые с помощью ИКТ, являются мощным инструментом для развития коммуникативных навыков и учебного дискурса. Младшие школьники могут создавать простые презентации (в Google Slides или PowerPoint) о себе, своей семье, своих увлечениях, используя изображения и небольшой текст. Они могут записывать короткие видеообращения на английском, делать подкасты о любимых сказках или даже создавать простые цифровые комиксы. Это не только развивает их языковые навыки в контексте реальной коммуникативной задачи, но и формирует навыки работы в команде (если проект групповой), креативность и цифровую грамотность. Учитель выступает в роли фасилитатора, направляя их речь и идеи [8].

Онлайн-инструменты для коллаборации и обратной связи: Даже в начальной школе можно использовать упрощенные инструменты для совместной работы. Например, общие онлайн-документы (Google Docs) для совместного написания коротких текстов, где учитель может оставлять комментарии и исправления в реальном времени. Это позволяет давать моментальную и персонализированную письменную обратную связь, что критически важно для младших школьников. Платформы вроде Flipgrid позволяют учащимся записывать короткие видеоответы на заданную тему, а затем просматривать и комментировать видео своих одноклассников, что развивает навыки устной речи, аудирования и коммуникации. Учитель может использовать эти записи для анализа прогресса и предоставления детальной обратной связи по произношению, беглости и грамматике. Использование ИКТ в педагогическом и учебном дискурсе не только делает уроки более современными и привлекательными, но и, что самое важное, позволяет учителю более эффективно достигать образовательных целей, развивать языковые компетенции учащихся и формировать у них навыки, необходимые для жизни в цифровом мире.

Для того чтобы максимально эффективно использовать педагогический дискурс и современные технологии на уроках английского языка в начальной школе, учителям необходимо придерживаться ряда практических рекомендаций. Эти рекомендации направлены на создание динамичной, поддерживающей и технологически обогащенной образовательной среды.

С самого начала учебного года ясно дайте понять ученикам, что ошибки – это нормально и даже полезно. Используйте фразы вроде "Не бойся говорить, мы здесь учимся вместе!", "Каждая ошибка помогает нам стать лучше!". Это снижает тревожность и стимулирует детей к активному участию в учебном дискурсе [5].

Младшим школьникам нужно много повторений. Используйте ИКТ для создания разнообразных упражнений на повторение лексики и грамматики: интерактивные игры, флеш-карточки в Quizlet, аудиозаписи слов и фраз. Повторяйте материал в разных контекстах, чтобы закрепить его.

Активно используйте интонацию, мимику, жесты и движения в классе, чтобы удерживать внимание детей и передавать им эмоциональный посыл. Используйте эмодзи в онлайн-коммуникации (например, в LMS), чтобы добавить дружелюбия и понятности текстовым сообщениям.

Задавайте вопросы, требующие развернутого ответа, а не просто "да" или "нет". Например: "Что ты чувствуешь, когда слушаешь эту песню?", "Как ты думаешь, что произойдет дальше в истории?", "Почему ты выбрал именно этот вариант?". Это стимулирует учащихся к рефлексии и вербализации своих мыслей.

Давайте ученикам достаточно времени на обдумывание ответа. Не перебивайте и не спешите с ответом, если ученик молчит. Можно использовать таймеры на экране интерактивной доски.

Создайте атмосферу, в которой каждый ученик чувствует себя свободно задавать вопросы. "Нет глупых вопросов!" — это должно быть правилом. Можно использовать анонимные онлайн-формы для вопросов, если дети стесняются спрашивать вслух.

На уроках активно используйте интерактивную доску для совместных заданий: перетаскивание слов, заполнение пропусков, рисование, интерактивные карты. Пусть дети сами управляют контентом.

Внедряйте короткие игровые сессии с использованием Kahoot!, Quizizz или LearningApps.org. Эти инструменты не только делают обучение веселым, но и обеспечивают мгновенную обратную связь, а также позволяют учителю видеть прогресс каждого ученика в реальном времени. Используйте эти данные для коррекции учебного процесса.

Вместо того чтобы просто читать текст, покажите короткое видео по теме урока (адаптированное для детей). После просмотра организуйте обсуждение, где дети делятся впечатлениями и используют новую лексику. Используйте аудиозаписи для тренировки аудирования и интонации.

Задавайте небольшие проекты, где ученики могут использовать планшеты или компьютеры для создания чего-то на английском языке: простой презентации с картинками и подписями, короткого видео-рассказа о своем любимом животном, или даже цифрового плаката. Используйте Google Docs для совместного написания предложений или коротких абзацев, где каждый может внести свой вклад.

Если есть возможность, организуйте короткие видеоконференции с детьми из других стран (через проверенные платформы или партнерские школы). Даже 10-15 минут такого общения могут стать незабываемым опытом. Используйте Google Earth или виртуальные туры по музеям (например, British Museum Kids) для "путешествий" по англоязычным странам, стимулируя дискуссию о том, что дети видят и узнают.

Используйте ИКТ для быстрой обратной связи. Для письменных работ можно оставлять комментарии прямо в электронном документе. Для устных заданий – записывать короткие аудио- или видеоотзывы на платформах типа Flipgrid, указывая на успехи и деликатно корректируя ошибки.

В начальной школе приоритет должен быть отдан развитию коммуникативной смелости. Исправляйте ошибки так, чтобы не отбить желание говорить. Например, перефразируйте предложение ученика правильно, но не акцентируйте внимание на его ошибке. Используйте записи устной речи детей, чтобы они могли услышать себя со стороны и самостоятельно найти ошибки.

Участвуйте в вебинарах, курсах повышения квалификации по цифровой педагогике, следите за новыми образовательными приложениями и инструментами.

Не бойтесь пробовать новые технологии в классе. Начните с малого, выберите один-два инструмента, которые кажутся наиболее полезными, и освойте их.

Общайтесь с коллегами, делитесь успешными практиками и учитесь друг у друга. Создайте внутреннее сообщество учителей для обмена ИКТ-ресурсами и идеями.

Применение этих рекомендаций поможет учителям начальных классов не просто "добавить" технологии к урокам, но и глубоко интегрировать их в педагогический дискурс, создавая по-настоящему единое, интерактивное и мотивирующее образовательное пространство, где каждый ребенок сможет максимально раскрыть свой языковой потенциал.

Педагогический дискурс является центральным элементом образовательного процесса в начальной школе, определяющим не только эффективность усвоения знаний, но и формирование личности ребенка. Активное и осознанное использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) позволяет качественно трансформировать этот дискурс, превращая традиционные уроки английского языка в динамичную, интерактивную и по-настоящему увлекательную среду. Интеграция цифровых платформ, аутентичных мультимедийных ресурсов, интерактивных упражнений и инструментов для коллаборации способствует повышению мотивации учащихся, индивидуализации обучения, всестороннему развитию языковых навыков и формированию ключевых компетенций XXI века.

Несмотря на потенциальные вызовы, такие как необходимость повышения цифровой грамотности учителей и обеспечение равного доступа к технологиям, преимущества создания единого образовательного пространства неоспоримы. Применяя на практике рекомендации по оптимизации дискурсивного взаимодействия с использованием технологий, учителя начальных классов могут создать условия для того, чтобы каждый ребенок не только овладел английским языком, но и стал активным, критически мыслящим и уверенным участником глобального цифрового мира.

**Список литературы**

1. Карасик, В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Москва : Гнозис, 2004. 390 с.
2. Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. Москва : Наука, 1981. 140 с.
3. Пассов, Е. И. Коммуникативное иноязычное образование: концепция развития индивидуальности в диалоге культур. Липецк : ЛГПУ, 2000. 158 с.
4. Выготский, Л. С. Мышление и речь. Москва : Лабиринт, 1999. 352 с.
5. Роджерс, К. Свобода учиться. Москва : Смысл, 2002. 527 с.

**С.С. БАЙДРАХМАНОВ**
*№13 орта мектептің тарих пәні мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

## ҮЗІЛІССІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНУЫ

Қазірде қоғамдағы өзгерістер мен нарықтық экономика мамандардың еңбек бәсекелестігін туғызуда. Сол бәсекелестікте кәсіби білік пен дағдының мықтылығын, кәсіби ортада туған түрлі жағдайлардан икемді, сәтті шыға білудің арқасында ғана жеңіске жетуіне немесе өз еңбек орнының тұрақтылығын қамтамасыз етуіне болады. Соған байланысты жоғары мектеп жүйесінде оқытудың дидактикалық теориясы жаңа бағытта дамуда. Болашақ мамандарды дайындауда да білім берудегі жаңа оқыту технологиялары, әдіс-тәсілдері тиімді пайдалануға тиіс.

Қазір жиі сөз болып жүрген оқыту технологияларының бәріне ортақ сипат бар: ол – оқу мен оқыту барысында әрекет үйренушінің ішкі қажеттігінен туатындығы, оқу әрекетін студенттің өз бетімен игеруіне жағдай туғызу. Ал өз бетімен оқу материалдарына сай ұмтылу деген сөз - студенттің болашақ мамандығына сай бағдар белгілеу, жүйелі ойлау дағдысын қалыптастыру.

Жалпы оқытудың дидактикалық принциптері ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде бірдей аталады: көрнекілік принцип, белсенділік принцип пен саналылық принциптері, түсініктілік пен студенттер мүмкіндігін есепке алу принципі, білімнің беріктілік принципі, оқытудың ғылымилық принципі.

Игеруге ұсынылатын білім ғылымнан алынады, ғылым мәліметтері дидактикалық өңдеуге түскенде де өзінің ғылыми шынайылығын сақтауға тиісті. Оқыту мазмұнына ғылымның негізгі түсінігі, ғылыми фактілер, заңдылықтар, әдістер, теориялар, нақты ғылымның басты идеялары кіреді. Осылайша оқу пәні мазмұны өзіне сай ғылым негізін тасымалдайды. Бірақ болмысты, құбылысты түрлі тәсілдерді, құралдарды пайдаланып танушы, өз зерттеу нысанының өзіндік қасиетін басқалармен байланысты ашушы. Пән мазмұны арқылы берілетін ғылыми мәліметтер тек даяр білім күйінде ұсынылмай, ол әрекеттік аспектіде берілуі қажет. Білім сол білімді туғызатын әрекетпен біртұтастықта болуы керек. Оларға оқыту мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру әдіс-тәсілдері, жалпы дидактикалық принциптер мен оны жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдері енеді. Оқытуды

ұйымдастыруға қойылатын талап «тәжірибеден» серпін алмай, ғылымнан бастау алу керек, оның ішінде түрлі ғылымдар байланыстырылады: таным теориясы, диалектикалық логика, ғылымтану, педагогикалық психология т. с.с. Ғылыми талаптар қорынан келгенде ғана педагогикалық тәжірибе мен оқу процесіне түрлі өзгерістер енгізуге болады. Бұл тұрғыда қазіргі практика жүзінде білім беру процесін толық өзге арнаға бұрып, нәтижелі жұмыс істеуге бағытталған көптеген технологиялар қолданылуда.

Мысалы:

Визуальді дәріс (лекция) немесе лекция-визуализация, яғни бұл дәріс бейнелі түрде (суреттер, кестелер, сызбалар т.б.) берілуімен сипатталады.

Модульдік оқыту, оқу материалдарын бөлшектеп көшіп отыру. Модульдік оқытудың маңызды компоненттінің бірі – технологиялық карта.

Іскерлік ойын(деловая игра).

Интелектуалды ойын.

Жобалау оқыту т.б.

Бұл технологиялардың барлығы білім алушыға еркін әрекет жасау мен өз еңбегінің нәтижесін бағалап, көруге бағытталған. Кез келген педагогикалық технология білім алушының интелектуалдық потенциалын ашуға, оқуға деген оң ынтасын қалыптастыруға үлкен септігін тигізетіні мәлім.

Сонымен ойымызды нақтылау үшін жоғарыда атап көрсеткен оқытудың жаңа технологиясы ретінде қолдынылатын бір-екі әдіс-тәсілдерге тоқталуды жөн көрдік.

Білім берудегі соңғы нәтижелі теехнологиялардың бірі - модульдік оқыту. Модульдік оқытудың маңызды компонентінің бірі, жоғарыда атап кеткендей, -технологиялық карта. Технологиялық картамен жұмыс істеу принципі тек қана оқу материалын игеру емес, сонымен қатар қажетті нәтижеге жетудің алгоритмін игерту болып табылады. Біздің айтқалы отырған технологиялық картамыз жұмыс істеу алгоритмі мен оқу элементтерінен тұрады. Тақтадағы сызбада көрсетілгендей, алғашқы нөлдік оқу элементтерінде, яғни шартты белгісі 0- оқу элементі, біріктіруші дидактикалық мақсаттар қарастырылып беріледі. Олар:

- Біріктіру мақсаты. Бұл орайда жұмыс нәтижесінде студент нені білуі тиіс, яғни студенттің сол тақырыпты қалай игергендігі, сол тақырып төңірегінде материалдарды жинақтауы, талдауы, салыстыруы, тұжырым жасай білуі.
- Сабақ барысында нені үйрену керек, яни уақытты тиімді бөле білу, өзін-өзі, өзара бақылау жүргізу, өз жұмысының нәтижесін қойылған мақсаттармен үйлестіру. әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау.

Қалған оқу элементтеріне жеке дидактикалық мақсаттар қойылады. Олар: (сызба бойынша):

1- оқу элементінде кіріс бақылау тапсырмаларында студенттердің алғашқы білім деңгейін бақылаукөзделеді. Онда сол оқу элементінің (1- оқу элементі) жеке мақсаты көрсетіледі. Мысалы модульдің бір тарауының мақсаты. Осыған қатысты тест орындау, сұрақтар мен жауаптарды мұқият оқып, дұрыс жауапты белгілеңіз деген сияқты тапсырмалар беріледі. Жұмыстарын (тест тапсырмаларын, сұрақ-жауптарын) дұрыс жауап парағымен салыстырып, тексереді. Бағаларын 0- оқу элементіндегі бөлімдердің мазмұнына орай жұмыс бағасы таблицасына (кестеге) қойылуы тиіс. Мысалы,

Баға шкаласы: 1-10 дұрыс жауап - 3 балл

1-7 дұрыс жауап -2 балл

1 - дұрыс жауап - 1,5 балл

0-5 - 0 балл.

2,3 – оқу элементінде материалдың негізгі мазмұны мен тақырыпты меңгертудің әрекеттік реті мазмұндалады.Яғни модульдің тараулары бойынша әр түрлі тапсырмалар беріледі. Мысалы, 2- оқу элементінде модульдің бір тарауы мақсат етіп алынады да, осыған байланысты анықтама айту, лекция материалдары бойынша т.б. тапсырмалар беріліп, әр оқу элементінің (2-оқу элементі, 3- оқу элементі) бақылау тапсырмалары көрсетіледі.

4 – оқу элементін түйіндеме деп атайды. Бұл орайда студент берілген тапсырмаларды қалай орындағанына өз бетінше тұжырымдама жасауы, оқу мақсатына жеткен, жетпегенін көрсетуі қажет. Ол технологиялық картаның алғашқы кестесіне /0-ОЭ-не/ көңіл бөледі.

| № оқу элементі | Тапсырмалар көрсетілген оқу материаалдары | Оқытуды басқару |
|---|---|---|
| №0- оқу элементі | Біріктіру мақсаты.<br>Жұмыс нәтижесінде студент нені білуі тиіс:<br>- студенттің сол тақырыпты қалай игергендігі,<br>- сол тақырып төңірегінде материалдарды жинақтауы, талдауы, салыстыруы,<br>-тұжырым жасай білуі<br>Сабақ барысында үйренетіндері:<br>- уақытты тиімді бөле білу;<br>-өзін-өзі, өзара бақылау жүргізу;<br>-өз жұмысының нәтижесін қойылған мақсаттармен үйлестіру | Сабақ тақырыбы тақтада жазылады. |
| 1- оқу элементі | Мақсаты<br>Кіріс бақылау тапсырмалары:<br>-тест орындау,<br>-сұрақтар мен жауаптарды мұқият оқып, дұрыс жауапты белгілеңіз т.б. | Жұмыс жеке өз бетімен орындалады |
| 2-оқу элементі<br>3-оқу элементі | 2,3 – оқу элементінде материалдың негізгі мазмұны мен тақырыпты меңгертудің әрекеттік реті мазмұндалады.Яғни модульдің тараулары бойынша әр түрлі тапсырмалар беріледі. Мысалы, 2-оқу элементінде модульдің бір тарауы мақсат етіп алынады да, осыған байланысты анықтама айту, лекция материалдары бойынша т.б. тапсырмалар беріліп, әр оқу элементінің (2- оқу элементі, 3- оқу элементі) бақылау тапсырмалары көрсетіледі | 2- оқу элементі үшін жұппен жұмыс істеңіз.<br>3-оқу элементі кішігірім топпен жұмыс жасаңыз.<br>Жұмыс нәтижесінде өз бетіңізше бағалаңыз.<br>Бақылау тапсырма үшін:<br>Тапсырманы параққа жазып, оқытушыға тапсырыңыз. |
| 4- оқу элементі | Түйіндеме деп атайды. Бұл орайда студент берілген тапсырмаларды қалай орындағанына өз бетінше тұжырымдама жасауы, оқу мақсатына жеткен, жетпегенін көрсетуі қажет. Ол технологиялық картаның алғашқы кестесіне (0- оқу элементіне) көңіл бөледі. | |
| 5- оқу элементі | Шығыс бақылау тапсырмалары беріледі. Онда да сол бақылаудың мақсаты көрсетіледі. Шығыс бақылау жұмысын орындамас бұрын жіберген қателерін талдауы қажет. Содан соң блицтест тапсырмасын орындайды. | |
| 6- оқу элементі | Рефлексия деп атайды. Мұнда қорытынды баға қойылады және анкеталық сұрақтар беріледі. Мысалы, Бүгінгі алған біліміңіз бен дағдыларыңыздың сіз үшін маңызы қандай? Материалды оқып, меңгеруде сіз | |

| | | |
|---|---|---|
| | өзгеге, өзгелер сізге көмек берді ме? Сіз үшін ең көп қиындық туғызған не және неліктен? | |

5 – оқу элементінде шығыс бақылау тапсырмалары беріледі. Онда да сол бақылаудың мақсаты көрсетіледі. Шығыс бақылау жұмысын орындамас бұрын жіберген қателерін талдауы қажет. Содан соң блицтест тапсырмасын орындайды.

6 – оқу элементін рефлекция деп атайды. Мұнда қорытынды баға қойылады және анкеталық сұрақтар беріледі. Мысалы, Бүгінгі алған біліміңіз бен дағдыларыңыздың сіз үшін маңызы қандай? Материалды оқып, меңгеруде сіз өзгеге, өзгелер сізге көмек берді ме? Сіз үшін ең көп қиындық туғызған не және неліктен? Т.б.

Сонымен қатар өткен материалды бекіту мен меңгерілуін тексеру үшін әр түрлі қиындықтағы тапсырмалар даярланады. Ол тапсырмаларды студенттер өз қалауы бойынша таңдайды. Дұрыс жауаптар бөлек жазылып, оқушыларға жауаптарын тексеру үшін тапсырма орындауына байланысты беріліп отырылады.

Технологиялық карта әр студентке таратылады және бұдан да басқа әрбір студентте бақылау парағы болады, оған бағалар жинақталған балдарына сәйкес қойылып отырады. Алған бағаларына байланысты үй тапсырмасын алады. Бұл жердегі ерекшелік студент оқытушы рөлін басқарады, ал оқытушы кеңес беріп, студенттерге бағыт сілтеп көрсетеді.

Жобалау әдісін қарапайым сабақ кезінде оқушылармен жеке немесе топтық жұмыс жасау кезінде және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, соның ішінде компьютерлік телекоммуникацияны пайдалана отырып жүзеге асыруға болады.

Жобалау әдісін топтық оқыту жұмысында қолдану әлемнің әр түрлі елдерінің білім беру жүйесінде кең тараған. Бұл әдісті қолдану:

- студентке білім беріп қана қоймай, оның осы білімді өз бетімен ізденеді, алынған білімді жаңа танымдық және практикалық мәселелерді шешуге пайдалануға мүмкіндік береді;
- студенттің қарым-қатынас қабілетін дамытады, яғни ол әр түрлі топтарда әр қилы рөлдерді орындай алады;
- көптеген адамдармен араласады, әр түрлі мәдениетпен, бір мәселеге қатысты әр түрлі көзқарастармен танысады;
- адамның зерттеушілік қабілетін дамытады (қажетті ақпаратты, фактілерді жинау, оларды түрлі көзқарас тұрғысынан талдау, болжам жасау, тұжырымдау және қорытынды жасау);

Жобалау әдісінің типологиясы оның белгілеріне байланысты. Олар:

- жобалау әдісінде негізгі орын алатын мынадай әдістер: зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық, рөлдік, ақпараттық т.б.
- пәндік-мазмұндық саласы; жеке жоба (бір ғылым саласына байланысты), пәнаралық жоба;
- қарым-қатынас түрі: топ, қала, аймақ, мемлекет;
- жобаға қатысушылардың саны;
- жобаны орындау уақыты.

Жобаның пәндік-мазмұндық саласы екі түрге бөлінеді:

- Жеке жоба бір пәннің аясында жүргізіледі. Бұл ретте күрделі тараулар немесе тақырыптар алынады. Мұндай жобалар әдеби-шығармашылық, жаратылыстану, экономикалық, тілдік, мәдениеттанушылық, тарихи, музыкалық деп бөлінеді.
- Пәнаралық жобалар сабақтан тыс уақытта орындалады, бұл екі-үш пәннің проблемасын қамтитын немесе жалпы оқу орындарының (мысалы, колледждер арасында) көлемді, ұзақ уақытқа созылатын жобалар болып табылады.

Қатысушылар санына қарай жобалар жеке, топтық болып бөлінеді.

Ұзақтығына байланысты жобалар қысқа мерзімді, орташа мерзімді (бір аптадан бір айға дейін), ұзақ мерзімді (бір айдан бірнеше айға дейін)болып бөлінеді.

Жобаның құрылымы:

1.Жобаның тақырыбы, типі, қатысушылар саны.

2.Тақырып бойынша зерттелетін проблемасы

3.Топтық тапсырмаларды бөлу, ақпарат іздеу, зерттеу әдістерін анықтау, шығармашылық шешім шығару.

4. Жобаға қатысушылардың өз бетімен жұмыс жасауы.

5. Алынған материалды талдау.

6. Жобаны қорғау, пікір айту.

7. Нәтижелерді хабарлау, бағалау, талқылау, тұжырым жасау.

Жобаны бағалау әдістері:

- зерттелген проблеманың маңыздылығы, өзектілігі, оның тақырыпқа сәйкестігі;
- зертелген тақырыптың нақтылығы;
- проблеманы талапқа сай зерттеу тереңдігі, ғылымның басқа салаларымен байланысы;
- қабылданған шешімнің дәлелдігі, өз тұжырымдары мен қорытындыларын дәлелдеу қабілеті;
- орындалған жобаны рәсімдеу эстетикасы;
- оппоненттердің сұрақтарына жауап беру, топтың әрбір мүшесінің жауаптарының нақтылығы және дәлелдігі.

**Әдебиет**

1. Формирование системного мышления в обучении. /Пол ред. З.А.Решетовой/. Москва, 2002.

2. Новые педогические и информационные технологии в системе образования. /Под ред. Е.С.Полат/. М., 2000.

3. Ерназарова З Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты \\Қазақ тілі: әдістеме. № 5, 2015 ж., 26-30 бб.

4. Границкая Н. Научить думать и действовать. Москва, 2000.

5. Рахметова Р.С. Қазақ тілін синтаксистік қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Автореферат. Алматы, 2010 ж.

**Д.Д. БИСМИЛЬДИНА**
*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, кандидат филологических наук*
*Казахстан, Астана*

**Ж.Ж. СЕРГАЗИНА**
*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, магистр педагогических наук*
*Казахстан, Астана*

## ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА

5. Елеукенов, Ш. *Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері.* – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
6. Kubryakova, E.S. *Язык и знание: Очерки по когнитивной лингвистике.* – Москва: Языки русской культуры, 1997.



**Е.Г.МАКАРОВА**

*КГУ «Гимназия №17»*

*Казахстан, город Актобе*


## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВОГО ДИСКУРСА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАУЧНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Современное образование сталкивается с вызовами, обусловленными стремительным развитием информационных технологий и глобализацией. В условиях цифровой трансформации общества меняются не только способы получения информации, но и подходы к ее обработке, анализу и представлению.

Физика как фундаментальная наука, требующая от учащихся не только усвоения теоретических знаний, но и развития критического мышления, умения решать задачи и проводить эксперименты, находится на переднем крае этих изменений. Традиционные методы обучения, основанные на монологовом представлении материала, не всегда способны в полной мере отвечать потребностям современного поколения, выросшего в условиях постоянного взаимодействия с цифровой средой. В связи с этим актуализируется проблема использования цифрового дискурса как мощного инструмента для оптимизации учебного процесса и формирования научного мышления на уроках физики [1].

При этом важно учитывать специфику педагогического процесса в условиях многокультурного и многоязычного образовательного пространства, что особенно актуально для Казахстана, где диверсификация подходов к обучению является одним из приоритетов государственной политики [2].

Педагогический дискурс представляет собой сложную систему коммуникативных актов, направленных на передачу знаний, формирование умений и навыков, а также развитие личностных качеств обучающихся. Исторически он развивался в рамках

непосредственного взаимодействия между учителем и учеником в классной комнате, где доминировали вербальные и невербальные формы общения, основанные на диалоге и монологе. Однако с появлением и повсеместным распространением цифровых технологий границы этого дискурса значительно расширились, включив в себя виртуальное пространство и новые, порой нелинейные, формы коммуникации.

Цифровая трансформация образования не просто добавляет новые инструменты в арсенал педагога; она принципиально меняет динамику обучения, делая его более интерактивным, персонализированным и доступным. Это требует от учителя не только владения предметной областью, но и лингводидактической компетентности в создании эффективного коммуникативного пространства в цифровой среде [3].

Цифровой дискурс, по своей сути, является частью педагогического дискурса, реализуемой в виртуальной среде. Он охватывает широкий спектр цифровых инструментов и платформ, таких как интерактивные платформы обучения, образовательные социальные сети, онлайн-форумы, видеоконференции, виртуальные лаборатории и интерактивные симуляции. Для учителя физики это открывает беспрецедентные возможности для обогащения учебного процесса и повышения его эффективности.

Во-первых, цифровые инструменты позволяют визуализировать сложные физические явления, которые зачастую трудно или невозможно продемонстрировать в реальных условиях классной комнаты. Например, движение электронов в электрической цепи, процессы внутри атомного ядра, поведение газов при изменении давления и температуры, или динамика небесных тел могут быть наглядно представлены с помощью компьютерных симуляций и анимаций. Это позволяет учащимся не только увидеть абстрактные концепции, но и взаимодействовать с ними, изменяя параметры и наблюдая за мгновенными результатами, что способствует формированию более глубокого и интуитивного понимания.

Во-вторых, цифровой дискурс способствует организации интерактивных заданий, которые вовлекают учащихся в активное познание. Вместо пассивного восприятия информации, школьники могут самостоятельно проводить виртуальные эксперименты, строить графики, анализировать данные и делать выводы, что значительно повышает их вовлеченность и понимание материала. Это особенно актуально для физики, где практическая деятельность является основой для формирования компетенций. Например, платформа PhET Interactive Simulations предоставляет широкий спектр бесплатных интерактивных симуляций, позволяющих исследовать явления из механики, электричества, оптики и термодинамики [4].

В-третьих, цифровые платформы стимулируют дискуссию и коллаборацию. Онлайн-форумы, чаты и специализированные образовательные среды предоставляют учащимся возможность задавать вопросы, обмениваться идеями, обсуждать проблемные ситуации, совместно анализировать экспериментальные данные и решать задачи, выходя за рамки традиционного фронтального опроса.

Такая совместная работа развивает навыки аргументации, критического мышления, умения слушать и адекватно реагировать на мнения других, а также конструктивного взаимодействия в команде. Этот аспект особенно важен в контексте формирования научного сообщества даже на уровне школьного класса.

Наконец, цифровой дискурс способствует персонализации обучения, предоставляя доступ к разнообразным учебным материалам и заданиям, соответствующим индивидуальным потребностям и темпу обучения каждого ученика. Учащиеся могут повторять сложные темы, проходить дополнительные упражнения, углубляться в интересующие их области с помощью специализированных онлайн-курсов или ресурсов, что делает процесс обучения более гибким, адаптированным и эффективным. Таким образом, цифровая трансформация не просто меняет инструментарий педагогического дискурса, но и расширяет его дидактический потенциал, открывая новые возможности для формирования глубокого и осознанного понимания физики в условиях динамично развивающейся образовательной среды Казахстана [5].

Научное мышление в контексте изучения физики – это не просто способность запоминать законы и формулы, а комплексное умение, включающее в себя наблюдение, анализ, выдвижение гипотез, проведение экспериментов, интерпретацию результатов и обоснование выводов. Цифровой дискурс обладает огромным потенциалом для развития каждой из этих ключевых компетенций, предоставляя учащимся интерактивные и динамичные среды для познания. Применение цифровых технологий в преподавании естественных наук способствует не только усвоению предметного содержания, но и развитию метапредметных навыков, что является одним из приоритетов современного казахстанского образования [6].

Прежде всего, цифровые инструменты активно способствуют развитию наблюдательности и аналитических способностей. Интерактивные симуляции и видеоматериалы позволяют учащимся детально изучать физические процессы в динамике, изменяя параметры и мгновенно наблюдая за результатами. Например, при изучении законов механики, учащиеся могут запускать виртуальные тела с различными массами и начальными скоростями, исследуя их движение, столкновения и изменения импульса.

Возможность многократно повторять эксперименты, варьировать условия и фиксировать данные с помощью виртуальных лабораторий (например, Labster) или специализированных программных комплексов, является бесценным опытом для развития навыков анализа, систематизации и обработки информации. Это позволяет им самостоятельно выявлять закономерности и делать выводы, что является основой научного исследования.

Во-вторых, цифровой дискурс активно стимулирует гипотетическое мышление. Возможность моделирования различных ситуаций в цифровой среде позволяет учащимся самостоятельно формулировать предположения о том, как поведет себя система при изменении тех или иных параметров, и проверять свои гипотезы.

При изучении оптических явлений, например, учащиеся могут изменять положение линз или зеркал в симуляторе, предсказывать ход лучей света, а затем сравнивать свои предсказания с результатом симуляции. Такая итерационная практика – формулирование гипотезы, её проверка, анализ расхождений и корректировка – является краеугольным камнем научного метода, который может быть эффективно освоен в интерактивной цифровой среде.

В-третьих, цифровые платформы и интерактивные задания значительно развивают навыки решения проблем. Онлайн-платформы с интерактивными задачами, игровыми элементами и реальными кейс-стади способствуют развитию логического мышления и умения применять физические законы для решения нетривиальных задач. Вместо абстрактных задач из учебника, учащиеся сталкиваются с моделированными ситуациями, требующими комплексного подхода, анализа данных и применения знаний из различных разделов физики.

Использование таких ресурсов, как, например, платформы для проведения олимпиад по физике в онлайн-формате, может значительно повысить уровень подготовки учащихся к решению сложных нестандартных задач [7]. Это позволяет формировать гибкость мышления и способность адаптироваться к новым условиям, что является крайне важным качеством для будущих ученых и инженеров.

Наконец, что особенно важно для науки, цифровой дискурс активно развивает коммуникативные компетенции. Обсуждение физических проблем в онлайн-форумах, совместная работа над проектами в облачных сервисах и представление результатов в цифровом формате (видеоотчеты, интерактивные презентации, веб-страницы) способствуют развитию навыков аргументации, четкого изложения своих мыслей, отстаивания своей точки зрения и эффективного взаимодействия в команде. Физика – это наука, основанная на диалоге, обмене идеями и совместной работе, и цифровые инструменты позволяют воссоздать эту научную среду, подготавливая учащихся к будущей научной или инженерной деятельности. Активное использование социальных медиа для

создания тематических групп по физике, где учащиеся могут обмениваться информацией, задавать вопросы и помогать друг другу, также способствует формированию учебного сообщества и развитию неформального педагогического дискурса [8]. Таким образом, цифровой дискурс не просто предоставляет новые инструменты, но и создает качественно иную образовательную среду, способствующую глубокому погружению в научный метод и развитию всех аспектов научного мышления.

Эффективное внедрение цифрового дискурса в процесс обучения физике требует от учителя не только владения современными технологиями, но и четкого понимания дидактических принципов их применения. Вот несколько практических рекомендаций для учителей, составленных на основе собственного опыта:

*Интеграция интерактивных симуляций и виртуальных лабораторий:* Используйте готовые образовательные платформы (например, PhET Interactive Simulations, Labster) или создавайте собственные интерактивные модели для иллюстрации сложных концепций и проведения виртуальных экспериментов. Это позволяет учащимся "пощупать" физику и лучше понять абстрактные идеи.

*Организация онлайн-дискуссий и форумов:* Создавайте тематические форумы или группы в образовательных социальных сетях, где учащиеся могут задавать вопросы, обсуждать физические явления, делиться своими идеями и результатами исследований. Модерируйте дискуссии, направляя их в нужное русло и стимулируя критическое осмысление.

*Использование мультимедийных ресурсов:* Включайте в учебный процесс видеолекции, документальные фильмы, образовательные подкасты и интерактивные презентации, чтобы разнообразить формы подачи материала и сделать его более привлекательным для учащихся.

*Проектная деятельность с использованием цифровых инструментов:* Предлагайте учащимся проекты, требующие сбора и анализа данных из различных источников, создания интерактивных презентаций, видеороликов или веб-сайтов по физической тематике. Это способствует развитию исследовательских навыков и умения работать с информацией [9].

*Обратная связь и оценка в цифровой среде:* Используйте онлайн-тестирование, платформы для создания квизов и интерактивные задания для оперативной обратной связи и оценки знаний учащихся. Это позволяет быстро выявлять пробелы в знаниях и корректировать учебный процесс.

Цифровой дискурс открывает новые горизонты для педагогической практики в преподавании физики, трансформируя традиционные подходы к обучению и познанию. Он не только обогащает учебный процесс современными технологиями, но и существенно меняет характер взаимодействия между учителем и учеником, а также между самими учащимися, делая его более динамичным и многомерным.

Интеграция онлайн-коммуникации, использования социальных медиа и интерактивных цифровых ресурсов в педагогический дискурс способствует не просто поверхностному усвоению информации, а глубокому, осознанному пониманию физических явлений и принципов. Это достигается за счет активного вовлечения учащихся в процесс научного познания, развития их научного мышления, способности к критическому анализу и эффективных коммуникативных компетенций.

В условиях быстро меняющегося мира, где информация становится доступной мгновенно, а новые научные открытия происходят с невероятной скоростью, задача учителя физики выходит за рамки простого информирования. Сегодня учитель должен быть не только источником знаний, но и фасилитатором, наставником, который помогает учащимся ориентироваться в огромном потоке информации, отличать достоверные данные от недостоверных, формулировать собственные вопросы и искать на них ответы.

Цифровые инструменты становятся в этом незаменимыми помощниками, позволяя создавать мотивирующую и интерактивную образовательную среду. В такой среде учащиеся не пассивные слушатели, а активные исследователи, которые могут

самостоятельно ставить эксперименты (пусть и виртуальные), анализировать данные, моделировать ситуации и, что самое главное, развиваться как полноценные субъекты научного познания, способные к самостоятельной работе и критическому осмыслению информации.

Применение цифрового дискурса в преподавании физики в контексте казахстанской образовательной системы, ориентированной на модернизацию и глобальную конкурентоспособность, является стратегически важным направлением. Это не только улучшает качество освоения предмета, но и формирует у подрастающего поколения навыки, необходимые для успешной жизни и профессиональной деятельности в цифровую эпоху: способность к непрерывному обучению, адаптивность, креативность, критическое мышление и готовность к командной работе. Именно такие выпускники, обладающие глубокими предметными знаниями и развитыми цифровыми компетенциями, смогут в полной мере реализовать свой потенциал, успешно интегрироваться в мировое научное сообщество и внести значительный вклад в развитие науки, технологий и инноваций в Казахстане.

**Литература**


1. Калинина, Е. Г. Педагогический дискурс в современной образовательной среде // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Образование и педагогические науки. – 2018. – № 3. – С. 11–20.
2. Сагитов, М. А. Цифровизация образования в Казахстане: вызовы и перспективы // Вестник КазНУ. Серия педагогических наук. – 2023. – № 1 (103). – С. 45–52.
3. Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва : УРСС, 2006. – 144 с.
4. Макаров, А. Н., Петрова, О. В. Цифровые технологии в обучении физике: опыт применения PhET Interactive Simulations // Научно-педагогический журнал Восточной Сибири. – 2019. – № 3. – С. 56–62.
5. Ахметов, А. К. Современные подходы к преподаванию физики в условиях цифровой трансформации казахстанской школы // Инновации в образовании. – 2022. – № 4 (120). – С. 88–95.
6. Касымова, А. Д. Формирование метапредметных компетенций учащихся на уроках естественных наук // Вестник Абайского национального педагогического университета. Серия: Педагогика и психология. – 2021. – № 2 (94). – С. 70–78.
7. Жуков, А. В. Использование виртуальных лабораторий в обучении физике // Информатика и образование. – 2020. – № 5. – С. 23–28.
8. Кожахметов, Б. С. Социальные медиа как инструмент неформального обучения и развития педагогического дискурса // Современные проблемы педагогики. – 2024. – № 1 (15). – С. 30–37.



**МАШБАЕВА А.Ж.**

*Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияның*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Қазақстан, Ақтөбе*


## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Геймификация – білім беру үрдісіне ойын элементтері мен механикасын ендіру арқылы оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясын арттыру әдісі. Бұл әдіс XXI ғасыр талабына сай цифрлық технологияларды оқытуға енгізуге негізделіп, дәстүрлі сабақ форматын интерактивті және тиімді етуге бағытталған. Зерттеулерге сүйенсек, геймификация оқу үрдісінде оқушылардың пәнге белсенді қатысуына және оқу

мақсаттарына жетуге деген ынтасын күшейтеді. Мәселен, Э.Токжигитова т.б. ғылыми еңбектерінде геймификация белсенділік пен мотивацияны арттыратын тиімді әдістердің бірі екені көрсетілген [1]. Сол секілді басқа зерттеулерде геймификацияның оқушылардың оқу тапсырмаларына қатысуын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал ететіні дәлелденген. Жиынтық түрде айтқанда, геймификация білім беру жүйесінде оқу үдерісін жаңғыртып, оқушының ішкі және сыртқы мотивациясын оятатын инновациялық тәсіл ретінде қарастырылады.

Геймификация – бұл білім алушыларды әртүрлі оқу іс-әрекеттеріне белсенді әрі ынталы түрде тартуға бағытталған тиімді мотивациялық құрал. Оның негізгі ерекшеліктерінің бірі – ойыннан шабыт алу арқылы білім алушыны эмоционалды және когнитивтік жағынан ынталандыру, нәтижесінде оқушының тек ойын процесіне ғана емес, сонымен қатар оқу іс-әрекетіне де белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Бұл ретте «ойын – бұл жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін танытатын үдеріс, ол бір мезгілде қуаныш пен жауапкершілікті қамтитын әрекет» деген тұжырым орынды [2, 291]. Осыған байланысты геймификация – бұл білім беру кеңістігіндегі аса қажет әрі тиімді технология болып табылады.

Білім беру үдерісіне қатысатын әрбір субъект — мұғалім немесе білім алушы — өз оқу және жұмыс стилін еркін таңдауға құқылы. Осындай таңдаудың бірі ретінде геймификация әдісін қолдану білім алушыларға инновациялық шешімдер негізінде жеке әрі әсерлі білім алуға, кәсіби дағдылар мен сапаларды дамытуға мүмкіндік береді. Егер геймификацияның әдістемелік және технологиялық ресурстарын жан-жақты қолдансақ, онда мінез-құлықты басқаруға, мотивация мен белсенділікті арттыруға бағытталған құралдарды да тиімді іске асыруға болады. Бұл ретте мұғалім ерекше назар аударуы тиіс маңызды аспект — ойындық процестер негізінде білім алушылармен өзара әрекеттесудің тиімді стратегиясы мен тактикасын құра білу.

Ойын процестері эмоционалды қанықкан қарым-қатынас құралы ретінде білім алушылардың өзін-өзі көрсетуіне және бірегей коммуникациялық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді [3, 146]. Білім алушыларды ойын әдістеріне тарту – жағымды эмоцияларды ынталандырудың пәрменді тәсілі болып табылады. Бұл өз кезегінде білім сапасын арттыруға ықпал ететін ақпараттық, эмоциялық және интерактивті құралдарды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Алайда қазіргі ғылыми кеңістікте геймификацияның теориялық негіздерін жүйелеуге, оның білім беру саласындағы әлеуетін анықтауға, сондай-ақ ойын тәжірибесін оқу процесіне енгізуге қатысты бірізді көзқарас толық қалыптаса қойған жоқ. Осыған байланысты геймификациялық тәсілдерді енгізуде бірқатар сұрақтар өзектілігін сақтап отыр. Атап айтқанда:

–геймификацияны білім берудегі жаңа технология ретінде қарастыруға бола ма? – геймификация мотивациялық механизмдер мен оқыту тиімділігіне қандай деңгейде әсер етеді?

А.Л. Мазелис пікірінше, ойын – геймификацияға тән жалпы ұғым болып табылады, өйткені ол өз құрылымында ойын механикасын, ойынның сюжеті мен сценариін, сондай-ақ ойын емес әрекеттерге арналған әдіс-тәсілдерді қамти отырып, мотивация мен қатысуды күшейтеді, білім алушылардың оқу процесіндегі мінез-құлқына оң әсер етеді [4, 139]. Осылайша, ойын механикасы – оқытуда инновациялық белсенділікті қалыптастырудың пәрменді құралы ретінде сипатталады.

Жоғарыда баяндалған тұжырымдарға сүйене отырып, геймификацияны білім беру үдерісінің ажырамас элементі ретінде қарастыруға толық негіз бар. Оның дұрыс жоспарлануы мен әдістемелік негізде қолданылуы – білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға, оқу сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағында геймификация тіл үйретудегі дәстүрлі әдістермен үйлесімді қолданылады. Оқу материалына ойын элементтерін қосу лингвистикалық дағдыларды қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер ашады: мысалы, сөздік қоры мен грамматиканы

жаттықтыру үшін сюжетті ойындар немесе рөлдік іс-әрекеттер қолдануға болады. Зерттеулерге сәйкес, геймификация мазмұнды, ойындық және педагогикалық технологияларды біріктіру арқылы оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыруға арналған инновациялық әдіс ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл әртүрлі жас ерекшелігі мен білім деңгейіндегі оқушыларға бейімделе алады және оқу кезеңдерінің барлығында қолданыла береді. Сонымен қатар, тілдік дағдыларды қалыптастыруда геймификация арнайы ойын технологиялары арқылы жүзеге асады. Мәселен, А.Ораз пен Қ.Маликовтың зерттеуінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық дағдыларды дамытуға геймификацияның тиімді болуы дәлелденген [5]. Атап айтқанда, оқушылардың жеке деңгейіне сай жаттығулар, интерактивті викториналар мен сөзжұмбақтар қолдану оқу белсенділігін арттыра отырып, тілдік материалды меңгеруді жеңілдетеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде геймификация – оқыту үдерісін жаңғыртып, оны оқушы үшін тартымды, белсенді және нәтижелі етудің инновациялық тәсілі ретінде қарастырылады. Геймификация – бұл оқушылардың мотивациясы мен белсенділігін арттыру мақсатында білім беру үдерісінде ойын элементтері мен әдістерін мақсатты түрде қолдану. Осы тұжырым негізінде оқыту үдерісін геймификациялауға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдарды жүйелі түрде қарастыру маңызды.

Геймификацияны тиімді жүзеге асыру үшін бағдарламалық құралдар келесі топтарға бөлінеді:

- ✓ Ойын құрастырушы сайттар;
- ✓ Ойын платформалары;
- ✓ Білім беру квесттері;
- ✓ Оқытуды басқару қызметтері;
- ✓ Онлайн тренажерлер;
- ✓ Бағдарламалауды үйретудің ойын құралдары.

**Duolingo** — оқу үдерісін геймификациялаудың озық үлгісін көрсететін тіл үйрету платформасы. Бұл ресурс жаттығу, ұпай жинау, деңгейлерден өту сынды ойын механикаларын тиімді пайдаланады. Жүйе краудсорсинг негізінде құрылған, қолданушыларға түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынады және жеке бейімделген оқу траекториясын қалыптастырады. Duolingo-ның басты артықшылықтарына қолжетімділік, адаптивті оқыту, тілдердің көптігі және оқу барысындағы мотивацияны арттыратын ойын форматы жатады. Сонымен қатар, бұл платформада жетістіктер мен қателерге негізделген кері байланыс жүйесі жұмыс істейді, оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

**Kahoot** — интерактивті викториналар мен сауалнамалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру платформасы. Оқушылар мобильді құрылғылар арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, оқуға белсенді қатысады. Платформаның артықшылықтарына интерактивтілік, қолжетімділік, жылдам кері байланыс, әлеуметтік қарым-қатынас, әртүрлі сұрақ формалары және қашықтан оқытуды қолдау жатады. Kahoot бәсекелестік рухын туғызып, оқушылардың ынтасын арттырады.

**Classcraft** — рөлдік ойын түрінде құрылған геймификациялық жүйе. Бұл платформада оқушылар кейіпкерлерді таңдап, миссиялар орындайды, ұпай жинайды, оқыту барысында ойындық тапсырмаларды орындап, марапатталады. Classcraft жүйесі топтық жұмысты дамытып, сыныптағы тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді. Платформа оқу аналитикасын жүргізуге, оқушының оқу траекториясын қадағалауға, сондай-ақ ата-аналармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

**Minecraft: Education Edition** – шығармашылық ойлауды және пәнаралық байланысты дамытуға бағытталған платформаның білім беру нұсқасы. Бұл бағдарламада оқушылар ашық әлемде өз жобаларын жасайды, қиындықтарды шешеді, топпен жұмыс істейді. Платформа интерактивті оқытуды, сыни ойлауды, ынтымақтастықты, цифрлық сауаттылықты және эмоционалдық интеллектіні дамытуға мүмкіндік береді. Бұл – күрделі теориялық ұғымдарды көрнекі құралдар арқылы меңгерудің тиімді жолы.

**Quandary** – этикалық шешім қабылдау мен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға арналған платформа. Ойын барысында оқушылар түрлі кейіпкерлердің позициясын ескере отырып, күрделі моральдық дилеммаларға жауап іздейді. Бұл платформа интерактивті сценарийлер, факті мен пікірді ажырату, дәлелді ойлау, әлеуметтік дағдыларды дамыту, рефлексия жасау сияқты қабілеттерді дамытуға бағытталған.

**RibbonHero** – Microsoft Office бағдарламаларын үйренуге арналған интерактивті геймификациялық ресурс. Бұл платформада оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы ұпай жинап, Office интерфейсін тиімді пайдалануды үйренеді. Платформада қолданушылар өз білім деңгейіне қарай тапсырмалар алып, жедел кері байланыс арқылы дағдыларын жетілдіреді. Артықшылықтары: визуалды оқыту, практикалық тапсырмалар, әлеуметтік желімен байланыс, адаптивті оқу траекториясы.

**Scratch** – визуалды бағдарламалау тілі, бастауыш және орта буын оқушылары үшін тиімді интерактивті орта. Scratch ойындар, анимациялар мен жобалар жасау арқылы логикалық және алгоритмдік ойлауды дамытады. Бұл ортада оқушылар спрайттармен жұмыс істеп, координаталық жүйені, айнымалыларды, циклдар мен шарттарды меңгереді. Scratch-тің негізгі ерекшелігі – оны түрлі пәндерде, соның ішінде қазақ тілінде де қолдануға болатындығы.

**Kodable** – бағдарламалаудың негіздерін ойын арқылы үйретуге арналған платформа. Сабақтар құрылымдалған деңгейлерге бөлінген. Kodable визуалды кодтау арқылы оқушылардың логикасын, шығармашылығын, топта жұмыс істеу қабілетін дамытады. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдары бар, оқушылардың ілгерілеуін бақылау оңай.

**Brainscape** – есте сақтау дағдыларын дамытуға бағытталған карталар жүйесі негізіндегі мобильді платформа. Қайталау алгоритмдерін пайдалана отырып, оқушылардың жеке ерекшелігіне бейімделген оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Платформа материалды өңдеу, қайталау жиілігін бақылау, статистика жүргізу, кері байланыс алу, визуалды түрде есте сақтауды дамытуға мүмкіндік береді.

**Edmodo** – мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыратын, материалдармен алмасуға және кері байланыс орнатуға арналған оқытуды басқару жүйесі. Edmodo платформасында ұпай беру, төсбелгілер тағайындау, чаттар мен форумдар арқылы байланыс, жеке және топтық тапсырмалармен жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

Білім беру үдерісін геймификациялау – оқытуды қызықты, белсенді және тиімді ету жолындағы маңызды қадам. Жоғарыда аталған платформалар оқушының мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығы мен цифрлық құзыретін де дамытуға бағытталған. Мұғалім үшін ең бастысы – геймификациялық платформаны оқу мақсатына, сынып деңгейіне және тақырып мазмұнына сай орынды қолдана білу.

Геймификация элементтерін пән мазмұнына сәйкестендіріп жоспарлау қажет. Сабақ мақсаттары мен оқу бағдарламасына сәйкес викторина, квест немесе деңгейлік тапсырма түрін таңдап, оны тақырыпқа лайықтап құру керек.

Әр оқушының қабілетін ескере отырып, тапсырманың қиындық деңгейін реттеңіз. Мысалы, деңгейлік сервистерді пайдалана отырып мәтін таңдауда және сұрақтарды құруда оқушылардың жеке ерекшеліктеріне мән беріңіз. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятып, оқу үдерісіне белсенділікпен қатысуға ықпал етеді.

**Кері байланысты қамтамасыз ету**. Ойын түріндегі тапсырмаларда оқушылардың әр қадамын бақылап, уақытылы кері байланыс беріңіз. Ұпайлар, төсбелгілер немесе бадждар арқылы жеткен нәтижесін көрсетіп, ынталандыруды ұтымды қолданыңыз. Мұндай жедел кері байланыс оқу үдерісіндегі жетістікті нақты көрсетеді.

**Ішкі және сыртқы мотивацияның тепе-теңдігі**. Геймификацияда тек сыртқы марапатқа (ұпай, бадж) ғана емес, ішкі қызығушылық пен ұжымдық сергітетін ойын элементтеріне көңіл бөліңіз. Оқушыларға командада жұмыс істеу, шығармашылық тапсырмаларды орындау және т.б. мүмкіндік беру арқылы оқу процесін жан-жақты байытыңыз.

**Бағалау және түзету**. Қолданылған геймификациялық құралдардың тиімділігін жүйелі түрде бағалап отырыңыз. Мысалы, оқушылардың мотивациясы мен нәтижесін бақылап, қажет болса тапсырмалардың мазмұны мен пішімін өзгертесіз. Бұл әдістемелік тәсіл ең тиімді дидактикалық тапсырмаларды анықтауға және оларды жетілдіруге көмектеседі.

Қазақ тілі сабақтарында геймификацияны қолдану – білім беру үдерісін заманауи технологиялармен байытып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын тиімді әдіс. Жоғарыда қарастырылған платформалар оқыту барысында мотивацияны күшейтіп, интерактивтілік пен шығармашылықты дамытуға мүмкіндік береді. Әр платформа өзіне тән геймификациялық әлеуетке ие: кейбірі тілдік дағдыларды жетілдіруге, енді біреулері логикалық ойлау мен бағдарламалау негіздерін үйретуге немесе топтық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Мұғалім үшін маңыздысы – оқытудың мақсатына сай келетін платформаны дұрыс таңдай білу және оны тиімді ұйымдастыра отырып, оқушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасау. Осылайша, геймификация – қазақ тілі сабақтарында сапалы әрі нәтижелі білім беру кеңістігін қалыптастырудың қуатты құралына айналмақ.

**Әдебиет**


1 Токжигитова Н.К., Ермаганбетова М.А., Токжигитова Н.К. Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтау // *ХҒТАР (Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар)*. – 2023. – №3(144). – Б. 252–261.

2 Ibanez M.B., Di Serio A. and Delgado-Kloos, C., Gamification for engaging computer science students inlearning activities: a case study. IEEE Trans. on Learning Technologies. — 2014. — № 3. — P. 291-301.

3 Toda A. M., Valle P.D., Isotani S. The dark side of gamification: an overview of negative effects ofgamification in education. Proc. Researcher Links Workshop: Higher Educ. for All. — 2018. — P. 143-156.

4 Мазелис А.Л. Геймификация в электронном обучении. Территория новых возможностей. Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса. — 2013. No. 3 (21). — P.139-142.

5 Ораз А.Н., Маликов Қ.Т. Лексикалық дағдыларды қалыптастыруда геймификация әдісінің мүмкіндіктері (қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда) // *Вестник Торайғыров университетінің Филологическая сериясы*. – 2023. – №3. – Б. 259–267.



**З.М. МОЛДАБАЕВА, А.Қ. АЙТБЕНБЕТОВА,**
**Н.К. КУЛТАНБАЕВА, А.Ә. ИМАНҒАЗИНА**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*
*Қазақстан, Ақтөбе*


## КИНО ДИСКУРСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Кино арқылы тіл үйренудің көптеген артықшылықтары бар. Ең алдымен, кинофильмдер тіл үйренушіні табиғи тілдік ортаға енгізеді. Фильмдерде адамдардың шынайы сөйлесу мәнері, сөйлем құрауы, интонациясы, эмоциялары дәл беріледі. Бұл тілдің кітаптағы немесе оқулықтағы жазбаша түрінен гөрі шынайы қолданысын түсінуге көмектеседі. Кино көру кезінде көрермен бір мезгілде бірнеше сезім мүшелерін пайдаланады: көру, есту, кейде тіпті эмоциялық сезімдер арқылы қабылдайды. Бұл тіл үйрену процесін жеңілдетіп, адамның есте сақтау қабілетін арттырады. Мысалы, адам белгілі бір сөзді немесе сөз тіркесін оқулықтан жаттағанда, оны есте сақтау қиын болуы

мүмкін. Ал сол сөзді фильмде кейіпкердің дауысымен, қимыл-қозғалысымен көрген кезде, ол ұзақ уақыт есте қалады. Себебі ақпарат тек көзбен немесе құлақпен ғана емес, эмоциялық әсер арқылы да қабылданады. Бұл — визуалды және есту жадының қатар жұмыс істеуінің тиімді тәсілі. Сонымен қатар көрермен тілдің табиғи қолданысын нақты контексте көреді, бұл оқулықтағы мысалдарға қарағанда әлдеқайда әсерлі әрі түсінікті болады. Тіл тек грамматикалық ережелер жиынтығы емес, ол белгілі бір мәдениетпен тығыз байланысты. Кинофильмдерде қазақ халқының дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, сөйлеу мәдениеті көрініс табады. Мәселен, қазақ фильмдерін көрген адам қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен танысады, сәлемдесу, амандасу және қоштасу ерекшеліктерін меңгереді, қазақтың шешендік өнерін, мақал-мәтелдерін түсінеді. Сонымен қатар туыстық атаулар, ұлттық тағам атаулары, тұрмыстық заттар, салт-дәстүрлер жайлы да ақпарат алады. Бұл тілді тереңірек меңгеруге көмектеседі, өйткені тіл мен мәдениет – біртұтас құбылыс. Тілді толық игеру үшін сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымын, өмір салтын, қарым-қатынас мәдениетін де білу қажет. Кино осы бағытта таптырмас құрал бола алады. Ол тыңдау, түсіну, сөйлеу, сөздік қорды байыту, дұрыс айтылымды меңгеру, мәдениетпен танысу сияқты маңызды тілдік дағдыларды қатар дамытады. Кинофильмдер арқылы тіл үйрену үйренушінің шынайы тілдік ортаға бір қадам жақындай түсуіне мүмкіндік береді.

Кітаптан немесе сөздіктен үйренген сөздер кейде сөйлеу барысында дұрыс айтылмай қалуы мүмкін. Себебі жазбаша мәтінде дыбысталудың, екпіннің, сөйлеу ырғағының ерекшеліктері берілмейді. Ал кинофильмдерде кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін бақылау арқылы интонацияны дұрыс қоюды, сөздерді нақты қалай айту керектігін үйренуге болады. Мысалы, қазақ тіліндегі «Жарайды», «Қалайсың?», «Рақмет!» сияқты қарапайым сөздер әртүрлі жағдайларда әртүрлі интонациямен, эмоциямен айтылады. Бұны тек фильмдерден көріп, тыңдап, салыстырып түсінуге болады. Сонымен қатар кино тілді жандандырып, күнделікті сөйлеу тілінің табиғи формаларын үйренуге мүмкіндік береді. Бұл ауызекі тілді меңгеру үшін өте маңызды. Жалпы айтқанда, кинофильмдер тіл үйренушілер үшін тиімді әрі қызықты құрал болып табылады. Олар көрерменге тек тілдік білім беріп қана қоймай, сол тілдің иелерінің мәдениетіне, өмір салтына, дүниетанымына енуге көмектеседі. Осындай кешенді қабылдау арқылы адам тілдік материалды тез меңгереді және ұзақ уақыт бойы есінде сақтайды.

Бұл мәселелер жөнінде ғалым: ...әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн,- деп атап өте келіп, Ж.Аймауытов балаға тілді дұрыс үйрету ушін басты-басты мына қағидаларды есте сақтаған жөн деп есептейді:

1. Бала әуелі затты, нәрсені көру керек. Оны көрген бала сол зат туралы айтады, яғни сөйлейді. Сондықтан тыңдау, сөйлеу процесі алғашқы болады да, оқу, жазу кейінгі болуы қажет.

2. Баланың өз бетімен сөйлеуіне көп мүмкіндік беру керек. Сондықтан материал бала ұғымына сәйкес болып: өмір кітапқа қарай емес, кітаптар өмірге бейімделіп жазылсын.

3. Сөйлеу өмірдегі құбылыстарға жақын, жеңілден басталғаны жөн.

4. Баланың ой қабілеті мен өмірді ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты күшейте келіп, көбінесе ынталандыру қасиетіне ерекше мән берген дұрыс [1].

Кино – сөз бен бейненің, дыбыс пен көркемдік элементтердің ұштасқан кешені. Кино дискурсы арқылы оқушылар ұлттық киім үлгілері, тұрмыстық заттар (ыдыс-аяқ, бесік, киіз үй және т.б.), салт-дәстүрлер туралы ақпарат алады. Фильмдерде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әңгімелері, ым-ишаралары мен музыка арқылы қазақтың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтары көрсетіледі. Мысалы, тарихи фильмдерде ұлттық киім мен тұрмыстық заттар арқылы қазақ мәдениетінің ерекшеліктері көрнекі түрде бейнеленеді. Бұл лингвокультурлық білім тілді оқытуға тереңдік қосып, материалды есте сақтауды жеңілдетеді.

Кино диалогтары сөйлеу мен мәтіндік формалар арқылы прагматикалық және стилистикалық дәстүрлерді көрсетеді. Қазақ тіліндегі фильмдерде амандасу кезінде адамдардың денсаулығы мен отбасылық жай-күйіне сұрау қою («Ассалаумағалейкум! Сіз қалайсыз?») сияқты қонақжайлылық белгілері жиі көрінеді. Сондай-ақ қарым-қатынас этикетіне сай үлкендерді «байеке», «қарағым», «бауырым» сияқты құрметті атаулармен атау дәстүрі сақталады. Бұл сипаттар фильм диалогында сақталып, оқушыларға қазақтың мәдени ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі.

Отандық фильмдерде ұлттық мәдени контекст кеңінен бейнеленеді. Мысалы, «Менің атым Қожа» фильмінде 1950-жылдардағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі, отбасылық қатынастар, мектеп пен пионерлер ұйымындағы тәртіптер көрініс табады. «Біржан сал» фильмі ұлттық күй мен айтыс дәстүрін паш етіп, музыкалық аспаптар мен күй сараптамасын көрсетеді. «Келін» шығармасында қазақ ауылындағы үйлену рәсімдері, киіз үйдің ішкі безендірілуі, табиғат көріністері арқылы ұлттық мәдениет тақырыбы ашылады. Осы фильмдер арқылы оқушылар ұлттық киім, тұрмыстық заттар, салт-дәстүр туралы түсініктерін кеңейтіп, жаңа лексикаға сарайланып үйренеді.

Киноматериалдарды тіл үйретуде қолданудың лингводидактикалық әдістері әзірленген. Алдын ала кезеңде мұғалім фильмнің тарихи-мәдени контекстін түсіндіріп, қажетті сөздік талдау жасайды. Көріп-үйрену барысында оқушыларға фильмдегі кейбір сөз тіркестері мен фразаларды жазып алып, содан кейін тыңдау мен талдауға бөлінеді. Көрсетілген киножазбаға байланысты келесі кезеңдер ұсынылады:

**Жаңа лексика мен мәдени ұғымдарды таныстыру:** оқушыларға фильмдегі ұлттық киім, ыдыс-аяқ, ғұрып атаулары түсіндіріледі.

**Сюжетті болжау:** кейіпкерлердің мінез-құлқын және дамитын жағдайды талқылау арқылы оқушылар зейінін жинайды.

**Мәдени контекстті сипаттау:** фильмде көрсетілген ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды талдайды.

**Тақырыптық талқылау:** басты идеялар мен мәдени тақырыптарды пікірталас форматында талқылайды.

**Практикалық бекіту:** рөлдік ойындар мен сұрақ-жауап арқылы тыңдалым мен сөйлеуді пысықтайды.

Сонымен қатар фильмдерге арналған тапсырмалар (ролдік ойындар, сюжет бойынша эссе жазу, пікір таластыру) сөздік қорды байытады және сөйлеу машықтарын дамытады. Зерттеу көрсеткендей, субтитр арқылы көрсетілген фильмдер оқушылардың лексиканы есте сақтауын арттырады. Ал кино үзінділерін талдау тілдік дағдылардың барлығын дамытып қана қоймай, прагматикалық құзыреттілікті де күшейтеді: фильм қолдану өтініш айту, кеңес беру сияқты сөйлеу актілерін меңгеруге көмектеседі.

Қорыта келгенде, кино мәтіндері тілдік-мәдени әлеуетінің зор екенін дәлелдейді: олар ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды оқушыларға толық жеткізіп, тілді өмірлік жағдайларда пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Зерттеулер кино дискурсын қолдану тілді оқытуда маңыздылығын растайды – студенттердің сабаққа қызығушылығы артып, материалды түсіну мен есте сақтау жақсарады. Сонымен бірге фильмдер ұлттық мәдени феномендерді меңгеруге және мәдени хабардарлықты дамытуға ықпал етеді. Осылайша отандық кино мәтіндері тіл үйрету процессінде лингводидактикалық сабақтардың құнды құралы болып табылады.

**Кино арқылы мәдени контекстіні меңгерту:** Кино сабақтарда тұсаукесер ретінде қолданылғанда, көрерменді нақты мәдени ортамен таныстырады. Фильмдерде көрсетілген киім үлгілері, тұрмыстық заттар, дәстүрлі ыдыстар мен ғимараттар тіл мен мәдениет сабақтарында ілуде қайсы топтарға танымдық орта қалыптастырады. Мысалы, «Менің атым Қожа» фильмі қазақ ауылындағы тұрмысты, «Келін» фильмі ұлттық салт-дәстүр мен тұрмыс мәдениетін экранға шығарады, бұл оқушыларға кино арқылы мәдени контекстті меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кино көрерменге аудио-визуалды контекст пен қатынас жағдайларын толық көрсетеді, өйткені фильм фрагменттері өңір, қатысушылар мен

қарым-қатынас сипаттамаларын вербалды емес элементтермен бірге жеткізеді. Осылайша, кино сабақтарында көрнекі оқыту құралы ретінде пайдаланыла отырып, мәдени ақпарат пен тілдік бағдарлы меңгеруді жақсартады.

**Ұлттық құндылықтарды тану мен тіл үйретудегі рөлі:** Кино қазақ халқының тарихы мен рухын сақтаушы, жадына тоқып қалушы құрал бола алады. Зерттеулерге қарағанда, отандық кино ұлттық мұра мен құндылықтарды дәріптеуде айрықша рөл атқарады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айтылғандай, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен қазақ тілін дәріптеу болып табылады [2]. Сондықтан қазақша фильмдер тіл үйрету үдерісінде аса қажетті материал көзі болып табылады. Мысалы, «Біржан сал» фильмін талқылау арқылы оқушылар Қазақстанның батырлық эпостары мен тарихын, ұлы тұлғаларды танып-білуге үйренеді. Мұғалімдер тарих сабағында кинофильмдерді көрсетіп, оқушыларға ұлттық мұраны сездіру арқылы патриоттық сезім мен азаматтық ұстаным қалыптастырады. Кино дискурсы арқылы берілетін ұлттық құндылықтар тілді үйренушілердің рухани дүниесін байытып, сөйлеу дағдысын байыта түседі.

**Кино диалогтарындағы прагматикалық және стилистикалық ерекшеліктер:** Киноөнімдердің тілдік ерекшелігі – оларда кейде әдеби тіл мен диалектілік сөздер, тұрмыстық стиль араласып қолданылуы. Соңғы кездегі қазақ фильмдерінің көбінде сөйлеу тілінде орыс тілінің элементтері де жиі кездеседі, бұл тілдік құбылыс сынға алынуда [3]. Мысалы, кейбір экран кейіпкерлері орысша сөйлей келе «жаным», «риза болдым» сияқтыларды қосып айтатын көріністер кездеседі. Бұл код ауыстыру мен араластыру стратегиялары арқылы белгілі әлеуметтік орта мен кейіпкерлердің шын мәніндегі тілдік болмысын аша түседі. Сонымен қатар, классикалық қазақ фильмдерінде (мысалы, «Біржан сал» фильмінде) диалогтарда поэтикалық стиль, ескі сөздер мен мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Оқу үдерісінде осы диалогтарды талдап, олардың прагмалогиялық ерекшеліктерін (сөйлеушілердің ниеті, көңіл-күйі, тіл байлығы) жеткізу арқылы студенттердің тілдік сауаты мен мәдени түсінігі артады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқытудың тиімді әдістерінің бірі ретінде танылған **проблемалық оқыту технологиясы** білім алушыны жан-жақты ойлайтын, дербес шешім қабылдай алатын, шығармашылықпен әрекет ететін жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған. Бұл әдістің өзегі – білім алушыны ойландыра отырып, өздігінен шешім қабылдауға итермелеу, әрекет барысында іздендіру. Проблемалық оқыту барысында репродуктивтік, продуктивтік және шығармашылық жолдар сәйкестендіріліп қолданылады. Бұл үш деңгейдің әрқайсысы оқушының танымдық белсенділігі мен тілдік дамуын кезең-кезеңмен жетілдіруді көздейді.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда, әсіресе тереңдетілген бағдарламада **кино дискурсын проблемалық оқыту әдісімен сабақтастыру** – оқушылардың тілдік, коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың ұтымды жолы. Көркем фильмдер, диалогтар, эпизодтар, кейіпкер репликалары проблемалық жағдаяттар туындатуға, түрлі тілдік жағдаяттарды талдап, шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушы тілдік материалды өмірмен байланыстыра отырып қабылдайды, көркем мәтін мен өмір шындығы арасындағы байланысты ұғынып, тілдік бірліктерді практикалық қолданысқа түсіреді.

Кинофильмдердің фрагменттері негізінде проблемалық жағдаят тудыру – оқушының танымдық әрекетін жандандыруға, логикалық және шығармашылық ойлауын жетілдіруге ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір фильм үзіндісіндегі кейіпкер әрекетінің дұрыс-бұрыстығын талдау, эпизод мазмұнын өз көзқарасы бойынша бағалау, не болмаса диалог мазмұнын өзгертіп ұсыну – оқушының өз ойын еркін білдіруіне, тілдік нормаларды тәжірибеде қолдануына жағдай жасайды.

Кино дискурсы арқылы ұйымдастырылатын проблемалық оқытуда оқушы келесі іс-әрекеттерді орындайды:

- берілген эпизод немесе жағдаяттағы проблеманы анықтау;

- оқиға дамуын болжау;
- кейіпкерлердің әрекетін бағалау;
- ұсынылған шешімге балама ұсыну;
- өз көзқарасын тілдік дәлелдермен негіздеу.

Осы арқылы оқушы тек тілді үйреніп қана қоймай, тілдік құралдар арқылы сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады.

Проблемалық оқытудың басты мақсаты – білім алушыны өздігінен ізденуге, рефлексия жасауға және білімді шығармашылық жолмен қолдануға бейімдеу. Бұл мақсатқа жетуде кинофильмдерді қолдану келесі бағыттар бойынша тиімді нәтижелер береді:

**Тыңдалым дағдысын дамытуда** – көркем фильмнің фрагментін тыңдату арқылы оқушылар эпизод мазмұнын, негізгі ойды, кейіпкердің көңіл күйі мен қарым-қатынас формаларын анықтайды. Оқиға желісі бойынша сұрақтар құрастырып, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар арқылы өз көзқарасын білдіреді.

**Айтылым дағдысын жетілдіруде** – эпизод бойынша диалог құрастыру, кейіпкерге мінездеме беру, пікірталасқа қатысу, диалогті жалғастыру немесе өзгерту, кино үзіндісіне презентация жасау секілді әрекеттер жүзеге асады.

**Оқылым дағдысында** – кинофильмдерге негізделген аннотация, рецензия, пікір, мақалалармен жұмыс істеу, сценарийдің жазбаша нұсқасын салыстыра оқу, фильмге берілген сын-пікірлерді талдау ұсынылады.

**Жазылым бағытында** – фильмге рецензия жазу, сценарий жалғасын құрастыру, кейіпкерге хат жазу, оқиғаның балама нұсқасын баяндау сияқты шығармашылық тапсырмалар арқылы тілдік құрылымдарды еркін қолдануға дағдыланады.

Мұғалімнің рөлі – проблемалық жағдаятты сауатты ұйымдастыру, оқушыны дұрыс бағыттау, өз пікірін дәлелдеуге жетелеу. Бұл үшін келесі кезеңдер ұсынылады:

**Проблемалық жағдаятты тудыру:** фильм үзіндісі, кейіпкер сөзі немесе әрекеті негізінде.

**Ой шақыру:** сұрақ қою, болжам жасау, өз көзқарасын қалыптастыру.

**Талдау:** эпизодты тыңдау немесе қарау, берілген мәліметтер бойынша зерттеу.

**Шешім қабылдау:** ұсыныс, балама әрекет, тілдік тұжырым жасау.

**Рефлексия:** пікір білдіру, эмоциямен бөлісу, өз ойын қорытындылау.

Мысалы, «Менің атым Қожа» фильмінен алынған үзіндіде Қожаның әрекеті арқылы оқушыға «Бұл әрекетті дұрыс деп санайсыз ба?» деген сұрақ қойылып, сол бойынша пікірталас ұйымдастырылады. Бұл жерде оқушы тілдік бірліктерді қолданып, өз ұстанымын тіл арқылы білдіреді.

Кино дискурсы тек тілдік материал көзі ғана емес, сонымен қатар пәнаралық байланысты жүзеге асыратын құрал. Мәселен, тарих, әдебиет, мәдениет, этика тақырыптары қамтылған фильмдер оқушының тіл үйренуін танымдық әрекетпен ұштастырады. Бұл оқытудың дамытушылық, тәрбиелік, мотивациялық аспектілерін күшейтеді.

Проблемалық оқытудың тиімділігін арттыру үшін қолдануға болатын тапсырмалар:

- «Не болар еді егер...?» тәсілімен оқиға барысын өзгерту;
- «Мен болсам...» әдісімен кейіпкер орнында әрекет ету;
- Киноэпизод негізінде шағын дебат өткізу;
- Фильмге жазбаша шолу (оқушы тілімен);
- «Тыңда, болжа, дәлелде» стратегиясы.

Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, ауызекі және жазбаша сөйлеу дағдыларын, сыни ойлау мен интерпретациялық қабілетін дамытады. Проблемалық оқыту – оқушының тілдік құзыреттілігін ғана емес, өмірлік жағдаяттарда тіл арқылы шешім қабылдау қабілетін де жетілдіретін пәрменді әдіс.

Сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын кешенді түрде дамытуды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда:

- **Ассоциация** – ұғымдық байланыс пен логикалық ойлауды дамытады;

• **Интервью** – еркін сөйлеу, белсенді тыңдау дағдысын қалыптастырады;

• **Венн диаграммасы** – салыстырмалы талдау жүргізу машығын жетілдіреді;

• **ББҮ (білемін – білдім – білгім келеді)** – білімді жүйелеу мен ізденіс қабілетін дамытады;

• **Сұрақ қою және қайта сұрақ қою** – тілдесім мәдениетін қалыптастырады.

Коммуникативтік оқытуда көрнекілік, тірек сызбалар, мәтінмен, аудиоматериалмен жұмыс, рольдік ойындар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оқу процесінде тиімділігін дәлелдеген дәстүрлі және заманауи әдістердің үйлесімді түрде қатар қолданылуы қажет. Мысалы: түсіндіру, сұрақ-жауап, баяндау сияқты дәстүрлі әдістерді «миға шабуыл», кластер, Венн диаграммасы, ББҮ, INSERT, пікірталас, сауалнама сияқты инновациялық тәсілдермен ұштастыру – сөйлеу дағдысын жүйелі дамытуға жол ашады.

Нәтижесінде қатысымдық әдісті жүйелі қолдану:

• оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырады;

• сөздік қорын молайтады;

• сөйлеу мәдениетін дамытады;

• оқуға, тыңдауға және жазуға деген қызығушылығын күшейтеді;

• алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландырады.

Осылайша, қатысымдық әдіс – оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістемелік негізі ретінде қарастырылады. Ол оқытудың мазмұндық әрі практикалық тұрғыдан сапасын арттырып, тілді коммуникативтік мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.

**Әдебиет**

1 Айтбаева Б.М. Қазақ тілін оқытуда мультфильмдер мен фильмдерді тиімді қолдану // Kaznews Agency. – 2022. – 12 қараша.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 2007. – 27 шілде, №319.

3 Бағдәулетқызы Ә. «Шалақазақша» сөйлейтін қазақ киносы // Азаттық радиосы. – 15.11.2024.

**Ә.С.МЫРЗАДИОВА**

*«№17 Гимназия» КММ*

*Қазақстан, Ақтөбе қаласы*

## ДИСКУРС: МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАС ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА

Қазіргі жаһандану дәуірінде тілді оқытудың басты мақсаты – оқушыларды әлемдік қоғамдастықта еркін қарым-қатынас жасауға қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру. Қазақ тілі сабақтарында бұл міндет тілдік білімдерді меңгерумен қатар, қазақ халқының бай мәдени мұрасын таныту, сонымен бірге басқа мәдениеттерге деген құрмет пен түсіністікті қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Осы орайда дискурс ұғымы ерекше маңызға ие. Дискурс – бұл жай ғана мәтін немесе сөйлемдер жиынтығы емес, ол нақты коммуникативтік жағдайдағы тілдің қолданылуы, сөйлеушінің ниеті, тыңдаушының қабылдауы және әлеуметтік-мәдени контексттің өзара әрекеті [1].

Қазақстанның көпұлтты екенін ескерсек, оқушылардың әртүрлі мәдени орталарда өзара түсіністікпен қарым-қатынас жасауы болашақтағы толерантты қоғамның іргетасы болып табылады. Осы тұрғыдан, қазақ тілі сабағында дискурсты түсіну және оны тиімді қолдану оқушылардың мәдениетаралық диалогқа қатысу және әлеуметтік-коммуникативтік қатынас дағдыларын дамыту үшін негіз болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында дискурс ұғымына терең мән беру – қазіргі заманғы тіл оқыту әдістемесінің басты талабы. Дискурс – бұл тілдік бірліктердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар нақты әлеуметтік-мәдени контекстегі тілдік әрекеттің өзі [2].

Басқаша айтқанда, бұл адамдардың қарым-қатынас процесінде сөзді қалай қолданатыны, олардың ниеттері, мақсаттары және сол сөздің айтылған ортасы. Қазақ тілі мұғалімі үшін дискурс: тілдік дағдыларды (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытудың контексті болып табылады, өйткені оқушылар сөздер мен грамматикалық құрылымдарды жеке-жеке үйреніп қана қоймай, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдануды үйренуі тиіс. Мысалы, "Сәлеметсіз бе?" деген фразаны жаттау бір басқа да, оны кімге, қандай интонациямен, қандай жағдайда айту керектігін түсіну – дискурсқа қатысты дағды [3].

**3.1. Интертекстуальность и цитирование**

Цифровой дискурс характеризуется высокой степенью интертекстуальности: пользователи активно цитируют друг друга, используют гиперссылки, делятся контентом, создавая сложную сеть взаимосвязанных сообщений.

**3.2. Полилогичность и мультидиалоговость**

В отличие от традиционного диалога, цифровой дискурс часто развивается в форме многостороннего общения, где одновременно участвует множество участников. Это приводит к возникновению сложных коммуникационных структур с параллельными линиями обсуждения.

**3.3. Роль самопрезентации и идентичности**

В цифровом пространстве важную роль играет создание и поддержание собственной онлайн-идентичности. Пользователи выбирают стиль общения, язык, а также контент, который отражает их индивидуальность и социальную принадлежность.

**3.4. Стратегии убеждения и манипуляции**

В цифровом дискурсе часто применяются различные коммуникативные стратегии, направленные на убеждение аудитории, формирование общественного мнения или манипуляцию. Использование хэштегов, призывов к действию, эмоционально окрашенной лексики способствует усилению влияния высказываний.

**4. Влияние цифрового дискурса на современный язык**

Цифровой дискурс оказывает значительное влияние на развитие современного языка. Во-первых, происходит активное заимствование новых слов и выражений из интернет-сленга в повседневную речь. Во-вторых, меняются нормы письменной речи — адаптируются новые способы выражения эмоций и интонации. В-третьих, расширяется коммуникативная компетенция пользователей, которые учатся эффективно взаимодействовать в новых условиях.

Однако цифровой дискурс также вызывает определённые проблемы, связанные с деформацией языка, снижением культуры письменной речи и распространением непроверенной информации.

Цифровой дискурс в социальных медиа и онлайн коммуникациях представляет собой уникальное явление, сочетающее в себе традиционные и новые языковые и дискурсивные особенности. Он отражает специфику современного коммуникационного пространства, формируя новые формы взаимодействия и выражения. Изучение языковых и дискурсивных черт цифрового дискурса имеет важное значение для понимания процессов развития языка и коммуникации в эпоху цифровых технологий. В дальнейшем актуальным является исследование механизмов адаптации языка к цифровым форматам и разработка эффективных педагогических подходов для обучения коммуникации в цифровой среде.

**Литература**


1. Бахтин, М. М. **Проблемы поэтики Достоевского**. — М.: Художественная литература, 1975. — 447 с.
2. Гаспаров, М. Л. **Язык и дискурс в эпоху цифровых технологий** // Вопросы языкознания. — 2019. — №2. — С. 24–37.
3. Дьяконова, М. В. **Цифровая лингвистика: язык в условиях новых медиа** // Русский язык в научном освещении. — 2021. — №3. — С. 15–28.
4. Кондрашова, Н. В. **Онлайн-коммуникация как объект лингвистического исследования** // Филологические науки. — 2020. — №4. — С. 45–52.
5. Литвинова, Е. В. **Эмодзи и невербальная коммуникация в цифровом дискурсе** // Язык и коммуникация. — 2018. — №6. — С. 78–85.

6. Петрова, Т. С. **Языковые инновации в социальных сетях** // Вестник филологии. — 2019. — Т. 55. — С. 120–130.
7. Романова, А. Ю. **Дискурсивные стратегии в интернете: анализ современных практик** // Вопросы современной лингвистики. — 2022. — №1. — С. 50–64.
8. Чудинов, С. П. **Социальные сети как новая среда коммуникации** // Журнал цифровой культуры. — 2021. — №2. — С. 30–44.

**А. ОКА**
*филология ғылымдарының кандидаты,*
*Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті*
*Қазақстан, Алматы*

**Ж. ДӘУРЕН**
*магистр,Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті*
*Қазақстан, Алматы*

## ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРС: ТІЛДІК ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕГІ ЖАҢА ӨЛШЕМДЕР

Дискурс – тілдік қарым-қатынастың белгілі бір әлеуметтік, мәдени және коммуникативтік жағдаятта жүзеге асатын формасы. Ол тек қана сөздер мен сөйлемдердің жиынтығы емес, сонымен қатар сөйлеушінің ниетін, тыңдаушының рөлін, контекстті, мағыналық және прагматикалық элементтерді қамтитын күрделі құбылыс. XX ғасырда М.Бахтин «...роман – біздің айналамыздағы қоғам өмірінің түрлі дискурсын бір арнағы тоғыстыратын әдеби көркем форма» [1, 68] дегенді айтады. Сәйкесінше дискурс та әр түрлі әлеуметтік топтардың өзіне тән әлеуметтік тілдік қолданысы болады делінген. Бұл анықтаманы қатар келтірудің басты себебі ретінде бүгінде түрлі дискурстың бір арнаға тоғысу формасы «романнан» уақыт ағынына сай трансформацияланып «цифрлық ортаға» өзгерген дей аламыз. Қазіргі қоғам цифрлық ортаға қарқынды енген сайын, цифрлық дискурс зерттеудің маңызды нысанына айналуда. Бұл дискурс тек тілдің жаңа функционалдық түрлерін тудырып қана қоймай, әлеуметтік өзара әрекеттесу сипатын да өзгертуде. Өзінің бірегей формалды және технологиялық құрылымдарының арқасында, бұл көпқырлы әрі үнемі өзгеріп отыратын құбылыс адамзаттың қарым-қатынас тәсілдерін түрлендіріп, түсіну мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғам мен жеке адам үшін маңызды мәселелерді алға тартады.

XXI ғасырдағы технологиялық жетістіктер тілдік коммуникацияның жаңа формаларының пайда болуына ықпал етті. Түрлі цифрлық кеңістіктер (әлеуметтік желілер, мессенджерлер, блог-платформалар, подкасттар, сайттар т.б.) қазіргі қоғамның күнделікті тілдік тәжірибесінің маңызды бөлігіне айналды. Бұл ортада тіл дәстүрлі шекаралардан шығып, жылдам бейімделуге және өзгеруге мәжбүр [2]. Ендігі цифрлық дискурс тек жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына себепші ғана емес, сонымен қатар көптілділік, код-ауысу, неологизмдер мен гибридті құрылымдар секілді күрделі лингвистикалық құбылыстардың басты алаңына айналуда.

Қазақстан үшін бұл үдеріс ерекше маңызға ие. Елдегі үштілділік саясаты мен интернетке кең қолжетімділік баласынан қартына дейінгі барлық интернет қолданушылар арасында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін араластыра қолдануды үйреншікті жағдайға айналдырды. Әрі аға буын өкілдері мен қарттардың да сол сөздерді бейсаналы пайдалануы да бүгінгі күннің шындығы. Цифрлық дискурста бұл тілдер арасындағы код-ауысу жиі байқалып, нәтижесінде жаңа сөздер мен құрылымдар пайда болуда. Мұндай құбылыстар тек тілдік өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени

трансформацияларды да айқын көрсетеді. Елдегі үштілділік саясаты мен интернетке кең қолжетімділік әсіресе жастар арасында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін араластыра қолдануды үйреншікті құбылысқа айналдырды. Цифрлық дискурста бұл тілдер арасындағы код-ауысу жиі байқалады, соның нәтижесінде жаңа сөздер мен құрылымдар пайда болуда. Бұл тек тілдік өзгерістердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени трансформациялардың белгісі ретінде де қарастырылады.

Код-ауысу (code-switching) – бұл бір дискурстық ортада коммуниканттардың екі немесе одан да көп тілді кезектестіріп қолдануы [3], әлеуметтік медиадағы коммуникацияда тілдік репертуарды икемді пайдалану нәтижесі. Цифрлық коммуникацияда, әсіресе жастар арасында, бұл құбылыс прагматикалық мақсаттармен тығыз байланысты: стильді жеңілдету, эмоцияны күшейту, өзара түсіністікті арттыру. 1-кестеде осыған мысалдар келтірілген.

1-кесте. Цифрлық дискурстағы код-ауысудың түрлері мен қызметтері

| Түрі | Мысал | Пайда болу жағдайы | Прагматикалық қызметі |
|---|---|---|---|
| **Сөз деңгейіндегі ауысу** | *Likeem, зумдадық, репосттап қойдым* | Ағылшын тілінен енген сөздерді қазақша етістіктеу | Коммуникацияны жеңілдету, трендке сай сөйлеу |
| **Синтаксистік бірлікпен ауысу** | *«Анай, already жаздым, бірақ seen болып тұр»* | Сөйлемнің бір бөлігі ағылшынша, бір бөлігі қазақша | Эмоцияны күшейту, «жастарша» сөйлеу |
| **Фразалық ауысу** | *«Бүгін zoom-ғакешігіпкіріпе дім, teacher already started speaking.»* | Толықойдыңағылшынтіліндеб ерілуі | Тілдіменгергендігінкөрсету, ресмиемесстиль |
| **Контекстік ауысу** | Бір диалог ішінде бірнеше тіл арасында ауысу | Қарым-қатынас еркін жүретін ортада | Тыңдаушының тіліне бейімделу, көптілді аудиториямен байланыс |

Бұл сөйлемдерде код-ауысу бір ғана сөзбен емес, тұтас синтаксистік бірлікпен жүзеге асуда. Мұндай құрылым арқылы сөйлеуші тек тілдік икемділікті ғана көрсетіп қоймай, тыңдаушымен немесе оқырманмен жақын қарым-қатынас орнатуға тырысады. Сонымен қатар, код-ауысу белгілі бір әлеуметтік маркерлерді де білдіреді – мысалы, қалалық тұрғын, интернетті белсенді қолданушы, ағылшын тіліне бағытталған адам бейнесі.

Неологизмдер – бұл жаңа ұғымдар мен құбылыстарды білдіру үшін тілде пайда болатын жаңа тілдік бірліктер. Цифрлық неологизмдер – жаңа технологиялық құбылыстар мен платформаларды сипаттау қажеттілігінен туындаған сөздер. Цифрлық ортада мұндай сөздер тез таралып, кейде күнделікті қолданысқа еніп кетеді.

2-кесте. Цифрлық дискурстағы неологизмдер мен гибридті құрылымдар

| Неологизм / Гибридті құрылым | Түпнұсқа тіл / негіз | Жасалу тәсілі | Қолданыс саласы | Мақсаты / Қызметі |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **зумдау** | Ағылшын (Zoom) | Қазақша етістік жалғауы | Онлайн білім, жұмыс | Zoom платформасын қолдану |
| **сторилау** | Ағылшын (Story) | Қазақша етістік жалғауы | Instagram, әлеуметтік желі | Story жариялау |
| **лайкта / лайк ету** | Ағылшын (Like) | Қазақша жұрнақтармен бейімделу | Контент бағалау | Лайк басу |
| **репосттап қойдым** | Ағылшын (Repost) | Етістік+көмекші етістік | Ақпарат бөлісу | Репост жасау |
| **чаттасу** | Ағылшын (Chat) | Қазақша етістік жұрнағы | Онлайн тілдесу | Чат арқылы байланыс жасау |
| **скринжасау** | Ағылшын (Screenshot) | Транскрипция + көмекші етістік | Ақпарат сақтау | Скриншот жасау |
| **вайфайсыз қалу** | Ағылшын (Wi-Fi) | Қазақша тәуелдік құрылым | Техникалық қиындықтар | Интернетсіз қалу |
| **зумда встреча бар** | Ағылшын + Орыс (Zoom + встреча) | Гибридті сөз тіркесі | Онлайн кездесу | Zoom арқылы кездесуді білдіру |
| **пост жазу** | Ағылшын (Post) | Тіркес + қазақша көмекші етістік | Әлеуметтік медиа | Жариялау |
| **редакт жасау** | Ағылшын (Edit) | Морфологиялық бейімдеу | Мәтін өңдеу | Контентті редакциялау |
| **чатқа кіріп кеттім** | Ағылшын (Chat) | Гибридті сөйлем | Қарым-қатынас | Чатқа қосылу |
| **инбокста тұр** | Ағылшын (Inbox) | Транскрипция + локальды қолданыс | Жеке хаттар | Хабарлама келгенін білдіру |
| **тренд болып жатыр** | Ағылшын (Trend) | Тіркес | Жаңа контент | Трендке ену, кең таралу |
| **рек шықты** | Ағылшын (Reklama) | Қысқарған сөз | Видеоконтент | Жарнама көрсету |
| **сториге жауап берді** | Ағылшын (Story) | Сөз тіркесі | Instagram, TikTok | Стори реакциясы |

Аталған сөздер көбіне ағылшын тілінен енген терминдерді қазақ тілінің морфологиялық жүйесі арқылы бейімдеу нәтижесінде жасалған. Бұл – таза калька да, жай транскрипция да емес, тіліміздің құрылымына сай жаңа тілдік форма. Мұндай неологизмдер көбіне гибридті құрылымдармен қатар қолданылады және олар тілдің лексикалық деңгейінен морфологиялық деңгейіне дейінгі өзгерістерді қамтиды.

Гибридті құрылымдар – бұл бір сөйлем ішінде әртүрлі тілдік бірліктерді біріктіру арқылы жасалған жаңа тілдік формалар. Ол негізінен жоғарыдағы екеуінің тоғысынан пайда болады. Цифрлық дискурста мұндай құбылыс кең таралған, себебі интернет – көптілді әрі креативті орта. Мысалы: көңіл-күй today онша емес, like ет те, сақтап қой, кейін reminder болады.

Бұл құрылымдар бірнеше қызмет атқарады: ыңғайлылық: бір тілде дәл баламасы жоқ сөздің орнына басқа тілдің сөзін қолдану; идентификациялық қызмет: көптілді сөйлейтін адамның өзіндік тілдік стилі мен мәдени кодын білдіру; прагматикалық реңк: ирония, жеңілдік немесе бейресми, достық атмосфераны жеткізу.

Гибридті дискурс – бұл цифрлық кеңістіктегі жаңа «тілдік норма». Әсіресе қазақ, орыс және ағылшын тілдері қатар қолданылатын ортада бұл стиль кеңінен қалыптасуда. Цифрлық дискурс – жаңа тілдік формацияның айнасы. Ондағы код-ауысу, неологизмдер мен гибридті құрылымдар – тек тілдік өзгерістер емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени трансформациялардың да көрсеткіші. Бұл құбылыстар жастардың көптілді қоғамда тілді игеруі мен шығармашылық әлеуетін нақты бейнелейді.

Осыдан келе біз, цифрлық дискурс – тілдің болашағын анықтайтын орта деген тұжырымға келеміз. Цифрлық дискурс әлеуметтік, мәдени және когнитивтік үдерістердің күрделі өзара әрекеттесу арқылы тілдің жаңа өмір сүру формасын қалыптастырады. Тілдің жылдам өзгеріске түсуі, жаңаны сүзгіден өткізу жүйесінде уақытың қысқаруы, кей жағдайда бастан аяқ толық жүзеге аспауы мен бейімделгіштігі көптілділік негізінде жүзеге асуда. Мақалада осыған үш негізгі құбылыс арқылы мысал келтірілді. Ендігі әлеуметтік желілер негізінде дәстүрлі коммуникацияның осылардың ықпалымен өзгеруі жайын да қарастыруымыз керек.

Цифрлық орта дәстүрлі коммуникативтік тәжірибелерді түбегейлі өзгертуде, нәтижесінде тілдік және өзара әрекеттестіктің жаңа формалары пайда болуда. Алғашында мессенджер ретінде дамыған Telegram (Instagram, TikTok, X бұрынғы Twitter)-дискурс, бүгінде интернет кеңістігінің ерекше бір сегменті ретінде зерттеліп отыр. Бұл дискурста тілдік және тілден тыс факторларға айрықша мән беріледі.

Көзге көрінетін өзгерістердің бірі – жазбаша тілдің жазбаша-ауызша сипатқа ие болуы. Цифрлық коммуникацияда жазбаша тіл ауызекі тілге тән белгілерді – дайындықсыздықты, диалогтықты, бейресмилікті бойына сіңіреді. Бұл жағдай еркін, тосын, екіжақты, жақын әрі эмоцияға толы коммуникацияға жол ашады. Telegram, Instagram (кей жағдайдарды ескергенде WhatsApp арқылы таратылатын хабарламалар мен чаттарды да қарастырғанда) жазбаларында жиі ауызекі сөйлеу элементтері, бейәдеп сөздер, қарапайым лексика кездеседі – бұл оқырманмен жақындасу мен эмоция жеткізудің құралы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, маңызды ақпаратқа назар аударту үшін графологиялық тәсілдер – бас әріппен жазу, мәтінді қою ету, астын сызу – кеңінен қолданылады.

Цифрлық дискурстың тағы бір айқындаушы белгісі – мультимедиялық сипат. Гипермәтін ақпаратты сызықтық емес түрде ұсыну әдісі ретінде мәтін, дыбыс, бейне, сурет және анимацияны біріктіруге мүмкіндік береді, әрі пайдаланушыға ақпаратты қалаған ретпен қабылдауға жағдай жасайды. Хэштегтер мен сілтемелер хабарламалар құрылымын еркін етіп, әрбір қолданушыға өз цифрлық кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Мультимодалдылық контекстінде әр түрлі семиотикалық жүйелердің өзара әрекеттестігі «модустардың тоғысуына» алып келеді – бұл жерде вербалды, визуалды және дыбыстық кодтар бірін-бірі толықтырады. Әлеуметтік желілірдің жазбаларында мәтін мен бейне, фотолардың үйлесуі эмоциялық әсерді күшейтіп, ақпараттың «аудиовизуалды нақтылығын» арттырады. Ендігі бұның бәрі көптілділік, код-ауысу, неологизмдер мен гибридті құрылымдарды қамтып, осы ортадағы цифрлық дискурс гибрид күйде қалыптасып келе жатыр деп те айта аламыз.

Цифрлық дискурстағы тілдік трансформациялар мен әлеуметтік өзара әрекеттегі жаңа өлшемдердің қабылдағыш, бейімделгіш қаситтерінен бөлек оның гибридті, әмбебап әрі жылдам толыққыш болуы оның артықшылықтарымен қатар кешіліктерін де қамтитындығын, оң қаситеттердің өзі теріс салдарға алып келетіндігін естен шығармауымыз керек. Цифрлық дискурстың негізгі ерекшеліктерін, белгілерін анықтау, оларды зерттеу мен үнемі талқылау, сүзгіден өткізіп отыру оның бүгінгі ұрпақ тілінен бастап ертеңгі ұлт тілінің өзегіне, формасына қауіп төндірмеуіне, құлдыратпауына жол бермеу үшін қажетті.

**Әдебиет**

1. Райан Майкл Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 бет.

2. Jannis Androutsopoulos Mediatization and Sociolinguistic. 2014 https://www.researchgate.net/publication/331927025_Mediatization_and_Sociolinguistic_Change

3. John J. Gumperz Discourse Strategies Cambridge University Press, 1982 г. – 225 p. https://books.google.kz/books?id=aUJNgHWl_koC&printsec=frontcover&hl=ru#v=onepage&q&f=false

**Ә.Ж. ҰЛЫҚПАНОВА**
*магистр, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы*

## ӘДЕБИ ДИСКУРСТЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ АВТОР МЕН ОҚЫРМАН АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ

Қазіргі таңда цифрлық коммуникация кеңістігінің қарқынды дамуы қоғамдағы барлық дискурстық практикаларға, соның ішінде әдебиетке де жаңа сипаттар әкелді. Әдеби дискурс – бұрын автор мен оқырман арасында мәтін арқылы жүретін біржақты бағыттағы қатынас түрінде танылып келсе, бүгінде ол интерактивті сипатқа ие болды. Әлеуметтік желі, блог, пікір алаңы, форум сынды сандық форматтарда автор мен оқырман арасындағы диалог тікелей, жедел, бейвербалды элементтермен (эмодзи, бейне, стори, реакция, т.б.) қанықкан коммуникативтік үдеріске айналды. Бұл өзгеріс – әдеби дискурстың трансформациялануының айқын көрінісі.

Әдеби дискурс мәселесі шетелдік ғылымда XX ғасырдың ортасынан бастап жүйелі түрде қарастырыла бастады. Бұл ретте Вольфганг Изердің «оқу актісі», «болжалды оқырман» ұғымдары, Ханс Роберт Яусстың рецептивті эстетикасы, Норман Фэрклофтың сындарлы дискурс-талдау үлгілері – қазіргі әдеби коммуникацияны түсінуге негіз бола алады. Ал отандық тіл білімінде дискурстық бағытта өнімді еңбек етіп жүрген зерттеушілер қатарында К.Қ. Садирова, Н.Қ. Құлтанбаева, Ш.Г. Абдирова есімдерін атауға болады. Ф.ғ.д., профессор К.Қ. Садирова өзінің еңбектерінде қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздерін зерттеді. Оның дискурсқа когнитивтік, құрылымдық және прагматикалық тұрғыдан келуі – бүгінгі цифрлық кеңістіктегі дискурстық қатынастарды сипаттауда маңызды теориялық тірек бола алады [1.].

Цифрлық ортадағы әдеби дискурстың ерекшелігі – оның үздіксіз диалогқа құруы мен оқырманның мәтінге тікелей ықпал ете алатын белсенділік формасында. Автор енді тек «мәтін жасаушы» ғана емес, оқырманмен тілдесіп отыратын «интерактивті тұлға» ретінде көрініс табады. Ал оқырман – тек қабылдаушы емес, пікір тудырушы, сыншы, рецензент, тіпті бірлескен автор рөлін де атқара бастайды. Осы өзгерістер аясында әдеби дискурстың трансформациясы – дәстүрлі әдеби қарым-қатынас үлгісінен мүлде жаңа, гибридті, цифрлық сипаттағы коммуникациялық модельге көшу екенін аңғартады. Мақалада осы өзгерістің себептері мен көріністері талданады. Әлеуметтік желіде белсенді әдеби процестің мысалында автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынастың дискурстық сипаты сарапталады. Сонымен бірге көркем мәтінді қабылдаудың жаңа формалары мен оқырман рөлінің кеңеюі де негізгі назарға алынады.

Цифрлық кеңістіктегі жаңа әдеби диалогты толық бағамдау үшін, ең алдымен әдеби дискурстың дәстүрлі моделі мен онда қалыптасқан автор мен оқырман арасындағы қатынас табиғатына шолу жасау қажет. Әдеби дискурс – бұл автор мен оқырман арасындағы мәтін арқылы жүзеге асатын күрделі коммуникативтік үдеріс. Дәстүрлі әдебиеттануда бұл қатынас көбінесе біржақты, яғни автордың ойы мен идеясы оқырманға жеткізіледі деген түсінік басым болды. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әдеби дискурсты қабылдау мен интерпретациялау мәселелері зерттеушілердің назарын аударды.

Вольфганг Изер өзінің «The Implied Reader» және «The Act of Reading» еңбектерінде оқырманның рөліне ерекше мән береді. Ол «болжалды оқырман» (implied reader) ұғымын енгізіп, мәтіннің мағынасы тек автордың ниетінде емес, оқырманның белсенді қабылдауында екенін дәлелдейді. Изердің пікірінше, мәтіндегі «бос кеңістіктерді» (gaps) оқырман өз танымымен толтырады, осылайша мәтіннің толық мағынасы қалыптасады [2, 34.].

Ханс Роберт Яусс та оқырманның рөліне назар аударады. Ол әдеби шығарманың эстетикалық әсері оқырманның тарихи-когнитивтік көкжиегіне байланысты екенін атап өтеді. Яусстың айтуынша, әрбір жаңа оқырман шығарманы өз дәуірінің контекстінде қабылдайды, бұл әдеби дискурстың үнемі жаңарып отыруына себеп болады [3, 67.].

Дискурс пен әлеуметтік құрылым арасындағы байланысты зерттеген Норман Фэрклофтың көзқарастары қазіргі әдеби дискурстың медиаландыру үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. Ол сыни дискурс-талдауда ресми тілдік құрылымдардың күнделікті тұрмыстық дискурспен араласуы, дискурстың интермәтіндік сипаты, сондай-ақ тіл арқылы идеологияны тарату тетіктерін анықтай отырып, дискурстың әлеуметтік табиғатына терең талдау жасайды. Бұл теория цифрлық кеңістіктегі әдеби мәтіннің билік, ықпал ету, және оқырманмен қатынас құралдары арқылы қалай өзгеретінін түсіндіруге негіз бола алады [4, 175.].

Қазақ әдебиеттануында да автор мен оқырман арасындағы қатынас мәселесі зерттеліп келеді. Зерттеуші Н.Ж. Кенжеғараев өз еңбектерінде тыңдаушының (оқырманның) рөліне ерекше мән береді. Ол әдеби шығарманың толық мағынасы тек автордың емес, тыңдаушының қабылдауымен де анықталатынын атап өтеді. Н.Ж. Кенжеғараевтың пікірінше, тыңдаушы шығарманың мазмұнын өз тәжірибесі мен танымына сүйене отырып интерпретациялайды, бұл әдеби дискурстың көпқырлылығын қамтамасыз етеді [5, 13].

Цифрлық кеңістіктегі әдеби дискурстың ерекшеліктері – дәстүрлі модельден мүлде өзгеше сипаттарымен, автор мен оқырман арасындағы қатынастың жаңа формаларымен, сондай-ақ медиатехнологияның ықпалымен қалыптасқан жаңаша коммуникациялық үлгісімен ерекшеленеді. Цифрлық дәуірдегі әдеби дискурс дәстүрлі мәтіндік қатынастан жаңа коммуникативтік кеңістікке ойысты. Бұл кеңістікте әдеби шығарма тек баспа форматында емес, желілік формада – Instagram, Facebook, Telegram, YouTube, Wattpad, TikTok сынды платформаларда да өмір сүреді. Мұндай өзгеріс автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасқа ғана емес, көркем мәтіннің өз құрылымына, тіліне, стилистикасына да ықпал етіп отыр.

Цифрлық кеңістікте автордың тұлғасы – тек көркем мәтін арқылы емес, өзінің жеке парақшасы, фотосуреттері, бейнежазбалары, тікелей эфирлері, пікірлерге жауабы арқылы қалыптасады. Осы тұрғыда әдеби дискурс енді мәтін ішіндегі қатынаспен шектелмей, мәтіннен тыс контекстермен (постинг стилі, сторис, визуалды қатар) толықтырылады. Мысалы, қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері – Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Танакөз Толқынқызы, т.б. секілді авторлар өз шығармаларын Instagram мен Facebook парақшаларында жиі жариялайды. Бұл платформалардағы оқырманмен байланыс – пікір жазу, репост жасау, stories арқылы туындыға реакция білдіру – әдеби дискурстың жаңа формасын қалыптастырады.

Оқырманның рөлі де түбегейлі өзгерді. Цифрлық ортада ол енді тек қабылдаушы емес, пікір айтушы, сыншы, мем жасаушы, тіпті шығармашылықты бірлесе дамытуға қатысушы тұлғаға айналды. Мәтінге деген көзқарас тек эстетикалық емес, саяси, әлеуметтік, гендерлік тұрғыдан да айтылады. Бұл – әдеби дискурстың поливокалды, көп үнділік сипатын арттырады.

Әдеби коммуникацияда эмоционалды, бейнелік тіл белсендірек қолданылады. Эмодзи, стикер, қысқартылған сөздер, тіпті бейнефрагменттер – мәтін мағынасын жеткізудің жаңа дискурстық құралдарына айналды. Бұл – дәстүрлі тілдік стильден алыстау көрінуі мүмкін, бірақ әдеби дискурстың гибридті табиғатын айқындайды. Осы құбылыстарды медиалингвистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика

тұрғысынан сипаттауға бағытталған алғашқы қадамдар қазақ тіл білімінде енді ғана бой көтеріп келеді. Мәселен, PhD Ш.Г. Абдирова өз зерттеуінде дискурстың көп деңгейлі құрылымын (формалды, мазмұндық және мәнмәтіндік), сондай-ақ дискурс тудыратын экстралингвистикалық факторлар мен коммуникативтік интенцияны саралап көрсетеді. Оның тұжырымынша, дискурс – тек мәтін емес, әлеуметтік мәнмәтін, адресаттың фондық білімі, қатысушылардың ниетімен ұштасып, пәнаралық сипатқа ие болатын тілдік әрекет формасы [6, 21.].

Цифрлық кеңістіктегі автор мен оқырман арасындағы әдеби диалог әдеби дискурстың интерактивті, серпінді сипатқа ие болғанын көрсетеді және бұл құбылыс қазіргі поэзияда нақты мысалдармен айқындалады. XXI ғасырдың әдебиетіне тән басты ерекшеліктердің бірі – автор мен оқырман арасындағы қатынастың түбегейлі өзгеруі. Бұрын бұл қарым-қатынас негізінен «мәтін – оқырман» үлгісінде, біржақты бағытта жүрсе, қазір бұл модель көпжақты, интерактивті жүйеге айналды. Цифрлық платформадағы әдеби дискурс енді диалогтық қатынасқа, оқырманмен тікелей және жанама деңгейдегі өзара әрекетке негізделуде.

Әдебиет және әлеуметтік желі арасындағы байланысты нақтылай түссек, қазіргі әдеби мәтін тек қағазда өмір сүрмейді – ол әлеуметтік желілер арқылы жарияланып, қабылданады, оқылады, бағаланады, қайта таратылып, визуалды түрде жаңаша өмір сүреді. Facebook, Instagram, TikTok, Telegram сияқты платформаларда әдеби мәтіндер тек оқылмайды – олармен сөйлеседі, пікірлеседі, олар туралы ойланады. Осы үдеріс дискурстың жаңа деңгейін – интерактивті әдеби диалогты тудырады.

Авторлық тұлғаның трансформациясы: Бүгінгі күннің ақыны немесе жазушысы оқырманға тек мәтін арқылы емес, өзінің әлеуметтік желідегі парақшасы, бейнежазбасы, репликасы, пікірлерге берген жауабы, стористегі ойтолғауы арқылы танылады. Ақын тек «жазушы» ғана емес, медиатұлғаға айналған. Бұл автордың өзіндік дискурстық тұлғасын қалыптастырады. Мысалы, Instagram желісіндегі заманауи қазақ ақындарының парақшаларын қарастырғанда, олардың посттары көркем мәтін, философиялық ой, күнделік жазба, пікірталас алаңы ретінде көрінеді. Бұл – әдеби дискурстың бұрын болмаған жаңа форматы.

Оқырман рөлінің кеңеюі: Бүгінгі оқырман – енжар қабылдаушы емес. Ол – белсенді қатысушы. Мәтінге пікір қалдырады, оны бөліседі, бейнежазба жасайды, мемге айналдырады, кейде тіпті жауап ретінде өз шығармасын жазады. Мысалы, Instagram платформасындағы бір ақынның өлеңіне жазылған жүздеген пікірлердің ішінде «көңілімдегіні айттыңыз», «сіздің өлеңіңізді оқып жыладым», «осы өлеңіңізге қарап бұрынғы махаббатымды есіме алдым» деген сияқты жеке қабылдау, интерпретация, эмоционалды реакциялар бар. Бұл пікірлер – әдеби диалогтың дискурстық жалғасы. Поэтикалық мәтіндердің әлеуметтік желідегі өмірі: бұл – тек жарияланым ғана емес, кеңейтілген мәдени кеңістікте қайта тірілетін, оқырманмен арада жаңа мағыналар тудыратын динамикалық әдеби дискурс формасы. Цифрлық кеңістікте поэзияның өмір сүру формасы мен оқырманмен байланыс тәсілі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл құбылысты нақты мысалдар арқылы зерделеу қазіргі әдеби процестегі дискурстық қатынастың күрделенгенін айғақтай түседі.

Ақберен Елгезектің «Сені ешкімге бермеймін, сұрамасын» [7.] атты лирикалық өлеңі TikTok платформасында кең таралып, мыңдаған қолданушы оны бейнефрагменттерге фондық мәтін ретінде пайдаланды. Мұндай қолданыс поэзияны жеке эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, визуалдық эмоциямен қабаттаса ұсынылатын медиалық тәжірибеге айналдырды. Оқырман мұнда тек өлеңді қабылдаушы емес, оны бейнеқатармен үйлестіріп қайта таратушы, яғни мәтінге қосымша мән үстейтін ортақ авторға айналды. Бұл жағдай әдеби дискурстың «кооперативті» сипатын – яғни автор мен оқырман арасындағы мағыналық бірлесу әрекетін айқын көрсетеді. Мұнда мәтін автордан оқырманға қарай біржақты емес, керісінше қос тарап та мағына жасаушы субъекті ретінде белсенді әрекет етеді.

Танакөз Толқынқызының «Махаббат туралы жырлауға да болады, махаббат туралы билеуге де болады» [8.] деген жолдарынан тұратын өлеңі Facebook желісінде оқырмандар тарапынан ерекше қызығушылықпен қабылданды. Пікір жазушылар бұл поэтикалық жолдарды тек нәзік лирика ғана емес, өмірлік философияның нышаны ретінде таныды. Кейбір қолданушылар осы мәтінге жауап ретінде өз жүрек сырымен бөлісіп, тіпті өз өлеңдерін жариялаған. Бұл жағдайда әдеби мәтін диалогтық кеңістікке айналып, автор мен оқырман арасында тек танымдық емес, эмоциялық рефлексиялық дискурс өрбіді. Мұндағы оқырман – тек бағалаушы емес, интерпретация жасаушы, мәндік жалғастырушы. Осылайша, әдеби дискурс рефлексивті сипат алады: әрбір қабылдаушы өз әлемін, ішкі сезімін мәтінмен үндестіріп білдіреді.

Ерлан Жүністің «Қарашы, қар түсіпті… қар алғашқы» [9.] атты өлеңі де әлеуметтік желіде маусымдық эстетикалық символ ретінде танылып, кең таралды. Қар жауған алғашқы сәттерде Instagram және Facebook қолданушылары осы өлең жолдарын суретпен немесе бейнекөріністен бірге жариялау арқылы поэзияны көркемдік тәжірибеге айналдырды. Мұнда өлең мәтіні маусымдық табиғат көрінісімен қосылып, эстетикалық қабылдаудың жаңа формасына өтті. Бұл – интермедиалды дискурс формасы: яғни поэтикалық мәтін мен визуалдық образ бір-бірін толықтырып, жаңа мағына туғызады. Осы кеңістікте поэзия тек оқылатын емес, «көрсетілетін» және «естілетін» өнерге айналды.

Жоғарыда келтірілген мысалдар бүгінгі әдеби дискурстың дәстүрлі форматтан алыстап, цифрлық және мультимедиялық кеңістікке икемделе отырып дамып жатқанын дәлелдейді. Бұл процесте поэтикалық мәтіннің мәні енді тек авторлық интенциямен емес, оқырман тарапынан көрсетілетін реакция, интерпретация және бірлескен шығармашылық арқылы қалыптасады. Осылайша, әдеби дискурс енді – тұйық мәтін емес, ашық, диалогтық, көпвокалды кеңістік.

Дискурстың мультимодальды сипаты: Бұрын әдеби дискурс – тіл арқылы ғана жүзеге асатын мәтіндік байланыс болатын. Ал қазіргі форматта мәтінге эмодзи, стикер, визуалды образ, тіпті музыкалық сүйемелдеу қосылады. Бұлар оқырман эмоциясын нақтылай түседі. Осы құралдардың барлығы – бүгінгі әдеби диалогтың толыққанды құрамдас бөлігі.

Тұжырымдайтын болсақ, бұл трансформацияны тек техникалық эволюция деп қарастыру – үстірттік болар еді. Цифрлық кеңістікте пайда болған автор мен оқырман диалогы – жаңа әдеби парадигманың белгісі. Мұнда бұрынғыдай мәтін үстем емес, қарым-қатынас үстем. Бұл – әдебиеттің тек көркем өнер ретінде емес, коммуникативтік құбылыс ретінде де бағалануы керек деген идеяны алға тартады.

Цифрлық медиамәдениеттің дамуы бүгінгі әдеби дискурсты бұрынғыдан мүлде өзгеше кеңістікке алып келді. Әдеби коммуникация енді тек автор мен мәтін арасындағы біржақты процесс емес, автор мен оқырманның белсенді, динамикалық диалогына құрылған күрделі жүйе ретінде қалыптасып отыр. Бұл үдеріс қазіргі қазақ поэзиясында айқын байқалады.

Әлеуметтік желілерде белсенділік танытып жүрген Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Танакөз Толқынқызы сынды заманауи ақындардың шығармашылық тәжірибесі арқылы қазіргі әдеби дискурстағы өзгерістер нақты мысалдармен айқындалды. Бұл авторлардың шығармалары желіде жарияланып қана қоймай, оқырман тарапынан интерпретацияға түсіп, жаңа мағыналық қабаттарға ие болуда. Цифрлық кеңістікте поэтикалық мәтін визуалды, аудиалды, бейнеформатқа икемделіп, оқырмандық қабылдаудың жаңа үлгілерін қалыптастырды.

Зерттеу нәтижелері бірнеше маңызды қорытынды жасауға негіз береді:

Біріншіден, әдеби дискурс өзінің құрылымдық шекарасын кеңейтті. Қазір көркем мәтіннің өмір сүру формасы тек кітаппен шектелмейді; ол онлайн жарияланым, әлеуметтік желідегі жазба, TikTok-тағы видеопоэзия, стористегі лирикалық үзінді, пост астындағы пікірлермен бірге қабылданады.

Екіншіден, оқырман бейнесі өзгерді. Ол енді автор ойының пассив қабылдаушысы емес, белсенді реципиент. Оқырман поэтикалық мәтінмен сөйлеседі, жауап жазады, ремикс

жасайды, эмоциялық, прагматикалық, кейде тіпті саяси интерпретациялар ұсынады. Бұл – постмодерндік мәдениетке тән көп үнділік пен ашықтықты растайтын құбылыс.

Үшіншіден, автордың өзі де жаңаша типке айналды. Ол – шығармашылық иесі ғана емес, медиатұлға, желілік контент жасаушы. Автордың жеке парақшасы, онлайн эфирлері, жазбаларға берген реакциялары оның шығармашылық бейнесінің бір бөлігі ретінде қабылданады. Бұл жағдай көркем шығарманың қабылдану шеңберін кеңейтеді әрі әдебиеттің әлеуметтік ықпалын арттырады.

Төртіншіден, әдеби дискурс гибридті және мультимодальды сипатқа ие болды. Эмодзи, бейне, аудиофайл, сурет, пікір, хэштег, сторис – бұлардың бәрі де мәтіннің мәнін анықтауға немесе толықтыруға қатысады. Әдебиет енді таза тілдік құбылыс қана емес, коммуникациялық және мәдени әрекет формасы ретінде танылады. Осы бағыттағы өзгерістер нақты мысалдар негізінде жүйеленіп, қазіргі әдеби процесте дискурстық құрылымның күрделене түскені байқалды. Жаңа әдеби кеңістікте көркем мәтін тек эстетикалық құрылым ғана емес, өз уақытымен тікелей диалогқа түсе алатын әлеуметтік феноменге айналып отыр. Зерттеу аясында жасалған байқаулар әдеби дискурстың тек мәтіндік кеңістіктегі емес, мәдени, әлеуметтік, технологиялық факторлармен тығыз байланыста дамып жатқанын көрсетті. Бұл үдеріс тек бүгінгі уақытты сипаттап қоймайды, сонымен бірге болашақтағы әдеби процестерге бағыт-бағдар да сілтейді. Сондықтан әдеби дискурстың трансформациясын одан әрі зерттеудің бірнеше маңызды бағыты айқындалуда. Алдымен, цифрлық поэзияның визуалды дискурс құралдарын жүйелі түрде зерттеу қажеттігі туындайды. Қазіргі таңда бейне, фото, рилс форматында ұсынылатын поэзиялық өнімдер мәтіннің тек тілдік құрылымын емес, көрнекілік арқылы берілетін әсерін де күшейтеді. Бұл құбылыс поэтикалық тілдің семиотикалық өрісін кеңейтіп, жаңа қабылдау моделін тудырады. Мұндай материалдардағы бейнелік қатар мен метафоралық құрылымның қатынасын зерттеу – бүгінгі әдебиеттанудың жаңа міндетіне айналып отыр.

Сондай-ақ жас ақындардың аудиториямен байланысын, олардың шығармашылығының әлеуметтік желіде қабылдану сипатын талдау – қазіргі әдеби процесті әлеуметтанулық тұрғыдан түсінуге жол ашады. Жас авторлардың жазу стилі, тілдік құралдары, тақырып таңдауы көп жағдайда оқырманмен тікелей қарым-қатынасқа тәуелді болатыны байқалады. Осы бағытта қабылдау мәдениеті мен эстетикалық сұраныстың өзгеру динамикасын қадағалау – әдебиеттегі жаңару үрдісін тануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желідегі оқырман комментарийлерін дискурстық-функционалдық тұрғыдан зерделеу де өзекті болмақ. Пікірлер тек қабылдау формасы ғана емес, мәтінмен арада қалыптасатын диалогтық кеңістіктің құрамдас бөлігі. Ол арқылы оқырман тек реакция танытпайды, сонымен қатар шығарманы қайта кодтап, мағыналық қабатын кеңейтеді. Осыған байланысты прагмалингвистика, сөйлеу акт теориясы, эмоциялық тілдік бірліктерді зерттеу тәсілдері маңызды орын алады.

Бұл ретте, TikTok, Instagram Reels, Facebook, сондай-ақ Instagram мен Telegram-дағы пост түріндегі әдеби мәтіндерді талдау қазіргі цифрлық әдебиеттің поэтикалық және жанрлық дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл платформаларда қалыптасып жатқан шығармашылық әдістер, жанрлық ерекшеліктер мен оқырманмен жұмыс істеудің жаңа тетіктері дәстүрлі әдеби өлшемдермен қатар қарастырылуы тиіс. Осы бағыттар бойынша кешенді әрі пәнаралық зерттеулер жүргізу – бүгінгі әдебиеттанудың ғана емес, тұтас гуманитарлық білімнің заманауи талаптарына жауап беретін маңызды қадам болмақ.

**Әдебиет**

1. Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. – 428 б.

2. Wolfgang Iser. The Implied Reader: Patterns of Communication in Prose Fiction from Bunyan to Beckett. Baltimore: Johns Hopkins University Press, 1974. – 303 p.

3. Hans Robert Jauss. Toward an Aesthetic of Reception. Minneapolis: University of Minnesota Press, 1982. – 231 p.

4. Norman Fairclough, Isabela Fairclough. Political Discourse Analysis: A Method for Advanced Students. London: Routledge, 2012. – 266 p.

5. Кенжегараев Н.Қазақ әдебиетіндегі автор мен тыңдаушы (XV-XVIII ғғ.) [Мәтін] : филология ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. автореферaты мамандығы бойынша 10.01.02 - қазақ әдебиеті / Н. Д. Кенжегараев ; [ғыл. жетекші М. Мырзахметұлы]; М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты... – Түркістан: [б. ж.], 2007. – 24 б.

6. Абдирова Ш.Г. Қазақстандық идеологиялық дискурс және «Рухани жаңғыру» концептісі / 6D020500 – Филология; Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ақтөбе, 2023.

7. Instagram.com платформасындағы @akberen_elgezek парақшасы. Жарияланым күні: 2024 ж. 3 желтоқсан.

8. Facebook.com платформасындағы @tanakoz.tolkynqyzy парақшасы. Жарияланым күні: 2023 ж. 8 наурыз.

9. Facebook.com платформасындағы @yerlan_zhunis парақшасы. Жарияланым күні: 2023 ж. 27 қараша.

**МАЗМҰНЫ**

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

*Н.Н.Зеркина*
К ВОПРОСУ ОБ АКТУАЛЬНОСТИ ИЗУЧЕНИЯ
АНТРОПОНИМИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....3

*З.Ф.Шайхисламова*
ФОЛЬКЛОР ДИСКУРСЫНДА УҠЫУ, БЕЛЕМ МЕНӘН БӘЙЛЕ
БАШҠОРТ ХАЛЫҠ МӘҠӘЛ, ӘЙТЕМДӘРЕ.....6

*Б.Ж.Курманова, Д.Д.Ақмалай-Рахманова*
ТИПЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ КОНФЛИКТОГЕНОВ В РОМАНАХ-ЭПОПЕЙ
М.АУЭЗОВА «ПУТЬ АБАЯ» И И.С.ИВАНОВА «ВЕЧНЫЙ ЗОВ»:
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ .....9

*К. Қ.Садирова*
МӘТІНАРАЛЫҚ, ДИСКУРСАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16

*С.С.Исакова*
ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ.....20

## ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ

*З.М.Биржанова*
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДИСКУРСТЫҚ МАРКЕРЛЕР:
ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....26

*Г.Ж.Есенова*
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИСКУРС ТАЛДАУЫ: ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН
БАҒЫТТАРЫ.....28
*А.А.Есмаганбетова, Ж.А. Таушанбаева*
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИСКУРС
МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ.....29

*М.Т.Куштаева*
ЭТНОНИМДЕРДІҢ МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН
КОГНИТИВТІ НЕГІЗДЕРІ.....33

*М.О. Миров*
НЕЙРОЛИНГВИСТИКА МЕН ДИСКУРСТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ.....36

*Д.Ж.Мутигуллина*
ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИСКУРСЫ.....41

*Е.В.Тулина, Е.Д.Тулина*

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ КОМПОНЕНТЫ ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....43

*Н.А.Садуакас, Г.А.Нұрғазы*
ІШКІ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ІШКІ ДИСКУРС: ТІЛДІК САНА ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....46

*С.Ш.Сарсенбаева*
КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ: ДИСКУРСТЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ.....52

*Р.Т.Сиюмова*
ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ДИСКУРС ҰҒЫМЫНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ.....55

**ДИСКУРС МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАС**

*Д.Д. Бекниязова*
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....58

*Р.К.Жангалиева*
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ДИСКУРС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....61

*А.А.Колбаева*
МЕКТЕПТЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ: КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.....63

*Г.С. Обаева*
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ИНТЕРТЕКСТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ДИСКУРСЫ (Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ НЕГІЗІНДЕ).....65

*К.С.Отарбаева*
ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТЕГІ ДИСКУРСТЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....69

*Г.Өтешова, К.К.Садирова*
АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АУЫЗША ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ.....72

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС: ОҚУ ДИСКУРСЫ, ЛИНГВОДИДАКТИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*Г.У.Ажибаева*
БІЛІМДІ ЖЕТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТІЛДІ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС НЕГІЗІ.....77

*Ш.Г.Абдирова,А.Ж.Машбаева*

ТІЛДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ДИАЛОГТЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....79

*А.А.Алмуханова*
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: КАК УЧЕБНЫЙ ДИАЛОГ И ТЕХНОЛОГИИ ФОРМИРУЮТ БУДУЩЕЕ УЧЕНИКОВ.....81

*С.С. Байдрахманов*
ҮЗІЛІССІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНУЫ.....86

*Д.Д.Бисмильдина, Ж.Ж.Сергазина*
ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА.....90

*А.С.Бурамбаева*
ДИСКУРСИВНЫЙ ПОДХОД В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОЙ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ.....93

Т.В.Гасленко
ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО ДИСКУРСА.....95

Е.В.Горбунова
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ.....101

С.Н.Дик
ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ: ДИСКУРСИВНЫЕ АСПЕКТЫ И РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ.....106

*Г.С.Ермекбаева*
ИНТЕРАКТИВТІ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ.....111

*А.Д. Жалимбетова*
«ОҚУШЫ ДИСКУРСЫ» ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТАЛДАУ: ЭССЕ ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....114

*А.З. Жанғылыш*
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ.....119

*Г.С.Жолдыбаева*
ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....122

*D.Zhumagul*
PLURILINGUAL PEDAGOGICAL DISCOURSE IN THE DIGITAL AGE: CHALLENGES, COGNITIVE STRATEGIES, AND TECHNOLOGICAL

MEDIATION IN ESL CLASSROOMS…….....125

*Э.М.Жумахметова*
ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ЕДИНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА НА ОСНОВЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....131

*С.А.Жусипов*
АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ДИСКУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ
(ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҒЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....136

*T.A.Zubkova*
FOSTERING INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE IN EFL CLASSROOMS: NAVIGATING DIGITAL AND SOCIAL DISCOURSE.....138

*М.А. Иламанова*
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ НЕГІЗДЕРІ.....144

*D.D.Isagulova, K.M.Rakhova*
CREATIVE METHODS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE…….....149

*Ш.С.Искакова*
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУ ДИСКУРСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ.....153

*Б.Е.Канаева*
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ.....155

M.Z.Karshigina
VIDEO-BASED LANGUAGE LEARNING: ENHANCING PRONUNCIATION AND SPEECH FLUENCY IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION.....158

*Г.Қ.Конкабаева*
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ- БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ НЕГІЗІ.....162

А.А.Кунакбаева
ЦИФРОВОЙ ДИСКУРС В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: КАК ПОНЯТЬ И НАПРАВИТЬ ОНЛАЙН-КОММУНИКАЦИЮ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....165

*А.С.Кушкимбаева, Г.Қ.Оразова*
КЕЙІПКЕР ОБРАЗЫН АШУДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ РӨЛІ.....171

*Е.Г.Макарова*
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВОГО ДИСКУРСА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАУЧНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ФИЗИКИ.....172

*А.Ж.Машбаева*

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ.....176

*З.М.Молдабаева , А.Қ.Айтбенбетова, Н.К.Култанбаева, А.Ә.Иманғазина*
КИНО ДИСКУРСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....180

*Ә.С.Мырзадиова*
ДИСКУРС: МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАС ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА.....185

*Ю.В.Пилипенко*
РАЗВИТИЕ SOFT SKILLS НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО ДИСКУРСА.....189

*А.С. Раманкулова, Ж.Н. Нурбекова*
УПРАВЛЕНИЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕМ «ПРЕПОДАВАТЕЛЬ-СТУДЕНТ» В ВИРТУАЛЬНОМ ДИСКУРСЕ.....194

*Ж.Б.Сансызбаева*
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ДИСКУРСЫНДАҒЫ РӨЛІ.....200

*С.Е.Сапанова*
ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ДИСКУРСТЫҚ ТӘСІЛДІҢ РӨЛІ.....202

*Г.Т.Суханова*
МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ДИСКУРС: ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ.....205

*Б.Ж.Улыкпанова, Н.Н.Сабырова*
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС: ТӘРБИЕШІ МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТ.....208

*Г.Б.Шынбергенова*
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР.....212

*Т.О.Яцук*
РОЛЬ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: ВЗГЛЯД ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА И ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....215

**ДИСКУРСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

М.С.Бақытжан
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДИСКУРСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР: ТІЛ МЕН ТАНЫМ ТОҒЫСЫ.....221

*Г.Б.Жылқыбаева*
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....223

*Л.Е.Ниязгалиева*
ӘДЕБИ ДИСКУРСТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ: МӘТІН МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....225

*А.Ока*
ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ДИСКУРСТЫ ТҮСІНУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ.....227

G.S. Khabibullina
INTEGRATING PSYCHOLOGICAL AND PHILOSOPHICAL APPROACHES INTO PEDAGOGICAL PRACTICES OF ENGLISH DISCOURSE.....231

**ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРС ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА, ОНЛАЙН КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕГІ ДИСКУРСТЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*К.Г.Абдирова*
ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ ДИСКУРСЫ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТІН ДАМЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....233

*А.К.Ажымбаева*
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МЕДИАМӘТІН АРҚЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ДИСКУРСТЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ.....236

*А.М.Габдушева*
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....238

*Р.У.Данабаева*
ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ӘДЕБИ ДИСКУРС: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОНЛАЙН ӘДЕБИ ТАЛҚЫЛАРЫ.....240

*С.С.Какимова*
ДИСКУРСА В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНЫХ МЕДИА И ОНЛАЙН КОММУНИКАЦИИ.....242

*А.Ока, Ж.Дәурен*
ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРС: ТІЛДІК ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕГІ ЖАҢА ӨЛШЕМДЕР.....244

*Ә.Ж.Ұлықпанова*
ӘДЕБИ ДИСКУРСТЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ АВТОР МЕН ОҚЫРМАН АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ.....248